

ӘЛ-ҒАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

**ПРОФЕССОР ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ
ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 8 желтоқсан, 2023 жыл

Алматы - 2024

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

**ПРОФЕССОР ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ
ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 8 желтоқсан, 2023 жыл

Алматы - 2024

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

Ғылыми редакторы

Л. Мұсалы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

А 13 Профессор Жанғара Дәдебаев және әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 8 желтоқсан, 2023 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Ұ. Байлиева, Б. Даутова, А. Кенжеқожаева, А. Муратова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024. – 149 б.

Жинаққа әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың 75 жасқа толуына арналған «ПРОФЕССОР ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енді. Конференцияға еліміздің көрнекті абайтанушы ғалымдары, әдебиеттанушылар, қоғамдық-гуманитарлық ғылым өкілдері қатысты. Конференцияны ұйымдастыру комитеті конференцияда құттықтау лебіз білдірген, сөз сөйлеген, баяндама жасаған тұлғаларға разылығын білдіреді.

Жинақ филология жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жастарға, магистранттар мен докторанттарға, жас ғалымдарға, әдебиетші мамандарға арналған.

ISBN 978-601-08-4074-4

**ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)**

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2024

КІРІСПЕ СӨЗ

ЖАНСЕЙІТ ҚАНСЕЙІТҰЛЫ ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректор

ТАЛҒАМЫ БИІК ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМ

Талғамы биік әдебиет зерттеушісі, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырып, өнегелі істерімен ел зиялысына айналған тұлғаларымыздың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры Дәдебаев Жанғара Дәдебайұлы.

Жанғара Дәдебаев Тараз қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищеде арнаулы білім алды, ауыл мектебінде екі жыл бастауыш сынып мұғалімі болды, Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірді. Аспирантурада, докторантурада (АҒК) ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді, Педагогикалық шеберлікті арттыру институтында, М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Біліктілікті арттыру факультетінде білім жетілдірді.

Алғашқы әдеби-сын мақалаларын үшінші курста студент болып жүріп баспасөзде жариялай бастады. Сол тұста жаңа көрініп, әдеби дүниелері енді жарық көре бастаған жас сыншылардың арасында көрнекті қазақ ақын-жазушыларының, университеттегі ұстаздарының назарына ілікті.

Ақын Тұманбай Молдағалиев, профессор Зейнолла Қабдолов үлкен әдеби жиындарда, әдеби жыл қорытындыларында жас сыншының алғашқы аяқ алысына қуанып, тырнақалды туындыларына ақ батасын берді. Үлкен қаламгер ағалары жолын ашты. Ол ұстаздарының бағыттауымен ғылымдағы зерттеу нысанын тапты. Оның таңдаған нысаны заңғар қаламгер, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов шығармашылығы болатын.

Жанғара Дәдебаев бүгінгі күнге дейін өзі таңдап алған әдебиеттану ғылымындағы күре жолынан жаңылған жоқ. Абай шығармашылығы мен Әуезов суреткерлігін зерттеуді мақсат еткен ғалым осынау бағытта іргелі зерттеулер жазып, қазақ әдебиеттану ғылымына, қазақ әдеби сынына зор үлес қосты. Бүгінде ол – 900-ге жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу-әдістемелік сипаттағы еңбектердің авторы. 27 ғылым кандидаты мен докторын даярлады. Жеке авторлығымен 37 кітап, тең авторлар ұжымы құрамында 22 кітап (монография, оқулық, оқу құралдары, жинақтар), ғылыми жетекшілігімен,

жалпы редакциясын басқаруымен, авторлық қатысуымен көп томдық төрт сериялық басылым жарық көрді. Аталған сериялар бойынша жарық көрген еңбектердің саны 100 томнан асады. Бұларға қоса 20 электрондық көрме, 1 интеллектуалдық е-ресурстар базасы жасалып, көпшіліктің еркін пайдалануына ұсынылды.

Әдебиетші ғалымның зерттеулері М. Әуезов, Абай шығармашылығымен астасып жатыр. Тұңғыш әдеби-сын кітабы 1988-ші жылы «Жазушы» баспасынан «Шымырлап бойға жайылған» деген атпен жарық көрді. Бұл кітап қалың қазақ оқырманының назарын бірден өзіне аударды. Әдеби сында да жоғары бағасын алды. Тілі құнарлы кітаптың композициялық құрылымы жүйелі, тақырыптық ауқымы кең болды. Ең бастысы, сол тұстағы қабырғалы қазақ қаламгерлерінің тұтас шығармаларын жан-жақты талдап, таразылап, сын тезінен өткізген жас сыншының қолтаңбасы тайға таңба басқандай анық көрінді.

Осы еңбектен кейін талғампаз ғалым ізін суытпай «Мұхтар Әуезов», «Ғабиден Мұстафин» атты жеке-жеке зерттеу, әдеби-танымдық кітаптарын жарыққа шығарды. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылық лабораториясын тереңнен қаузайтын, суреткердің ойлау, көркемдік жинақтау, астарлы бейнелеу сырын ашатын еңбек жазды. Ұлы суреткердің бұған дейін беймәлім болып келген қаламгерлік ізденістерінен терең мағлұмат беретін, жаңаша пайымдаулар әдебиетшілер мен әдебиеттанушыларды елең еткізді.

Араға бір жыл салып, 1991 жылы «Ғылым» баспасынан Жанғара Дәдебаевтың «Өмір шындығы және көркемдік шешім» атты іргелі, сүйекті зерттеу кітабы жарық көрді. Осы монографияның негізінде 1992 жылы ҚазҰУ-да академик З. Қабдоловтың кеңесімен докторлық еңбегін қорғады. Бұл еңбек тек қана Әуезов шығармашылығын түбірлеп зерттеген ғылыми жұмыс қана емес, жалпы қазақ әдебиетіндегі іргелі-кейінді жазылған тарихи тақырыптағы бір шоғыр көрнекті жазушылардың ірі-ірі шығармаларын салыстыра зерттеген тұңғыш монографиялардың бірі болды.

Монографияда «Көркем шығарма және оның тарихи негізі», «Көркем шығарма және оның этнографиялық негізі», «Көркем шығарма және оның фольклорлық негізі», «Көркем шығарма және оның әдеби негізі» атты төрт тарау қамтылған. Бұл зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымындағы шығармашылық үдерістің, жекелеген көркем туындының құпиясын, болмысын, ішкі мазмұнын, автордың жазушылық еңбегін терең талдайтын, бүгінгі күн биігінен бағамдайтын аса құнды еңбектердің көшін бастады. Тұтас ғылыми мектептің негізін қалаған, кейіннен бірнеше буын зерттеушілерге, өзінің шәкірттеріне бағыт-бағдар сілтеген, жаңашыл зерттеу арнасын қалыптастырған көп қатпарлы, көп қырлы күрделі еңбек болды.

Осындай құнарлы, жемісті бағытынан айнымаған ғалым «Мұхтар Әуезов», «Жазушы еңбегі», «Менің университетім: зерттеулер мен зерделеулер», «Таңдамалы шығармалар», «Қазақ әдебиеті. Лекциялар курсы. Екі томдық», «Тақырып және идея», «Абайдың антропологиясы», «Шешендік өнер теориясының негіздері», «Майкөт Сандыбайұлының ақындығы»,

«Абайдың шығармашылық даралығы», «Абай ілімі» т.б. сүбелі зерттеу еңбектерін жарыққа шығарды. Бұл монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары – бүгінгі оқу үдерісіне аса қажет рухани басылымдар. Сондықтан, университет студенттерінің қолынан түспей келе жатқан құнды дүниелер ретінде бағасын төмендеткен жоқ. Осы еңбектердің ішінде оқырмандар мен білім алушылар сұранысы бойынша бірнеше рет қайта басылып шыққандары да бар.

Өнімді еңбек ететін, ылғи ізденіс үстінде жүретін, бір ғылыми мақала жазу үшін жүздеген әдебиет ақтаратын, соның дереккөздерін келтіретін, ғылымға адал, өзіне өте талапшыл ғалым-зерттеушінің осы жылдар аралығында бес жүзден аса тарихи-танымдық, әдеби-сын мақалаларын жариялағанын да атап өтсек артық болмайды.

Жанғара Дәдебайұлының тарихи-танымдық еңбектерінің құндылығын да қазақ оқырманы жоғары бағалады. Әдеби-көркем таным мен тарихи танымның терең сабақтастығын, алтын өзегін дәл ұстаған ғалым-зерттеуші пәнаралық байланыс, сабақтастық тұрғысынан көркем әдебиет пен ел тарихының белесті кезеңдерін, тарихи тұлғалар ғұмырын өрнекті тілмен баяндап беретін бірнеше зерттеу еңбектерін жазды. Бұл зерттеулерінде герменевтика ғылымының қазіргі заманауи әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалана отырып тақырыбын әр қырынан аша білді. Бұрын айтылмаған ақпараттық ғылыми-танымдық жаңалықтарды оқырман назарына ұсынып, тың деректерді сөйлетті.

Осы еңбектерінің ішінен әсіресе 2013 және 2020 жылы жарық көрген «Тараз өлкесі» атты монографиялық пайымдаулар, ойлар мен толғаныстарын топтастырған екі томдық кітабын ерекше бөліп айтар едім. «Аллаға мүнәжат» атты жан сырын тербейтін кіріспе сөзден басталған ойлар мен толғаныстар Тараз өлкесінің көне тарихынан сыр шертеді. Тарихи қала Таразға қатысты бұрын-соңды ғылыми айналымға енбеген сандаған дереккөздер, орта ғасыр жылнамалары, қытай, араб, парсы, орыс ғалымдарының сирек жазбаларында сақталған мәліметтерді алып шықты. Түркі ғұламаларының, ойшылдарының, шығыс шайырларының тасқа басылған өлең-жырлары мен кітаптарындағы ой-толғамдары, аңыз-әпсаналардағы, тарихи жырлардағы, ел ішіндегі абыз ақсақалдардан автордың өз қолымен жазып алған ескі әңгімелері, барлығы тарихи-танымдық еңбектің мәнін, маңыздылығын биікке көтерді.

«Біздің заманымыздың 27-ші жылы Қытайдың Баньгу деген тарихшысы Чжан-Кянның біздің заманымызға дейінгі жазбаларын пайдалана отырып, біздің заманымыздан бұрынғы 207-жылдан біздің заманымыздың 8-жылына дейінгі тарихты жазып бітіреді» – деп түйіндейді де, осы жылнамадағы Тараз, Талас тарихына қатысты мәліметтерді теңіз түбінен маржан тергендей төгілте баяндайды.

Екі мың жылдық тарихы бар әйгілі Тараз шаһарының шежірелі ғұмырнамасы, Ұлы Жібек жолының бойында, тоғыз тарап бағыттың тоғысында бой көтерген қазыналы қаланың талай алмағайып замандарға куә болған тыныс-тіршілігі, тұрғындарының тағдыры туралы әдеби-көркем баянды тебіренбей оқу мүмкін емес.

Елбасылар: Істемі қаған, Әулие Ата, Алаша хан; билер мен бектер: Қадырғали бек Қосымұлы, Төле би, Бөлтірік шешен, Байзақ датқа, Батырбек

датқа, Сыпатай би; қолбасылар: Күнтумыш батыр, Көшек батыр, Қойгелді батыр, Саңырық батыр, Жауғаш батыр, Өтеген батыр, Бауыржан батыр (Момышұлы); ірі-ірі шығармашылық тұлғалар: Мұхаммед Хайдар Дулат, Ұлбике, Майкөт, Жамбыл, Кенен туралы әдеби-тарихи зерттеулерінің барлығы бастан аяқ тың деректерге құрылған. Олардың қазақ өркениетіне қосқан мол үлесін, шығармашылық ізденістерін, керек болса әлемдік мәдениет пен руханият қазынасына қалдырған мұраларын аса бір перзенттік сүйіспеншілікпен ардақтай отырып, осынау ұлттық құндылықтарымыздың қадір-қасиетін тереңнен тартып түсіндіреді.

«Тараз өлкесінің» екінші кітабында тарихи аңыздардың түп тамырына, шығу деректеріне, әрбір елді мекеннің, тау-тастың, өзен-көлдің атауына, сол өңірде ғұмыр кешкен тарихи тұлғалардың өмірбаянына қатысты дереккөздерін ежелгі әдеби-тарихи ескерткіштерден, ХҮІІІ ХІХ ғасырлардағы әдебиеттерден, ел аузынан ұзақ жылдар бойы ел арасынан жалықпай, ұқыптап жинап, жазып алған автор тұтас бір өлкенің тарихын қайта тірілтеді.

Айша бибі, Тамды әулие, Ақыртас, Түймекент, Ақ төбе, Үлкен Бурыл, Кіші Бурыл, Тектұрмас, Шәйқорық, Ақ көл, Жиделі бұлақ, Әулие ата Қарахан, Қаратау, Талас, Бөрі қазған, Күйік асуы, Ақ кесене, тағы да басқа тарихи аңыздар – бүгінгі жас өркен, жас ұрпақ үшін таптырмас білім көзі. Автордың бұл кітабы әрбір студенттің, әрбір мектеп оқушысының қоржынында жүрсе де, жазу үстелінің үстінде болса да лайықты.

Ал 2007-жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген көлемді еңбегі «Адам және заман» деп аталады. Бұл кітаптың ішіндегі Адам ата, Анахарсис, Аристотель, Әбу Насыр әл-Фараби, Аттила, Тоныкөк туралы тарихи-көркем зерттеулерінде кездесетін ғылыми-зерттеу деректердің барлығы да ұзақ жылдардағы тынымсыз ізденістердің нәтижесінде табылған. Әрбір зерттеу мақаласының соңынан міндетті түрде көрсетіп отыратын дереккөздері, ғылыми сілтемелері, сандаған авторлар тізімінен ғалымның тапжылмай отырып бір ой-пікір үшін ондаған, жүздеген кітап ақтаратын қасиетін анық аңғарамыз.

Сонау, 1975 жылдан бері мен профессор Жаңғара Дәдебайұлының ғылымдағы еңбек жолын жақсы білемін. Ешқашан асықпайтын, аптықпайтын, кемерінен асып төгілмейтін, ақырын жүріп, анық басатын, өзінің ғылымына, ұстаздығына ақ адал еңбек етіп келе жатқан бекзат болмысты, жаратылысы айрықша, адамның ала жібін аттамайтын, қарапайым да кішіпейіл, жан дүниесі таза әріптес-ағамызға деген құрметім бөлек.

1980 жылдан бастап бір факультетте қатар қызмет ете бастадық. Ол академик-жазушы, профессор Зейнолла Қабдоловтың кафедрасында, мен әйгілі түркітанушы-ғалым, профессор Мархабат Томановтың кафедрасында қатар жүріп, студенттерге дәріс оқыдық, сабақ жүргіздік. Ол тұста Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің корифейлері қатар қызмет ететін. Барлығы да қазақ тілі мен қазақ әдебиеті ғылымының алыптары, аңыз тұлғалары еді. Осынау баға жетпес тағылым мен тәрбие, үлгі мен өнеге мектебінен бірге өттік.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мен алдымен дипломатиялық, сонан соң ұзақ жылдар мемлекеттік қызметке ауысып кеттім де, сол кезеңдерде алыста жүргеніммен өзімнің ұшқан ұям – қарашаңырақ ҚазҰУ-дан қол үзген жоқпын. Бүгін туған университетіме, білім нәрімен сусындаған қасиетті ордама қайта оралып, өзімнің бір жылдары студент болып, ғылымның алғашқы баспалдақтарына көтерілген факультетіммен қауышқан тұсымда сол кезде сабақ берген көп ұстаздарымды, қатар жүрген, сыйлас, сырлас болған аға, достарымды көріп көңіліме сенім ұялады.

Қадірі кетпеген, құрметі төмендемеген, университет десе бар жиған-тергенін аямайтын ұстаздар қауымының ортасында профессор Жанғара Дәдебайұлының есімі дара көрінеді. Ұстаздықтан қол үзбей жүріп, университет қабырғасында бірнеше жыл басшылық қызмет атқарды. Алдымен Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, деканы болды. Ұзақ жылдар университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры қызметін де абыроймен атқарды. Осы қызметтерінің барлығында да өзін білікті маман, жоғары білім беру жүйесінің қыр-сырын терең түсінетін жаңашыл басшы, әдіскер-ғалым ретінде танытты. Бүгінде университетімізде Абай ғылыми-зерттеу институтын басқарып, мазмұнды ғылыми-шығармашылық жобаларды іске асырып келеді. Институт құрылған күннен бастап, профессор Жанғара Дәдебайұлының өзі бас болып, тұтас ұжымымен руханият саласы үшін мәнді де мазмұнды ақпараттық қор жинақтады. Бұл қорда мыңнан аса құнды әдебиеттер бар және ол ұдайы толықтырылуда. Профессордың тікелей басшылығымен «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты елу томдық сериялы басылым, он томдық «Абайтану антологиясы», «Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық сериялық басылымының



Конференциядан көрініс

алғашқы он томы, «Абай ілімі» оқу пәніне қатысты ондаған зерттеулер мен оқу құралдары жарық көрді. Жас ұрпаққа арналған «Абайдың кісілік

кодекcін» құраcтырды. Аталған еңбектердің негiзiнде университет кiтапханасының порталында «Абайтану антологиясы» деген атпен университеттiң интеллектуалдық е-ресурстар базасы ашылды. Ол тұтынушылар үшiн қолжетiмдi болды.

Ж. Дәдебаев зерттеулерiнiң нәтижелерi негiзiнде 2021-2022 оқу жылынан бастап «Абай iлiмi» пәнi дайындалып, университетiмiздiң жоғары бiлiм беру бағдарламаларының жалпы бiлiм беретiн пәндер циклы бойынша оқу орнының таңдау компонентi ретiнде оқу үдерiсiне енгiзiлдi. «Абай iлiмi» атты бұл пәннiң тұтас концептуалды жүйесi түзiлiп, оқу-әдiстемелiк кешенi әзiрлендi. Аталған жаңа оқу пәнi ғылыми-танымдық бiлiм көзi ретiнде және iргелi жаңашыл зерттеулерге жол ашатын үрдiс ретiнде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жаңа Қазақстан жағдайындағы «Әдiлеттi Қазақстан», «Адал азамат», «Еңбек құндылығы», «Абай және ХХI ғасырдағы Қазақстан», «Абай – реформатор» сынды еңбектерiнде айтылған өзектi идеяларына, мемлекетiмiздiң қазiргi бiлiм және ғылым саласындағы жаңа стратегиялық мұраттарына сай келдi.

Ж. Дәдебаев – өз зерттеулерi, ұжымдық ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру, оларға басшылық жасау арқылы жоғары мектеп ғылымын жаңа жетiстiктермен байытқан, байытып келе жатқан көрнектi ғалымдарымыздың бiрi. Ол өзiнiң үлгiлi шығармашылық еңбегiмен, қоғамдық және ғылыми-педагогикалық белсендi қызметiмен жоғары бiлiм мен ғылымның дамуына, елдiң зияткерлiк әлеуетiнiң, мәдениетiнiң өсуiне, қоғамның рухани жетiлуiне үлкен жеке үлесiн қосты, зор еңбек сiңiрдi.

Биыл жетпiс бес деген үлкен белестiң бел ортасына көтерiлген ардақты ұстаз-ғалымға мықты денсаулық, отбасына құт-береке, ғылым жолында мол табыстар тiлеймiн. Ғылымға жан-тәнiмен адал, әдiл болудың ерен үлгiсiн көрсетiп келе жатқан профессор Жаңғара Дәдебайұлының iздену, жазу мәнерiн болашақ жас ғалымдарға үлгi болатын ғибратты мектеп дер едiм. Әдебиетшi ғалымның iргелi зерттеулерi iзбасар шәкiрттерi мен жас ғалымдардың еңбектерiне арқау болары сөзсiз.



ҚҰТТЫҚТАУЛАР



Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі М.Н. Отарбаев
Ж. Дәдебайұлына Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың
құттықтау хатын тапсырды



Қазақстан Республикасының Президенті

Астана қ, Ақорда

15/11/2023

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Абай»
ғылыми-зерттеу институтының
директоры, ҚР ҰҒА академигі,
профессор Ж.Дәдебаевқа

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Сізді 75 жасқа толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Қалың жұртшылық Сізді көрнекті ғалым, белгілі әдебиет зерттеушісі көсемсөз шебері ретінде жақсы біледі.

Ғылыми қауым өзіңізді іргелі зерттеу еңбектерін жазып, Абайтану ілімін жаңа белеске көтерген бірден-бір ғалым ретінде кеңінен таниды. Ғылыми айналымға енгізілген тың пайымдарыңыз ұлттық әдебиеттанудың өркен жаюына зор серпін бергені анық.

«Абайтану антологиясы» және «Абайдың кісілік кодексі» атты туындыларыңыз – ұлт руханиятының асыл қорына қосылған құнды дүниелер.

Бүгінде ұлағатты ұстаз ретінде білікті шәкірттеріңізді тәрбиелеп келесіз.

Еңбегіңіз әрдайым жемісті болып, мәртебеңіз арта берсін!

Сізге мықты денсаулық, бақ-береке, толайым табыс тілеймін!


Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вицеминистрі Д.Ж. Ахмет-Зәки Ж. Дәдебайұлына Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтауын, Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «ҒЫЛЫМДЫ ДАМУҒА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» төсбелгісін тапсырды.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРІ**



**МИНИСТР
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана қаласы,
«Министрліктер үйі»

город Астана,
«Дом министерств»

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Еліміздің руханияты мен білім, ғылым саласының дамуына елеулі үлес қосқан Сізді мерейлі 75 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз өмір белесінің жаңа асу-биігіне болмыс-бітіміңізге сай байыптылықпен, ұстаз-ғалымға тән сабырлықпен ерен еңбектің үлгі-өнегесін көрсете отырып жеттіңіз.

Сонымен қатар, табанды ізденіс, қажырлы қайратыңыздың нәтижесінде қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымын жаңа биікке көтердіңіз.

Терең мазмұнды оқулықтар мен оқу құралдарын, ауқымды монографиялар жазып, ғылыми ортада мойындалдыңыз.

Соның ішінде «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Жазушы еңбегі», «Абайдың антропологиясы», «Шешендік өнер теориясының негіздері» атты еңбектеріңіз әдебиеттану ғылымының алтын қорына қосылды.

Сіздің еңбек жолыңыздан үш бірдей іргелі сала айқын аңғарылады. Атап айтқанда, педагогика, ғылым және кадр даярлау ісінде адамдықтың, жасампаздықтың, талмай ізденудің үлгісін, еңбекқорлықтың өнегесін көрсеттіңіз.

Әсіресе Сіздің еңбектеріңізден оқушылар мен студенттер, магистранттар, докторанттар және әріптестеріңіз рухани нәр алып қана қоймай, туған әдебиетіміздің құдыретті қасиетін, биік тұғырын жан-жақты сезінері анық.

Бүгінде Сіз парасатты тұлға, зерделі ғалым, ұлағатты ұстаз, ретінде өзіндік мектеп қалыптастырып, ел зиялысына айналдыңыз.

Сіздің ғылыми-педагогикалық еңбек жолыңыз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты.

Әр жылдары кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университет проректоры, Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін абыроймен атқардыңыз.

Қазіргі уақытта университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтын басқарып, әдебиеттану саласында іргелі жобаларды іске асырып келесіз.

Өзіңізден білім мен тәлім-тәрбие алған білікті шәкірттеріңіз бүгінде білім, ғылым саласында жемісті еңбек етуде.

Мерейлі жасыңызда Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, шығармашылық табыс тілеймін!

Ізгі ниетпен,

Саясат Нұрбек



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Ж.Қ. Түймебаев Ж. Дәдебайұлын құттықтап, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» Үлкен алтын медалімен марапаттады.

ҚҰРМЕТТІ ЖАҢҒАРА ДӘДЕБАЙҰЛЫ!

Сізді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және өз атымнан 75 жасқа толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз бұл белеске көрнекті әдебиет зерттеушісі, абайтанушы ғалым, талғампаз қаламгер ретінде үлкен абыроймен көтерілдіңіз.

Ұлт руханиятының дамуына елеулі үлес қосып, еліміздің зиялы тұлғасына айналдыңыз.

Әдебиеттану саласында іргелі еңбектер жазып, өзіндік мектеп қалыптастырып, білікті шәкірттер тәрбиеледіңіз.

Бүгінде университетімізде «Абай» ғылыми-зерттеу институтын басқарып, мазмұнды ғылыми-шығармашылық жобаларды іске асырып келесіз.

«Абайтану антологиясы» көптомдық жинағын шығарып, жас ұрпаққа арналған «Абайдың кісілік кодексін» құрастырдыңыз.

Мұхтар Әуезовтың шығармашылық шеберханасын жаңаша пайымдаған зерттеу еңбектеріңіз бен әдебиеттану саласындағы кітаптарыңыз ғылыми айналымға енгізілді.

Университет өзіңіздей қайраткер ғалымдарын мақтан тұтады.

Жақындарыңыздың, әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің құрметіне бөленіп, мәртебеңіз арта берсін.

Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға құт-береке, еңбегіңізге табыс тілеймін!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы-Ректор



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ



Ж. Дәдебайұлының жаңадан жарық көрген кітаптарының таныстырылымы:

- Дәдебаев Ж. Түрік дүниесінің дүлдүл тұлғалары / Жанғара Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 408 б.
- Дәдебаев Ж. Ғибратты ғұмыр / жалпы ред. басқ. Ж.Қ. Түймебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. Ш. 23. – 304 б.



Жамбыл облысының
жімі

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Сізді 75 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Осынау жылдар белесінде Сіз көптеген асулардан асып, биіктерді бағындыра алдыңыз.

Ұстаздық жолдағы ұлағатты ізіңіз, әдебиет және тарих әлеміндегі таңғажайып еңбектеріңіз ұрпақ үшін үлгі-өнегеге толы.

Әдеби және ғылыми еңбектеріңіз, төккен теріңіз ел мен жерге деген сүйіспеншілігіңіздің көрінісі екені сөзсіз. Биік болмысыңыз бен азаматтық, адамдық ұстамыңыз және табандылығыңыз Сізді әрдайым құрмет төрінен көрсетіп келеді.

Өткеннің өнегесін, тарихтың тағылымын танытып, жаңыртудағы елеулі еңбегіңіз көптің жан азығына айнала білді.

Сізді ұлтының адал перзенті ретінде құрмет тұтамыз.

«Шымырлап бойға жайылған», «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері», «Атыңнан айналайын Әулиеата» т.б. ғылыми еңбектеріңіз шығармаларыңыз, құнды дүниелеріңіз оқырманның ыстық ықыласына бөленуде.

Осы ұлағатты жолда зерделі ғұмыр иесі атанып, жемісті 75 жастың шыңына шығып отырсыз.

Мерейжасыңызбен тағы да құттықтай отырып, Сізге сәттілікке толы ұзақ ғұмыр, шаңырағыңызға шаттық тілеп, еңбегіңіздің жемісі мен жеңісін көруіңізге тілектеспін.

Мәртебелі де мағыналы ғұмыр кешіп, ғылым жолындағы күш-қуатыңыз сарқылмасын!

Ізгі тілекпен,

Ербол Қарашөкеев

Тараз қаласы

2023 жыл, желтоқсан



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

*Өңірдің әлеуметтік-экономикалық
дамуына қосқан үлесі және көпжылғы
жемісті еңбегі үшін*

*Дәдебаев
Жаңғара*

марапатталады

*Жамбыл облысының
әкімі*



Е. Қарашөкеев

*Тараз қаласы
“1” желтоқсан 2023 жыл*



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

*Құрметті
Жанзара Дәдебайұлы Дәдебаев!*

Жамбыл облыстық мәслихаты білім саласындағы көп жылғы жемісті еңбегіңіз, білікті мамандар дайындау ісіне қосқан қомақты үлесіңіз үшін және 75 жас мерейтойыңызға орай Сізді Жамбыл облысының Құрмет грамотасымен марапаттайды.

Облыстық мәслихат
төрағасы



А.Нұралиев

желтоқсан 2023 жыл



Конференцияға қатысушылар



**Әдебиеттанушы ғалым, филология
ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан
Жазушылар Одағының мүшесі ДӘДЕБАЕВ
ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЙҰЛЫНЫҢ 75 жылдық
мерейтойына арналған ҚҰТТЫҚТАУ**

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Сіздің жарты ғасырдан астам ғұмырыңызды жоғары білімнің қарашаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізіпсіз. Осы жерде арғыда Бейсенбай Кенжебаевтай, бергіде Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Ханғали Сүйіншәлиевтердей қазақ әдебиеттану ғылымының қара нарларының дәрісін тыңдап, өнегесін санаға сіңіру бақыты бұйырды. Өзіңіз де сол ізгі дәстүрді жалғап, бірнеше буын филолог шәкірттеріңізді тәрбиелеумен келесіз. Сіздің жетекшілігіңізбен кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғаған 27 әдебиеттанушы маман қазіргі таңда еліміздің барлық аймақтарында абыроймен еңбек етіп, өзіңіз қалыптаған ғылыми арнаны жалғастырып жүр. Біліміңіз бен білігіңізден тәлім алар жаңа буын докторанттар легі де жалғасын таба беретіндігіне сеніміміз мол.

Бүгінгі таңда Сіз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі әдебиеттанушылар мектебінің көш басында тұрсыз. Қаламыңыздан туған 20-дан астам кітап пен 800-ден астам мақала сөз өнері туралы ғылыми ойдың өрісін кеңейтер іргелі зерттеу нәтижелері екені анық. Абай ғылыми-зерттеу институтының басшысы ретінде соңғы жылдары атқарып келе жатқан қызметіңізді осы саланың тамырын басып, ойсыраған тұстарын толтыруға тер төккен азаматтық қайраткерлік деп бағалаймыз.

Қадірлі Жанғара Дәдебайұлы!

Сізді 75-жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, әулетіңізге амандық, шығармашылық табыстар тілейміз!

Құрметпен:

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас директоры



Ж. Матъжанов
Ж. Матъжанов

**Көрнекті қаламгер,
филология ғылымдарының докторы, академик,
Қазақстан Жазушылар одағы Сын кеңесінің төрағасы,
«Құрмет» орденінің иегері
Жанғара Дәдебаев –
75 жаста**

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының және барша қаламгерлердің атынан жетпіс бес жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлттық әдебиеттің арғы-бергі тарихын тұтас зерттеген қыруар еңбектеріңіз, рухани қоржынымыздың бүйірін шығарған елеулі олжа деп білеміз. Сіз филология ғылымының майталманы, қара сөздің зергері, көрнекті әдебиет зерттеушісі, сын сәйгүлігі деп бағаланған құрметке лайықты тұлғасыз. Бүгінде, қазақ әдебиетінің сыны мен дамуын Жанғара Дәдебаевсыз елестету мүмкін емес. Өйткені, Сіздің бұл салаға сіңірген еңбектеріңіз ұлтымыздың сана-сезіміне, болмыс-бітіміне ерекше ықпал еткеніне жарты ғасырға жуық уақыт болды. Осынау кезеңде қалам тартпаған жанрыңыз кемде-кем. Оның қай-қайсысы болса да толған, толысқан, жан-жақты теориялық және практикалық тұрғыдан қалыптасқан дүниелер.

Қадірменді Жанғара Дәдебайұлы!

Бұл жасқа елдің елеулі, халықтың қалаулы азаматы ретінде абыроймен келіп отырсыз. Өзіңіздің қазақ әдебиетіне жанашыр көңіліңізді қашан да сезініп келеміз. Сіздің осы уақытқа дейін жинаған мол тәжірибеңіз, ұлт руханияты үшін қашанда маңызды. Барша қаламгерлердің атынан зор денсаулық, баянды ғұмырыңыз ұзақ болып, шаңырағыңызға шаттық пен береке тілеймін!

Құрметпен,



**Мереке Құлқенов,
Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасының Төрағасы**

Құрметті Жаңғара Дәдебайұлы!

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы мен өз атымнан Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Адам баласы үшін азды-көпті ғұмырында шыққан биігі мен бағындырған белестерінің бәрі де елеулі саналары анық. Дегенмен әрбір адамның өзіне тән ғұмыры мен тіршілік баяны болатыны сөзсіз. Соған орай жеткен биігі де әрқилы. Сіздің өмірдеректеріңізден нағыз ғалымға тән болмысты, үлкенге құрмет, кішіге ізет боларлық парасаттылық пен адамгершілікті көреміз.

Сіздің 60 жылға жуық ғылыми-педагогикалық еңбек жолыңыз жетістіктер мен жарқын істерге толы. Алғаш Тараз қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищені бітірген соң, 1968-1970 жж. ауыл мектебінің мұғалімі болып бастаған еңбегіңіз бен әдебиетке деген қызығушылығыңыз өзіңізді ғылым көкжиегіне жетелей түсті.

Ұлтымыздың алтын қайнары – әдебиет үшін аянбай тер төккен бірден-бір ғалым екеніңіз ғылыми ортаға белгілі. Бүгінгі күнге дейін Әуезовтің шығармашылық шеберханасын зерттеуге, Абайдың көркемдік әлемін танытуға бар күш-жігеріңізді салып келесіз. Қазақстан білімі мен ғылымының ірі орталығы, еліміздің жетекші университеттерінің бірі - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дамуына сіңірген еңбегіңіз де орасан зор. 1977-2008 жылдар аралығында ассистенттен бастап, аспирант, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан, проректор қызметтерін абыроймен атқарғаныңыз көпшілікке аян.

Сіздің Қазақстан Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының, ҚР Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Құрмет» орденінің иегері болуыңыз қажырлы еңбегіңіздің әділ бағасы болса керек.

Бүгінде Филология факультетінде шәкірт тәрбиелеп, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры ретінде Абай ілімінің негізгі ұстанымдарын саралап, Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімінің қазіргі руханияттағы орны мен маңызы туралы мәселелерді насихаттап, ұлы ойшылды әлем жұртшылығына танытып келесіз.

Сізді тек ұжымда ғана емес, исі қазаққа танымал «парасатты ғалым» деп білеміз. «Үлкені бар елдің құты бар» деген қазақ. Сіздей үлкендер ел ішіне ұйытқы болса, жас ұрпаққа үлгі болары хақ. Құрметті Жаңғара Дәдебайұлы, Сізге бүгінгі 75 жасқа толған мерейлі тойыңызда денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт тілеймін!

Құрметпен,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Басқарма Төрағасы-Ректор



Boлат Тілеп

Болат ТІЛЕП

Құрметті Жаңғара Дәдебаев!

Сізді Дулати университетінің ұзсымы және өз атымынан 75 жсылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңғара Дәдебаев, сіздің еңбек жолыңыз М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерінен бастап, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде аспирант, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан, проректор қызметі, Білім академиясының директоры, Абай ғылыми зерттеу институтының директоры қызметтерін абыроймен атқарғаныңызға зиялы қауым куә.

Сіздің бастамашыл іс-қимылдарыңыз, тың идеяларыңыз Қазақстан Республикасы тарихының дамуына үлес қосып, өзіңізбен үзеңгілес әрбір буын өкіліне үлгі-өнеге бола білді. Сіздің ұлттық әдебиеттану ғылымындағы орныңыз ерек. Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы саласындағы іргелі зерттеулеріңіз арнайы баспалардан шығып ғылыми ортада өте жоғары бағаланып, көпшіліктің көңілінен шыға білді.

Қазақ әдебиетінің заңғар алыбы М.Әуезов дәстүрінің ұлттық прозадағы жсалғастығы, жсазушы шығырмашылығының психологиялық-эстетикалық негіздері, өзге де ғылыми зерттеулеріңіз еліміздің болашақ филолог-әдебиеттанушы мамандық иелерінің темірқазығы әрі басты оқулықтарының біріне айналууда. Сонымен қатар Абай Құнанбайұлының мұрасына жсаңа көзқараспен келген зерттеушілік-ұйымдастырушылық қызметтеріңіз әдебиеттану ғылымындағы зор сілкініс болғаны анық.

Сіздің қажымай еңбек етуіңіздің арқасында ҚР Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының, ҚР Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының толық мүшесі атандыңыз.

Сіздің М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетімен шығармашылық байланысыңыз тереңде және жоғары бағалаймын. Қазақтың біртуар азаматы, өз заманының айшықты тұлғасы, даңқты баба Мырза Мұхаммед Хайдар мұрасын зерттеп, университет пен өңірімізге жсаңашыл, тың идеялардың туындауына мұрындық болдыңыз. Мыңжылдықтар куәсі Көне Таразға қатысты «Атыңнан айналайын Әулие ата», «Талас аңыздары», «Тараз өлкесі: монографиялық пайымдаулар, ойлар мен толғаныстар» атты ғылыми зерттеулеріңіз өлке тарихын танудағы құнды еңбектер. Сіздің шығармашылық еңбегіңіз бен қоғамдық және ғылыми-педагогикалық белсенді қызметіңіздің жоғары білім мен ғылымның, қоғамдық сананың дамуында тигізер пайдасы мол.

Қадірменді Жаңғара Дәдебаев!

Сізге ұзақ гұмыр тілей отырып жсеткен жсетістіктеріңіздің баршасын – еңбегіңіздің жсанғаны, мақсаттарыңыздың орындалғаны деп ұғамыз. Ел – Отан үшін атқарып отырған қызметтеріңіз әрдайым елеулі, табысты, абыройлы, мәртебеңіз арта берсін. Сізге зор денсаулық, талмас қайрат тілеймін. Бүгінгі мерейтойыңыз тағы да құтты болсын.



Құрметпен,
Байжұманов Мұхтар Қазбекұлы

Құттықтау хат

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Ж. Дәдебаевқа**

Құрметті Жанқара Дәдебайұлы!

Сіз саналы ғұмырыңызда қазақ әдебиетін зерттеу мен шәкірт тәрбиелеуге айырықша үлес қосқан айтулы ғалымдардың бірісіз. Ұлттық әдебиетіміздің ғылыми мектебінің негізін қалаған ұлы ғалымдардан тәлім алып, ізін жалғастырып, өзіңіз де ғылым биігін бағындырыңыз. Әдебиеттанудағы сын мен көркем шығармаларды талдаудағы сүбелі еңбектеріңіз білім беру саласының құнды мұрасына айналды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде еңбек жолыңызды бастап, оқытушы-профессор, кафедра меңгерушісі, декан, проректор қызметтерін де абыроймен атқардыңыз. Бүгінде өзіңіз басқаратын Абай ғылыми-зерттеу институты көптеген ғылыми зерттеулер жасап, жас ғалымдарды ғылыммен айналысуға бағыттайтын ұстаханаға айналды.

Сізді Х.Досмұхамедов университетінің ұжымы мен ғылыми кеңесі атынан мерейлі 75 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, ғылымдағы гибратты ғұмырыңызға баянды бақыт тілеймін.

Сіздің ғылым жолындағы жетістіктеріңізге арналған конференция жұмысына сәттілік және ғылыми жиын барысында таныстырылғалы отырған ғылыми еңбектеріңіздің оқырмандары көп болуына тілектестік білдіреміз.

**Құрметпен және ізгі ниетпен,
Басқарма төрағасы-ректор**



Саламат Идрисов

7 желтоқсан 2023 жыл

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Сізді Амангелді Құсайынұлы атындағы Еуразия гуманитарлық институтының оқытушы-профессорлары мен студенттері атынан 75 жылдық торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сізді әдебиеттану саласында ұзақ жыл жемісті еңбек еткен ғалым, ұлағатты ұстаз, белгілі тұлға ретінде Қазақстан студенттері мен жастары жақсы таниды.

Сіздің ғалымдық-педагогтық еңбегіңіздің куәсі ретінде «Қазақ әдебиетінің тарихы: қазіргі кезең», «М.Әуезовтің шығармашылық лабораториясы», «Жазушы еңбегі», «Көркем аударма және әдеби шығармашылық», «Әдеби компаративистика және көркем аударма» атты еңбектеріңіз біздің оқу орнымыздың студенттері үшін арнайы оқу құралы болып есептелінеді. Сонымен қатар, Сіз Абай институтының директоры ретінде Абайдың шығармашылық мұрасына ден қойып, Абайды насихаттау, зерттеу саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздіңіз. Абай институты еңбектерінің электронды базасын қалыптастырып, өз шәкірттеріңізге ғана емес, Республикамыздың оқырмандарына да Абай ілімімен танысуға мүмкіндік жасадыңыз. Сондай-ақ, институт арқылы біздің оқытушылар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің белгілі оқытушы-профессорлар құрамының дәрістерін тыңдап, біліктілікті арттыру курстарынан үздіксіз өтуі, Сіздің қолдауыңыздың нәтижесі деп білеміз.

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Сіздің кісілік келбетіңізді, қашанда өз ісіңізге мығым екеніңізді өзіңізбен біраз жылдар қызметтес болған, академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор өзіңіз айтпақшы «Прометей оты» Амангелді Құсайынұлынан жиі еститінбіз. Өз кезегінде Сізге «Әдебиеттегі тарих тағылымын айқындап берген ғалым» деп бағасында бергені есімізде. Ендеше, әдебиеттегі сара жолыңызды әлі де жалғастырып, өрлей беріңіз.

Бүгінгі мерейтой тұсында деніңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке, шығармашылық табыс тілейміз!



Ректор

А.Исмаилов

АСА ҚҰРМЕТТІ ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЙҰЛЫ!

Өңіріміздің төл тумасы, Асқаралы Алатау мен қазыналы қарт Қаратаудың төрінде, ерке Таластың баурайындағы Талдыауылда дүниеге келіп, қазірде елінің елеулі азаматына айналып, отандық ғылым мен білімнің шамшырағы болып жүрген Сізді мерейлі 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақы, дара қасиеттерімен ерекшеленетін Сіз, әрдайым ғылымның, білімнің аса жауапты ауыр жүгін мойымай көтере білдіңіз. Бүкіл филология әлемінде терең еңбек пен ерекше қажыр-қайратыңыздың арқасында бұл ғылымда өз биігіңіз, өз отауыңыз бар. Сіз іргелі, өте өзекті де терең мазмұнды көптеген ғылыми еңбектердің авторысыз, алыс-жақын шетелдік баспаларда да көптеген еңбектеріңіз басылып, ғылыми ортаға енгізілген. Жазушы еңбегі, жазушының шығармашылық зертханасы, әуезовтану, абайтану, тарих және әдебиет, халықтың дәстүрлі мәдениеті бағыттары - негізгі зерттеу нысаныңыз болды. Өз отауыңыздан филология атты қасиетті ғылымға бағыт алған көптеген жас ғалымдарды қанатыңыздың астына алып, бағдар бердіңіз. Жамбыл облысының өзінде Сіздің жетекшілігіңізбен кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, ғылым жолында еңбек етіп жүрген ғалым-ұстаздар баршылық.

Қазақстан Ұлттық жоғары мектеп ғылым академиясының, Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының, Қазақ Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының толық мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма мүшесі, Әдеби сын кеңесінің төрағасы бола жүріп елдің қоғамдық санасының жаңғыруына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына зор еңбек сіңіріп, 900-ге жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік сипаттағы еңбектеріңіз авторы атандыңыз.

Ғылыми зерттеулеріңіздегі үлкен бір сала - Жамбыл облысының тарихын, әдебиеті мен мәдениетін зерттеуге, насихаттауға арналған еңбектеріңіздің әлеуметтік маңызы зор. Жамбыл облысының тарихы, әдебиеті мен мәдениеті туралы оннан астам іргелі еңбек жариялап, осы өңірдің шығармашылық тұлғаларының шығармаларын құрастырып, оларға алғы сөз, ғылыми түсініктер жазып жарыққа шығардыңыз, білім беру процесіне енгізілуіне мұрындық болдыңыз. Ілгері замандарда өткен тарихи тұлғалардың, шығармашылық өкілдерінің өмірі мен қызметін зерттеп, олардың ғылыми өмірбаяндарын жаздыңыз. Әсіресе, Дулати бабамыз, Сыпатай батыр, Байзақ датқа мен Бөлтірік шешен, Ұлбике ақын бейнелері зерттеу еңбектеріңізде толық ашылып, қазақ әдебиетінің дамуында үлкен орын алды. Сіздің «Тараз өлкесі. Ойлар мен толғаныстар» деген бір еңбеңіздің өзінде Жамбыл облысы өңірінде ілгері замандарда жасаған мемлекет қайраткерлерінің, билер мен бектердің, қолбасылардың, шығармашылық тұлғалардың – барлығы 21 қайраткердің ғылыми портреттері жасалған. «Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының негізін қалап, қазіргі күнде бұл серияның 10 томы жарыққа шықты.

Қашанда қызығы мен қиындығы қатар жүретін бұл өмірдің бұттарысы көп, бұралаң ұзақ жолында таңдаған мамандығыңыздың қыры мен сырын шебер меңгеріп, бүгінде өңірімізден түлеп шыққан ғалым-ұстазсыз. Сізді біз кішіге қамқор аға, қатарластарына адал дос бола білген ізгі жүректі азамат, еңбекте беделді мамаң ретінде үлгі тұтамыз.

Өзіңізге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырағыңызға шаттықтың орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз! Әрқашан осы жігерлі, қуатты қалпыңыздан таймай, әлі де талай асулардан аса беріңіз!

Сізді, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының ұжымы мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, өзіңізді жарқын бастамалардың қолдаушысы ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады. Бүгінгідей мерейлі сәтте Сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте талағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табыс-тартуларыңыз арта берсін. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Ізгі ниетпен, Ш.Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық
институтының ұжымы

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің ұжымы Сізді, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясы мен Қазақ Білім академиясының академигін, Қазақ ұлттық университетінің маңдайалды профессорын, 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы, Сіз өмір белесінің жаңа асу-биігіне болмыс-бітіміңізге сай байыптылықпен, ұстаз-ғалымға тән сабырлықпен ерен еңбектің үлгі-өнегесін көрсете отырып жеттіңіз. Сіз табанды ізденіс, қажырлы қайратыңыздың нәтижесінде қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының оқу және ғылым пәні ретінде дамуына елеулі үлес қостыңыз, оқулықтар мен оқу құралдарын, сын кітаптарын жазып шығардыңыз. Соның ішінде «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Жазушы еңбегі», «Абайдың антропологиясы», «Шешендік өнер теориясының негіздері» сияқты жаратылысы бөлек, дара сипаттағы туындыларыңыз қалың жұртшылықтың рухани олжасына айналды.

Қадірлі Жанғара Дәдебайұлы! Сіздің еңбек жолыңыздан үш бірдей іргелі сала айқын аңғарылады. Атап айтқанда, педагогика, ғылым және кадр даярлау ісінде Сіз адамдықтың, жасампаздықтың, талмай ізденудің үлгісін, мол өмір өнегесін көрсеттіңіз. Әсіресе сіздің еңбектеріңізден оқушылар мен студенттер, магистранттар, докторанттар және әріптестеріңіз рухани нәр алып қана қоймай, туған әдебиетінің құдіретті қасиетін, биік тұғырын жан-жақты сезінері анық.

Қазақстанның білім, ғылым кеңістігінде Сіз – білікті басшы, газжайын ұйымдастырушы, ұлағатты ұстаз ретінде кеңінен танымал тұлғасыз. Сіз әр жылдары кафедра меңгерушісі, факультет деканы, университет проректоры, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының директоры, университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметтерін жоғары талап деңгейінде абыроймен атқара жүріп, білім мен ғылымның дамуына ерен еңбегіңізбен, мол өмір тәжірибеңізбен, ақыл-парасатыңызбен, мейірім мен нұрға толы кең жүрегіңізбен үлкен үлес қосып келесіз. Біз сіздің егемен ел алдындағы абырой-беделіңіздің қашанда биік, бітімі бөлек бекзат болмысты тұлғаңыздың әрдайым асқақ болып қалуын тілейміз.

Ғибратты ғалым, ұлағатты ұстаз ретінде талай буынды тәрбиелеп, ғылымға шын берілгендіктің тамаша үлгісін көрсетіп келесіз. Сіздің алдыңыздан білім мен тәлім-тәрбие алған білікті шәкірттеріңіздің еліміздің әлеуметтік өмірінің әр саласында жемісті қызмет етуі де ұстаздық, ғалымдық еңбегіңіздің жанғанын, ел алдындағы парызыңызды биік талғам-талаппен орындай алғаныңызды танытады.

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы! 75 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын! Филология факультетінің ұжымы Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, шығармашылық табыс тілейді.

Құрметпен, Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Филология факультетінің деканы
филология ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі *Б.Назбаева* Д.Жолдасбекова



Құрметті Жаңғара Дәдебайұлы!

Сізді, 75 жасқа толған мерейтойыңызбен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих факультеті ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз Тәуелсіз Қазақстанның филология ғылымын қалыптастырушы тұлғалардың бірі, танымал зерттеуші-ғалым, ғылым қайраткерісіз. Сізді өнімді әрі батыл жазатын, ел дамуына үлес қосатын іргелі еңбектердің авторы ретінде білеміз.

Ғылыми зерттеу жұмыстарыңыздың негізгі саласы Әуезовтың шығармашылығы бойынша жарық көрген іргелі ғылыми-зерттеу еңбектеріңіз отандық тарихнамада өз орнын тауып, қазақ халқының мәдени дамуына, сонымен қатар тәуелсіз еліміздің рухани-қоғамдық жаңғыру жолында маңызды рөл атқарып келеді. Біз Сізді Әуезов секілді сөз өнерінің барша құпиясына қанық, өзін сөз өнерінің ылдиы мен өрінде, шырқау биігі мен шалқар кеңістігінде бірдей еркін сезінетін нағыз зергердің, хас шебердің ғана қолынан келетінін тілге тиек еткен автор ретінде танимыз. Сіз Абай институтының директоры ретінде Абайдың шығармашылық мұрасын насихаттау, зерттеу саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздіңіз. Абай институтының ақпараттық базасын қалыптастырып, Абай институты еңбектерінің электронды базасын жасақтау арқылы еліміздің рухани мұрасын байытуға өз үлесіңізді қосып келесіз.

Ғылым мен білім жолында 1966 жылдан бастап қажырлы қызмет етіп келе жатқан еліміздің белді ғалымдарының бірісіз. Сіздің әдебиеттанушы-ғалым ретіндегі іргелі зерттеу еңбектеріңіздің нәтижелері ұлтаралық жарасымдылық пен бірліктің салтанат құруына сүбелі үлес қосып отыр.

Құрметті Жаңғара Дәдебайұлы! Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен тағы құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыстар және отбасыңызға бақ - береке тілейміз!

*Ізгі тілекпен,
Тарих факультетінің деканы*



Д.С. Байғунаков

Құрметті Жаңғара Дәдебайұлы!

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру университеттерден басталса, ал сол альма-матердің айбыны асқақтап, абырой-беделі артып, брендке айналуы оқытушы-профессорлық құрамының әлеуетіне, жоғары потенциалына тікелей байланысты. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары «Әуезов дәрістері» деген тіркес қалай аңызға айналса, сол жүзжылдықтың сексенінші жылдары «Дәдебаев дәрістері» де дегдар болмысыңызға сүйсініп, дәреже-деңгейіңізді тауып, баға-бәсіңізді білген студенттер қауымын ерекше сүйсінтіп, аудиторияларда афоризмге айналып кеткен «Әдебиеттің предмети – адам» деген пәлсапалық ойыңыз ауыздан-ауызға көшіп келеді.

Сіз инемен құдық қазғандай ғылыми зерттеу жұмыстарынан бөлек бірнеше қызметтік басқыштардан да өтіп, абырой-беделге, құрметке бөлендіңіз. Кафедра меңгерушісі, декан, проректор лауазымдарын атқарып, әдебиеттанушы жас ғалымдардың бірнеше буынын тәрбиеледіңіз. Сөз өнеріне, оны оқытатын мамандыққа қатысты мемлекет саясатының шатқаяқтап тұрған кездерінде әділ төрелігін айтып, бұқаралық ақпарат құралдарында ашық мәлімдемелер жасап, қайраткерлік қырыңызды таныттыңыз.

Қазақстан Жазушылар одағының Әдеби сын секциясының басшысы ретінде атқарып келе жатқан еңбегіңіздің өзі бір төбе. Бір анығы, сарабал, әділетті сын болмаса, әдебиетте осу, өркендеу болмайды. Сіздің ҚЖО-ның Әдеби жыл қорытындысында жасаған бандамаларыңыз жан-жақты талдауымен, дәл безбендеп, талқыға салумен ерекшеленеді. Студент партасының алдымен ғана шектелмей, бүкіл еліміздегі рухан-мәдени үдерісті жіті қадағалып, ой елегінен өткізіп келесіз.

Абай қазақтың ренгені сияқты: рухани өкпесінің тазалығын анықтап, ұлт жандууіесінің саулығын тексереді. Абай ғылыми зерттеу институтының директоры ретінде бас ақынымыздың шығармашылығына жаңаша көзқараспен қарап, оның «Толық адам ілімін», «Кісілік кодексін» зерделеп, кейінгі ұрпаққа келелі еңбек ұсындыңыз. «Абай антропологиясы» атты монографияңыз оқырман қолында тозатын сүйікті кітаптың біріне айналды. Жаңа Қазақстанның әлемдік дидагын ажарландырып, сұлуландырып, оң имиджін қалыптастырудың төте жолы, ол – Абай ілімін жаңаша меңгеріп, әрбір отандасымыздың жүрекке сіңіре білуінде жатыр. Осы мақсатты жақындату жолындағы тінтімпаз геологтай атқарылып келетін жұмысыңызға мол табыстар тілейміз.

Сіз мерейлі 75 жасқа кемеріне толған, телегей теңіздей шалқыған шағыңызда жетіп отырсыз. Еңбегіңіздің еленгені – алған атақ, мақтау-марапаттарыңыздан да көрініп, тұр-тұлғаңызды кемелдендіріп тұр. Жаратқан Иеміз деңізге саулық, отбасыңызға амандық берсін!

Журналистика факультетінің
деканы, ф.ғ.к., доцент



Темірғали КӨПБАЕВ

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің ұжымы атынан Сізді 75 жасқа толған мерейлі тойыңызбен құттықтаймыз!

Қалың жұртшылық, ғалымдар қауымы Сізді көрнекті қоғам қайраткері, қазақ әдебиеттану ғылымының бірегей тұлғасы, Хакім Абай мұрасы мен заңғар жазушы Мұхтар Әуезов шығармашылығының зерттеушісі, гуманитарлық ғылым саласының әдіснамашысы мен әдіскері ретінде жақсы біледі әрі құрметтейді. Сіз өмір белесінің жетпіс бесінші асуына өзіңізге ғана тән болмыс-бітіміңізбен, ұлағатты ұстаз-ғалымға сай сабырлылық пен байыптылықтың үлгісін көрсете жүріп жеттіңіз.

Сіздің есімдері күллі жұртымызға әйгілі ғалымдардан алған терең біліміңіз зая кетпей өз нәтижесін беріп келеді. 1977 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін ұлттық ғылым мен жоғарғы білімнің қара шаңырағы ҚазҰУ-дің филология факультетінде жастардың зердесіне әдебиеттану ғылымының қыр-сырын ұғындыра жүріп, өзіңіздің ғылыми мектебіңізді қалыптастыра алдыңыз. Нәтижесінде, Сіздің ықыласты жетекшілігіңізбен ғылым жолына түбегейлі бет бұрған талай өрен өз ғылыми ізденістерін сәттілікпен қорғап, қазіргі кезде осы бағыттың майталмандарына айналды.

«Кітап – уақыт мұхитының бағдаршамы» деген қанатты сөзді ескерсек, Сіздің қаламыңыздан туындаған 800-ден астам ғылыми мақалаларыңыз, 40-тан астам әдеби еңбектеріңіз, 20-дан аса монографияларыңыз ғылым мен білім жолында жүрген өскелең ұрпаққа оңтайлы бағдар беріп, рухани азық, нәр бола алатындығына сеніміміз мол. Сіз ұлтымыздың мол рухани ой-дүниесін, әдеби мұрасын жақын-алыс шетелдерде насихаттай жүріп, таныта алдыңыз. Өзіңіз басқарып отырған Абай ғылыми-зерттеу институтында жетекшілігіңізбен дайындалып, рухани қазынамызға мол үлес болып қосылған том-том еңбектер, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері келешек ұрпақ санасына сәуле түсірері анық.

Сіз білікті ұстаз-ғалым, қоғам қайраткері ретінде Қазақстан Республикасының білім мен ғылым саласында қандай да лауазымды қызмет атқарсаңыз да оның үдесінен сәтті шыға біліп, еліміздің Тәуелсіздігін тұғырлы етуге өз септігіңізді тигізіп келесіз. Біз Сізді біліктілігіне адамгершілігі сай, зиялылық пен зайырлылықты ұштастыра білген, өмір мен ғылымды, ақиқаттылықты негізге алған, пейілі игілік пен ізгілікті ұстанымға айналдырған тұлға ретінде қадірлейміз.

Ардақты Жанғара Дәдебайұлы! Бүгінгі 75-жылдық мерейтойыңыз құтты болсын! Сіздің деніңізге саулық, отбасыңызға береке-бірлік, ғылыми ізденістеріңізге толағай табыс тілейміз! Біз, төрімізде өзіңіздей Қазақ әдебиеттану ғылымының ақсақалы отырғанын арқашан да мақтан тұтамыз!

Ізгі ниетпен,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультетінің деканы,
философия ғылымының кандидаты,
қауымдастырылған профессор



Бекжан Мейірбаев

Аса қадірлі Жанғара Дәдебайұлы!

САЛИҚАЛЫ ДА САБЫРЛЫ, ДӘРІПТЕУ МЕН БАҒАЛАУҒА ЛАЙЫҚТЫ ҮЛГІ АЛАРЛЫҚ 75 ДЕГЕН АРДАҚТЫ ЖАСЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Атақты Тараз өңірінде дүние есігін ашып, Ойық орта мектебін, Абай атындағы педагогикалық училищені, 1975 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітіріп білім шыңына өрледіңіз! Сіздің педагогикалық және ғылыми шығармашылығыңыз үнемі жетілу мен даму үстінде болды. Аспирантура, докторантура, М. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті жанындағы біліктілік арттыру факультетін бітірген жылдарыңыз бен бүгінгі білім шыңына шыққан ғылымның қия шыңдары – осының куәсі.

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы! Қазақ әдебиеті кафедрасында ассистенттен басталған ғылыми мәртебеңіз профессор қызметіне дейін жетті. Осы ғылымның асуларынан «көз майын тауысқан» еңбек атты құндылықтың «инемен құдық қазғандай» байлығының нәрін де барын да тапқан жансыз!

Ғылым мен білімді басқару саласында да аянбай еңбек еттіңіз, кафедра басқарып, филология факультетінің деканы, қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясының директоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу және әдістемелік істер жөніндегі проректоры болған жылдар Сіздің ұйымдастырушылық қабілеттеріңіздің айғағы.

ЖОО-ға арналған «Қазақ әдебиетінің тарихы: қазіргі кезең», «М.Әуезовтің шығармашылық лабораториясы», «Жазушы еңбегі», «Көркем аударма және әдеби шығармашылық», «Әдеби компаративистика және көркем аударма», ұлы Абай мұрасы туралы жазған зерттеулеріңіз және басқа да ғылыми шығармашылық еңбектеріңіз қазақ ғылымына қосқан ғылыми үлестеріңіз деп білеміз. Сіз 20-дан астам кандидаттық және докторлық диссертация қорғатып, артынан шәкірт ерткен педагог Ұстазсыз!

Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, жаңа тарихи кезеңдерді бастан өткізу кезеңдері еліміздің әдебиетін, мәдениетін, тарихын қайта бағдарлау мен бағалауға үлкен жаңа мүмкіндіктер ашты. Осы тарихи сәттер Сіздің ғылыми-шығармашылық лабораторияңызға үлкен табыстар мен игілікті бастамалар жасаумен толықты. Қазақ халқының ұлттық мақтанышы Абайдың шығармашылығында қазақ халқы өмірі мен табиғаты, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, ұлттық ерекшелік

қасиеттерін болашақ ұрпақты ізгіліктендіру идеяларымен жаңаша зерттеулерге көңіл бөлінді. Осындай игілікті іс-шараның бірі қазақтың ұлы ақыны университетте Абай институтының ашылу салтанаты болды. Сіз Абай институтының директоры болып тағайындалған күннен бастап, осы қыруар ғылыми шығармашылықтың қиын да қызықты саласында бел шешпей еңбек етіп келесіз. Ұлы ақынның баға жетпес мұрасын насихаттап, қайта таразылап түрлі ғылыми креативті бағытта зерттеуде жаңа табыстарға жеткіздіңіз! Цифрлы заман талабына сай Абай институтының ақпараттық базасын қалыптастыру мен Абай институты еңбектерінің электронды базасын жасауда да ұшан-теңіз ерен еңбек еттіңіз!

Заманауи технологияға сай ұлы Абайдың шығармашылық қазынасын ұлттық маңызы мен мәнін ғылыми-ақпараттық құралдарда Абайдың әдеби мұрасы толық енгізіліп, өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми еңбектер жарияланған. Цифрландыру жүйесінде 30 томнан астам Абайдың ғылыми-ақпараттық құралдарда жинақталған ғылыми-зерттеу еңбектердің орналасуы және 2015-2023 жылдардың арасында «Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» (35 т.) ғылыми-зерттеу жобасына жетекшілік етіп келесіз! Нар түйенің жүгіндей көптомдық Абай мұрасының зерттелуіне күш-қуатыңызды аямай көз майын тауысып қосқан үлесіңіз үлкен құрмет пен марапатқа лайық деп білеміз!

Сіз 600-ден астам ғылыми-шығармашылық еңбектердің авторысыз.

Аса қадірлі Жанғара Дәдебайұлы! Сіздің биік болмысыңыз тектілік қасиеттеріңізді айтып тұрғандай. «Тектілердің тұяғы, Таңдайды құз-қияны» - деп білгір халқымыз айтқандай, қазақ ғылымы саласындағы «шығармашылық азап» пен қуат пен ерік-жігерге толы ғылым жолындағы жанкешті еңбегіңіз, Сіздің ішкі жан-дүниеңіз бен сыртқы келбетіңіз халқымыздың зиялы тұлғасы екеніңізді паш етеді.

Жаныңызға сәулесін төккен асыл жарыңыз Сауле апай мен көзіңіздің ағы мен қарасындай азамат ұлдарыңыз Сіздің бақытыңыз деп білеміз!

Біз Сізді мәуелі бәйтеректей, емендей еңселі, Ерен еңбек иесі деп бағалаймыз!

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы 75 жасыңыз құтты болсын!

Сізге деген құрметпен А.Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі кафедрасы ұжымы атынан

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұжымы Сізді, әдебиеттану ғылымының сөзі маржан, ойы өткір сара саңлағын, 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Сіздің қасиетті, құйқалы Талас топырағында дүниеге келіп, туған жеріңізде орта мектепті аяқтап, еңбек жолыңызды мұғалім болудан бастап, өмірлік тәжірибе жинақтап барып ҚазМУ-дің филология факультетінде оқығаныңызды, оқытушылық қызметіңіздің, ғылымдағы сапарыңыздың іргетасын туған факультетіңізде қалағаныңызды да білеміз.

Сіз – бүгінгі қазақ қоғамдық ой-санасында ерекше орны бар, азаматтық болмысымен, санаткерлігімен, ғұлама ғалымдығымен танылған тұтас тұлғасыз. Әдебиеттану саласындағы 50 жылдық еңбек жолыңызда өзекті тақырыптарға жазылған ғылыми мақала, әдеби-сын жинақтар мен монографиялар жариялап, қазақ сөз өнерінің сан-саласын зерттеуге өлшеусіз үлес қостыңыз, қазақ жазушыларының бағыт-бағдарын айқындап, шеберлігін шыңдау ісінде де сындарлы ой толғап, әлеумет танымын биікке көтерер білікті пікірлер қалыптастырдыңыз.

Сіз Қазақстанның ғылымы мен білімі саласында ұтқыр ұйымдастырушы, білікті басшы ретінде де үлкен еңбек сіңірдіңіз. Кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор қызметтерін атқара жүріп, еліміздің ғылымы мен білімінің дамуына, халық шаруашылығын жас мамандармен қамтамасыз ету ісіне өлшеусіз үлес қостыңыз.

Қымбатты Жанғара Дәдебайұлы, Сіз – «өзгенің жанын аялап, өз жанын аямай» жүрген ұлағатты ұстазсыз. Ұзақ жылдар бойы филология факультетінде ұстаздық етіп, талантты ұрпақтың сан буын тобын тәрбиелеп шығардыңыз және тәрбиелеп келесіз. Бүгінгі күнде университет жанындағы Абай Ғылыми-зерттеу институтының директоры ретінде көшелі істің көшбасшысы болып отырсыз. Абайдың түпсіз тереңге жетелейтін білімпаздығын, ақыл-ойын адамзатты ізгілікке, қоғамды ізгілендіруге жұмсаған көрегендігін, парасат-пайымын толық адам концепциясын жүйелеуге бағыттаған данышпандығын Абай ілімі теориясымен, формуласымен түсіндіріп, өзара қабысып жатқанын дәлелдеуге күш-қайратыңызды аямай жұмсап келе жатқаныңызға куәміз. Сіздің жетекшілігіңізбен кандидаттық диссертация қорғаған ғалымдар бүгінде елге, қазақ әдебиетінің дамуына, өсіп өркендеуіне жемісті қызмет етуде.

Жоғары мектепте ұзақ жылдардан бері еңбек етіп келе жатқан ғалым-ұстаз ретінде уақыт ағымына сай жазған оқулық, оқу құралдарыңыз өскелең ұрпақты, жаңа буынды жаңаша оқытуда айрықша орны бар еңбектер деп есептейміз.

Ардақты Жанғара Дәдебайұлы! Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұжымы Сізге кемел жасқа келген шағыңызда мықты денсаулық, шығармашылық мол табыс тілейді. Отбасыңызда береке-бақыт, ғылыми-ұстаздық жолыңызда салмақты да сабақты мазмұны терең еңбектер көп болғай. Ел игілігі үшін аянбай атқарып келе жатқан қызметіңіз жемісті болсын, белеетеп – биікке, асудан – асқарға өрлей беріңіз!

Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор



А.Б. Темірболат

Глубокоуважаемый Жанкара Дадебаевич!

Поздравляем вас с светлым юбилеем!

На ниве преданного и бескорыстного служения делу просвещения и высшего образования вы прошли большой путь, занимая должности директора Научно-исследовательского института педагогических наук им. И. Алтынсарина, доцента кафедры казахской литературы Казахского национального университета им. аль-Фараби, профессора, заведующего кафедрой казахской литературы КазНУ им. аль-Фараби, декана филологического факультета Казахского национального университета им. аль-Фараби, проректора по учебной работе КазНУ им. аль-Фараби, заведующего кафедрой теории художественного перевода и литературного творчества, директора НИИ «Абай» при КазНУ им. аль-Фараби. Ваша деятельность была по достоинству оценена. Вы были избраны членом-корреспондентом Академии наук Высшей школы Республики Казахстан, академиком НАН ВШ РК, академиком Международной Айтматовской академии, академиком Международной академии наук высшей школы, академиком Казахской академии образования. Где бы вы ни работали, постоянно демонстрируете образец самоотверженного труда во имя процветания науки и культуры в Республике Казахстан. Благодаря вашей плодотворной работе на этой ниве – успешно развивается отечественная наука, особенно в сфере новых и актуальных направлений литературоведения, в частности – теории литературы, переводоведения.

Все эти достижения, в том числе и общественная деятельность, характеризуют вашу трудовую деятельность как безупречную, целиком и полностью посвященную процветанию науки и культуры отечества. Для многих ваших учеников и коллег вы являетесь Учителем и Наставником, который открыл путь в большой мир науки, вы продемонстрировали образец бескорыстного служения делу высокой и прекрасной просветительской миссии.

Уважаемый Жанкара Дадебаевич! Выразая Вам искреннюю признательность за Ваш труд, хотим от всей души пожелать Вам долголетия, крепкого здоровья, семейного благополучия, здоровья и творческого процветания!

*С искренними поздравлениями и добрыми пожеланиями коллектив кафедры русской филологии и мировой литературы
КазНУ им. аль-Фараби.*

ҚҰРМЕТТІ ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЕВ!

Бүгінгі білім мен ғылымның қара шаңырағы – ҚазҰУ үшін жарты ғасырдан астам ғұмырын берген, Қазақ елінің, ғылымның дамуы мен өркендеуіне өзіндік үлкен үлесін қосқан ғалым, ұстаз, университет тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған белді қызметкер – Жанғара Дәдебаевтың 75 жылдық мерейтойы баршамызға құтты болсын! Сізді айтулы мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіз, Қазақ ұлттық университетінде жылдар бойы абыроймен қызмет атқарып, ұжымымыздың алды, көшбасшысы, жол сілтеушісі бола білдіңіз, көптеген жас буынға жол көрсетіп, еліміздің игі азаматтарын тәрбиелей отырып, үлгі алар отбасыңыздың ұйытқысы, білімді де мәдениетті азаматтарды тәрбиелеуші отағасы және даналығыңыз бен даралығыңыз арқылы жақындарыңыздың жанашыры, арқа сүйері болған қазақ елінің мақтан тұтар нағыз ер азаматтарыңыз бірісіз және өз туындыларыңыз арқылы халық санасына жаңа бір серпін бере білген дара тұлғаларымыздың бірегейісіз.

Көрнекті әдебиетші ғалым, ұстаз, Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Жанғара Дәдебаевтың шығармашылығы тарихи роман табиғаты мен жазушының шығармашылық шеберханасының сырын талдап қана қоймайды, қаламгер бұрын-соңды зерттелмеген мәселелерді танып-білуде батылдық танытып, қазақ романдарына байыпты зерттеу жүргізе білген. Өмір құбылыстарының әдеби туындыда әр түрлі формаға ие болып көрініс табуы хақында маңызды ойларымен бөліскен, тұжырымдар ұсынған Ж.Дәдебаев еңбектері болашақта қазақ прозасының үлгілерін зерттеп, тануға көмек беретін тағылымды құрал екені айқын.

Жанғара Дәдебаев – қазақ әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі. Оның әдебиет тарихы, әдебиет теориясы мен әдебиет сыны туралы еңбектері, ғылымтанымдық мақалалары, зерттеулері – тұжырымды пікір һәм парасатты пайымдарымен ерекшеленеді. Зерделі зерттеушінің, әсіресе, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің шығармашылық шеберханасы жөніндегі зерттеулері өміршең мұра. Мәселен, әдебиетшінің «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы М.Әуезов дәстүрі», «Әдеби шығарма», «Қазақ тарихи романы: дәстүр мен жаңашылдық», «Шымырлап бойға жайылған», «Ғабиден Мұстафин», «Мұхтар Әуезов», «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері», «М.Әуезов шығармашылығы», «Атыңнан айналайын Әулие ата», «Әдеби шығармашылық», «Жазушы еңбегі», «Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы», «Талас аңыздары», «Адам ата», «Менің университетім: зерттеулер мен зерделеулер», «Адам және заман», «Тақырып және идея», «Абайдың антропологиясы», «Шешендік өнер теориясының негіздері» сынды зерттеулері әдебиеттану ғылымының қолданыс аясын кеңейткен еңбектер қатарынан берік орын алды. Жанғара Дәдебаевтың ғылыми зерттеулерінің негізгі бөлігі жазушының шығармашылық лабораториясы мен тарихи роман табиғатын зерттеуге арналған. Қазіргі таңдағы ұлттық әдебиеттану ғылымында академиялық мектеп қалыптастырған, әдебиетші-мамандар даярлау шеберханасының жөн-жосығы мен жоспарын, бағдарламасын түзген, “Абайтану” институтын ашып, ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты отыз томнан асатын академиялық еңбек құрастырған; әдеби-теориялық оқу құралдары мен зерттеулердің авторы болып табылады.

Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіз еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Бүгінгі мерейтой мен аталған конференция оның куәсі. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей! Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін! Шығар шындарыңыз әрқашанда биік болғай!

Құрметпен,

**Түркітану және тіл теориясы
кафедрасының меңгерушісі**

Р.А. Авакова

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Сізді бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздің еңбек жолыңыз бен бүгінгі жеткен биік белесіңіз шәкірттеріңізге, өскелең ұрпаққа үлгі – өнеге. Жанғара Дәдебайұлы білім, ғылым және жалпы рухани даму саласында бірегей тұлға.

Сіз үлкен әріппен жазылатын ұстаз дәрежесіне жеткен тұлға, ұлағатты ұстаздық қызметін ғылыми жұмыстармен сәтті жалғастырған ғалымсыз. Білікті ұстаз, габриелты ғалым, шебер ұйымдастырушы ретінде Сіз бірнеше буын ұрпақты тәрбиелеп, елімізде білімді филолог кадрлар даярлауда өзіндік қолтаңбаңызды қалдырдыңыз. Жоғары оқу орындарының білімі мен ғылымының дамуына қосқан зор үлесіңіз университетке адал және жанқиярлық қызмет етудің жарқын үлгісі болып табылады.

Сіздің авторлығыңызбен жарық көрген ғылыми еңбектің дені әдебиет теориясы мен аударма ісі салаларын қамтиды. Бұл еңбектер Сіздің есіміңізді республика көлемінде ғана емес, сондай-ақ алыс жақын шетелдерге де танымал етті. Біз Сіздің адамдық даналығыңызды, адамдармен қарым – қатынасыңыздағы ізгі ниетіңізді өте жоғары бағалаймыз.

Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының ұжым Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қоғамға кіршіксіз еңбек етуін, «пайданды жақсы білсең көпке тигіз» қағидасын әрқашан ұстануды тілейді!

Ізгі ниетпен: Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының ұжымы

КӨРНЕКТІ ОҚЫМЫСТЫ ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЙҰЛЫ 75 ЖАСТА!

Жетпіс беске келгенде
Желдей естің Жанғара.
Қазақ көркем сөзінің
Сырын ашып жан-жақты
Қадіріне бір жеткен,
Шынымды айтсам сен ғана!

Ғұлама ғалым атансаң,
Еңбегіңнің жанғаны.
Үлкендерден бата алсаң,
Ақ ниетің алаулап,
Басыңы бақыт қонғаны!

Білгір ғалым тұңғиық
Деген ғажап атың бар.
Жүректерге нұр құйып,
Еңбекқорлық затың бар!

Шыдамды жансың не деген,
Қиындыққа қыңбайтын.
Табанды қайсар, төзімді
Жұмыскерсің тынбайтын!

Жазушылық еңбектің
Санаткері екенсің.
Майысса да сынбайтын,
Діні берік еменсің!
Дәдебайұлы Жанғара,
Жаратқан сені әрдайым
Қолтығыңнан демесін!

Балаларың ер жеткен
Маңдайдағы құндызың.
Қадірлі дос, Жанғара,
Көгілдір аспан көгінде,
Жарқырап тұрсын жұлдызың!

Тілек білдіруші:

Мүбәрәк Үмбетаев, филология ғылымының
кандидаты, доцент.

08.12.2023 жыл.

Құрметті Жанғара Дәдебайұлы!

Сіз колледждің мақтан тұтар түлегісіз! Ғұмырыңызды шығармашылыққа, инемен құдық қазғандай ғылымға арнаған, ұлтымыздың рухани болмысына үлес қосқан зиялы жансыз. Сіздің өмір жолыңыз, ғибраты мол зерттеу еңбектеріңіз ұрпаққа үлгі, ізденетіндерге шам-шырақ. Бағдаршамыңыз үнемі бағыт беріп тұрары сөзсіз.

Деніңізге саулық, отбасыңызға береке бірлік, көңіл тыныштығыңыз шайқалмасын деп тілейміз!

Өзіңіз білім алған оқу орныңыздың тарихынан мағлұмат беретін, колледждің 95 жылдығына орай шығарылған «Терең тамырлы білім ордасы» атты тарихи-анықтамалық кітап пен оқу орнының 100 жылдығына орай шығарылған, колледждің қазіргі таңдағы өсу-өркендеу кезеңінің сипатын беретін, «Білімнің алтын діңгегі» атты альбом-кітапты өзіңізге ыстық ілтипатпен ұсынамыз.

Игі тілекпен Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің директоры А.Д.Биназаров



Осыдан жиырма бес жыл бұрын, 1998 жылы қарашада, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қарт профессоры, Ұлы Отан соғысында ауыр жараланып аман қалған ардагер аға, аяулы ұстаз Ханғали Жұмашұлы Сүйіншәлі ағайдың профессор Жанғара Дәдебайұлын құттықтап, өз қолымен жазған хатын конференция материалдарымен бірге бергенді дұрыс көрдік. Ардагер аға, аяулы ұстаз, марқұм Ханғали Жұмашұлының жайы жанаттан болғай!

Аял азамат, Кемел талам, Кадірлі
інім, жаскеңде жас Жанғара!

Елуге жетіп, ер жетіп, ел ағасы болғаннан
өсітіп, есім шыға қуанғышқа бөленіп шағдырдың.
Әттен бұрынғындай қастарыңда жұрт, әрбір
қуанғышты бөйсерлік шама жоқ! Үй күшкінің
кебін күшп жайыған жарынан азан, аяқты
мәрей тойыңды бірге өткізе алмағанына
күйінеді. Бірақ, әрдайым, көзіңде күн
шуағындай жайнап өзіңнің, нұрлы қайыңың
тұрады. Соғдықтан, мен өзіңді сөздердің
қай ортасыңда жұртпендей өзіңмен,
жасың ұяған ағасыңа ретінде саған мен
нәсілімен өрілген өңсегі өзіңді, ақ бағамды
жақдаймын.

Аял мен мәңгілі бірлікте ұясып, көзіңнен
күн шуағы күлімдеп тұрар аржайы да жарың
жүзің әр көз менің көзіңде қуантыды.

Не, елжасыңның есептей қалмағы ақылдай.
Себебі, сен кейбір кұр алақан қуаныштан
мансапқорлардан емесейт. Құдайға шүкір,
зылында да, өнерде де, өмірде де өз қисейт бар
шығыс. Назыз жайыған әдебиетші талам өзін
дай қисеймен мәсім болар десек. Сен соның
нағыз өзің. Оған өзіңе ғана ғам талам
мен таным, терек, тоңғаныс, күйелі шүкір
ой, қалыңасы, салмақты тұнғырмен, зерек таң-
дай, тібек танысты байсаиды зерттеушің қуа.
Әдебиет сүйер қуаны аркіде мәңгі сүбелі
еңбектеріңді өск тұрғыда жоғары бағалайды.
Ғылым докторы, университет профессоры, ұлт
академикасының қарсаңында шыңың өзін.
Өзің өзің, білім аяған ғажайып докторың,
құдай жеткізсе, әлі де ағар аяуларың аяда,
Келешегіңе де біз зор есімімен қараймыз. Бой-
ыңдағы қатыр мен талам ғажайып сенсің.
Құдайдан таныс ден саулық, бағы-дүресі тілеймін.
Қазіргі жұққан елжасыңның екінші жарыңды бұқар
Еңбек танысін ең ізгілігі ұятың мәге түсінді.

Ардагер аға, ұстаз Ханғали. (Сүйіншәлі)

Алматы, 1998 ж. 14 қараша.



БАЯНДАМАЛАР

**Қуанышбек ҚАРАЖАН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор**

Ж. ДӘДЕБАЕВТЫҢ ТАРАЗ ӨЛКЕСІНІҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



Бүгінгі таңда ұлт руханияты әлемінде өзіндік жолы, өзіндік қолтаңбасы бар қадірлі әріптестеріміздің бірі, әрі бірегейі Жанғара Дәдебаевпен сонау 80-ші жылдардың екінші жартысында танысып, содан бері жұбымыз жазылмай келеді. Таныса келе екеуіміздің бір өңірдегі тарихи Талас өзенінің төменгі ағысынан нәр алып өскен екі ауылдың тумасы екендігімізді, оның Ойықтан менің Үшаралдан екендігімізді білдік. Жақаңның әкесі Байқонысов Дәдебайдың елге танымал Социалистік Еңбек Ері, Талас ауданынан шыққан 61 Ердің бірі екендігін бала күнімізден білетінбіз.

Талас өзені Аспантаудан бастау алып, Тараз тұсынан арынды қарқынмен тасып ағатын болса, Жақаңның ауылының тұсында тұнып, тыныштанып ағып, біздің ауылға жеткенде тұтас өлкеге жайылып, бар нәрі мен құнарын төңірегіне беретін. Талас өзенінің Ойық ауылының тұсынан өтердегі осы қасиеті Жақаңа берілген-ау деп өзімше топшылаймын.

Талас өңірі тарихи ескерткіштер мен аңызға бай. Олардың қатарында Тектұрмас, Көк Кесене, Ақ Кесене қорғандарының, Шәй Қорық, Ақ Көл, Лақ Кемпір, Тәңірқазған, Қарақожа мешіті, Шилі өзен қамысы және т.б. аңыздардың орыны ерекше. Оларға қатысты аңыздар ел аузында сақталған. Осы тарихи ескерткіштер мен аңыздар Жақаңның болашақтағы ізденістеріне тікелей әсер етіп, зерттеу жұмыстарының, атап айтқанда: 1995 жылы «Бөлтірік шешен», 1998 жылы «Әулие Ата», 2002 жылы «Атыңнан айналайын, Әулиеата», 2007 жылы «Адам және заман», 2013 жылы «Тараз өлкесі» атты тарихи филологиялық зерттеулерінің өзегіне айналған. Осы зерттеулерде Тараз өлкесіне тікелей қатысы бар мемлекет, қоғам қайраткерінің өмірі, өскен ортасы мен қызметі, ерлік істері, билер мен ақындарының шығармашылығы, олардың ұлт тарихи мәдениетінің дамуында алатын орыны баяндалады. Көтерілген мәселелер бірнеше ғылым тарих пен мәдениет, әдебиет пен өнер салаларының тоғысуы арнасында пайымдалады. Олардың басым көпшілігі мұрағат құжаттарына негізделген.

Жақаңмен жеке кездесулер барысында Тараз өлкесіне қатысты мәселелер төңірегінде талай сырласып ой бөлістік. Осындай кезекті сырласу барысында ол бірде қазақтардың басынан кешірген ауыр кезеңдерінің бірі, биыл 300 жылдығын атап өтіп жатқан, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында «жауға қарсы алғашқы

шайқастарда ерекше ерлік көрсеткен бабаларыңыз Саңырық батыр жөнінде неге жазбайсыз» деп ой тастады. Оған сол тұстағы Қазақстан тарихына арналған оқулықтар мен академиялық басылымдарда қазақтардың ес жинап жоңғарларға қарсы алғашқы қайтарым шайқастарының қысқаша шектеулі баяндалуы, кезеңдерінің толық ашылып көрсетілмеуі, осы шайқастарға жетекшілік жасаған батырлардың есімдерінің арнайы бөліп аталмай, батырлар тізімінде жалпылама көрсетілуі, тіпті есімдерінің қате көрсетілуі себеп болды¹.

Осыған байланысты 90-шы жылдардың басында Жанғара Дәдебайұлымен бірлесіп Саңырақ батыр жөнінде деректер жинап, зерттеу жұмысына кірістік. Дерек ретінде 1905 жылы Ташкентте жарық көрген археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінде белгілі этнограф Ә. Диваевтың ел ауызындағы аңызға сүйене отырып «Көк Кесене мавзолейі» атты тақырыпта жасаған баяндамасын, Мұхаметжан Тынышбаевтың «Ақтабан Шұбырынды»² атты еңбегін пайдаланып мақала даярладық. Мақала әуелі «Жас Алаш» газетінде 1991 жылы 27 қыркүйекте, кейінірек «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, «Оңтүстік Қазақстан» газетінде³ жарияланды. Мақалада 1726 жылғы Ордабасындағы Кеңеске дейінгі қалмақтарға қарсы шайқастарда ерекше ерлік көрсеткен кіші жүзден Тайлақ батыр және оның жиені Ошақты руының Тас жүрек атасынан Саңырық батыр екендігін, олардың 3 жылға созылған шайқас барысында жауды 2 қайтара күйрете жеңгендігін, осы жеңістердің үш жүздің қазағына жетіп, олардың бас қосып бірігіп қазақ жерін жаудан толық азат етуге шешім қабылдауына тікелей себеп болғандығын баяндадық.

Мақала ізін ала «Саңырық» қоры құралып, сол қордың жетекшілігімен, шежіреге сай Саңырық Тоқтыбайұлының дүниеге келген жері Таластың төменгі ағысында орналасқан Үшарал ауылында, батырдың 300 жылдығына арнап ас береліп, Саңырық батырға арналған кесене салынып, батырдың туған ортасы мен әулетін зерттеу қолға алынды. Зерттеу барысында Саңырықтың алғашқы әйелі, 2 ұлы мен 1 қызының батыр жорықта жүрген кезінде жау қолынан қайтыс болғандығы, содан кейін оның ат үстінен түспегендігі анықталды.

Саңырықтың 2-ші әйелінен 6 ұлы болған. Олардан тараған ұрпақтар қазір Қаратау және Сыр өңірінде өмір сүріп жатыр. Ол шамамен 1740 жылдың соңында кезіндегі шайқастардан алған жарадан қайтыс болып Төле бидің ұсынысымен Түркістандағы Қ.А. Ясауи мазарының қасындағы Жолбарыс хан бейітіне таяу жерленген.

Жанғара Дәдебайұлы іргелі зерттеу жұмыстарымен қатар басшылық қызмет саласында да жемісті еңбек етіп, жетекшілік жасаған жерлерде ұжымның қызметін өзгертудің қозғаушы күші болуға ерекше көңіл бөлуде. Сондықтан болар, онымен қызметтес болғандардың бәрі дерлік оның есімін ерекше сыйластық сезіммен, ілтифатпен еске алады. Қоғамымызға өзінің болашағына сенетін кісілер қажет. Бүгінгі мерейтой иесі осындай тұлға, осындай азамат.

Аса құрметті Жанғара Дәдебайұлы, Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Өзіңізге зор денсаулық, мол шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық-саулық, құт-береке, абырой тілеймін!

Әдебиет

1. Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994, 187 б.; История Казахской ССР. – Алма-Ата, 1979, 3 т., 20-21 бб.
2. Диваев А.А. Мавзолей Кок-Кесене. Историко-археологическая заметка // Протоколы заседаний и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год десятый. – Ташкент, 1905, 41-42 бб.; Тынышпаев М. Великие бедствия... – Алматы, 1991.
3. Жас Алаш – 1991, 27 қыркүйек; Оңтүстік Қазақстан – 1992, 12 наурыз; Қазақ тілі мен әдебиеті – 1992, №1, 60-63 бб.



Қанипаш МӘДІБАЕВА,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері

ТАРИХПЕН ТІЛДЕСТІРГЕН ЕҢБЕК



Абай ілімін зерттеу мен оқытудың жаңа тұжырымдамасын негіздеу ұстанымдарында абайтанудың жаңа бағыттарында жазылған том-том жинақ. Қазіргі қазақ әдебиетінің бар жанрын дерлік қамтып тұтастандыра түгендеген оқулық, оқу құралдары. Әдеби мұраның өзекті зерттеу міндеттеріндегі зерттеу-монографиялар; қазақ әдебиетін орта, жоғары мектепте оқыту пысықталған мәселелі мақалалар. Ғылымдағы ғұмыр ғибраты сыр ашқан ұстаздар өнегесі тұнған шығармашылық портрет-эсселер. Осыған қоса, біз сөз еткелі отырған жинақ авторы туған өлке, ежелгі өркениеттің қазақ жеріндегі сәулесі өшпеген таңғажайып куәсіндей мәңгі жасап келген киелі Тараз, Таласы туралы ұзақ-ұзақ зерттеулер жасаудан, жылдар бойы және жалыққан емес. Арғы замандарды сөйлету аға ғалымның ұрпақ алдындағы азаматтық парызы деп ұғындық. Сыйымды. Орынды. Бұл адам ешбір жиында, ешбір ортада, қайда да алқалы топта ұрандатып сөйлемеген. Жүрегіндегі отаншылдық, елшілдік сезімнің қызуы сол Ел мен Жер қастерленген қадау-қадау танымдық зерттеулеріне түсті.

«Тараз өлкесі: Тау мен дала аңыздары» кітабы (Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», - 2020. – 404 б.) – белгілі әдебиеттанушы ғалым, әдіскер ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың туған жұртының құндылықтарын ұрпаққа аманаттап ұсынған жаңа бір еңбегі. 2013 жылы (ЖШС РПБК («Дәуір»)) жарық көрген «Тараз өлкесі: монографиялық пайымдаулар, ойлар мен толғаныстар» атты жинағының жалғасы. «Тараз өлкесі: Тау мен дала аңыздары» жылдар бойы түрлі бағытта жүргізілген ізденіс жұмыстарының нәтижесі. Автордың ғылыми-зерттеу жұмыстарының арнасында бірнеше ғылым саласы тоғысты: әдебиеттану; фольклористика; шешендік өнер; тіл білімі; тарих; этнография; әдет заңы; дәстүрлі мәдениет т.б. Түрлі дәуірді қамтитын дерек көздерімен жұмыс жасау автордың басты зерттеуінің осындай пәнаралық сипатымен байланысты болды. Автордың осы бағытта іздеп тапқан, жинаған дереккөздерінің тобында тау мен дала, өзен мен көл, тарихи тұлғалар, болған оқиғалар туралы аңыздар сарыны да мол еді (аталған жинақ, 3-бет).

Осыдан бірер ай шамасы бұрын жетісулық Ахмет Кендірбекұлы құрастырып шығарған «Атамекен Алакөл» атты энциклопедиялық анықтамалығын қолымнан түсірмей, қайта-қайта қараған едім. Танымдық, ақпараттық басылымдағы жер, су атауларын тамсанып оқып, өсімдік, жануарлар туралы мәліметтерді әсіресе тамсана оқып, Алакөліме деген ғұмыры бәсеңдемейтін сағыныш сезімді бір еселеп алдым. Профессор Жанғара Дәдебаевтың осы кітабы сол бір сұраныстың жауабына жақындатты. Мүлде жаңа форматта, қиынды «оңайлатып» жазған мазмұнды жинақтың отандық тәжірибеде баламасы жоқ екендігін де аңлап үлгердім.

Ілгерідегі, ориенталистикадағы ірі еңбектердің; озған, ғылымды жұрттар өнегесі жоталанып жатқандай болды. Ел мұрасына қаршадайында құныққан Шоқан Уәлихановтың құштарлығы жұққан. Бексұлтан Нұржекеұлының кезінде, кеңестік жүйе көлеңкесінде «айыпты» болған «Өзендер өрнектеген өлкесімен», Серікбол Қондыбайдың еңбектерімен мүдделес екен.

Автордың осы заманғы шын инемен, шын құдық қазып жүрген, сарылып жұмыс жасауға жалықпаған зерттеуші екендігін білемін. Жаңа кітабында да сөз нұсқалары алабөтен ыждаһат, ауқымды алыммен түзіліпті; нендей жайда да артық-ауыс қоспасыз, дөп айтуды міндеттейтін ғылымның мүддесіне шаң жұқтырмапты. Халық әдебиетіндегі аңыз

әңгімелерге ғылыми мәнде арнайы ден қойылған бұл еңбек дерекнамалық негізділігінде аса мәнді.

Жарық дүниеде жасап келе жатқан адамзат тарихының небір айтулы кезеңдері біздің туған жеріміздің, еліміздің тарихымен тамырласып, кіндіктесіп жатқандығын жаныңды оятып сезіндіретін, тұтас адамзаттық өркениеттің тұтқасын ұстаған бабалар тағдырымен ортақтастыратын, тарихпен сөйлестіретін кітап болып шығыпты.

«Тараз өлкесі: тау мен дала аңыздары» кітабына енген аңыздардың сипаты бөлек. Онда бұған дейін жиналып, жарық көрген аңыздардың бірен-сараны ғана берілді. Ал негізгі мәтін бұған дейін көпшіліктің пайдалануына ұсынылмаған, ғылыми айналымға түспеген үлгілерден тұрады. Олардың дереккөздерін іздеу, табу, таңдау, іріктеу, әр аңыздың мәтінін түзу, құрастыру, ғылыми түсініктерін жазу автордың шығармашылық ұстанымына сай жүзеге асырылды» (аталған еңбек, 6-бет).

«Туған жерді тану үшін жолға шықпай болмайды» деген өлең жолдары ойға түсті. Сол айтқандай, туған жердің тұнып жатқан тарихына қарайлай беретін филолог ғалым жаңа бір танымдық бағыт ашатын жол бастапты. Аймақтану, әдеби өлкетанудағы нақтылы, дерекнамалық негіз тұтас аңыз жанрының ақиқатын ұмыт болған қорғандардан, замандардан іздеу, табу тәсілдерін алақанға салғандай ашып көрсетіп отырған. Кітапқа Ұлы Жібек жолының бел омыртқасындай маңыздылығында Тараз, Талас өлкесінің, Тәңіртау бойының жер-су атауларымен байланысты аңыздардың тұтас жүйесі қамтылыпты. «Тәңіртаудың алып жартастарындағы, Бетпақ даланың ортасын қия кесіп, ұзыннан-ұзақ созылған шың-жартастардың іргесінде жоғары шалқып тұратын құмай тастардағы таңбалар мен жазуларда әлі күнге сырын ашпай жатқан телегей-теңіз тарих бар. Туған өлкенің «тасқа салынған гравюралары, ата-бабаларымыздың бізге қалдырған ұлы мұрасы – көне заман жайында дерек беретін даусыз жәдігер» (Ә. Марғұлан еңбегіне сілтеме берілген – Қ.М.). Оларда ата-бабалар рухының күн көзіндей жарығы бар» (аталған еңбек, 9-бет). «Күн көзіндей жарық тарихы бар» деп те айтылған сияқты. Адамзаттың бетіне тура қарай алмайтындай «жазығы» жоқ, жүзі ашық тарих деп те айтылған сияқты. Ақпейіл елдің басқыншылық көріп, қапалы болған кезеңдерін де аңыз ақиқаты айтады.

«Тәңіртаудың ежелгі халқы өзінен зор елден зорлық көріп, бетпақ далаға ығысқан кездер болған. Сонда Бетпақ далаға ығысып, алысқа кеткен жұрттың үлкендері өлер шағында Тәңіртауды бір көріп, Таластың суына бетін бір шайып өлуді арман қылған. Әлі жеткендері қанша күн жүріп келіп, туған тауына, ата суы Таласқа алыстан көз салып қарап, ұзақ тұрған. Тәңірден ұрпақтары Атамекенге қайтып келер жол сұраған. Сонда олардың көздерінен аққан жас беттерін жуып, ақ сақалдарын бойлап ағып, омырауларына құйылған».

Бұл еңбектің ғылыми негізділігінде осындай әрбір аңызға авторлық түсінік; аңызға қатысты дереккөз беріліп отырған. Әр аңыз нұсқаларына қатысты жеке-жеке, арнайы мағлұмат, сәйкес дерек көзі келтіріледі. Мәселен, Тәңіртауға қатысты 575, 576, 577, 578, 579, 580, 581-інші түсінік ретінде айтылады. Және жинақтың 423, 424, 425-беттерінде дерекнамалық көрсеткіш бар.

Тәңіртау атауы қайдан, қалай шыққаны; ол тауға жалғасып жатқан таулар мен жазықтар, аймақтар; оның ежелгі тұрғындары ғұндар мен үйсіндер болғандығы айтылады.

Осы деректер ілгерідегі іргелі зерттеулерге, беделді басылымдарға табан тіреп барып келтіріледі.

«575. Тәңіртау – 1. Дереккөзі: кн. Масальский В. Туркестан // Краины России. Сибирь, Туркестан, Кавказ и полярная часть Европейской России. С приложением карты краин Российской империи / Под редакцию П.П. Семенова. – С. – Петербург, 1900. – С.138; Венюков М. Очерки Заилийского края и причуйской страны // Записки Императорского географического общества. 1861. – Книга 4. – С. 79-116; Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Алматы: Жалын, 1998. – С. 96; Зарубин И. По горам и степям Средней Азии. – М, 1879. – С. 629-630; Томас Уильям Аткинсон. Путешествия по Азиатской России и по степям киргизских // Путешествия по

степям и горам Сибири и соседним землям Средней Азии. По сочинениям Т.У. Аткинсона, А.Т. Фон-Миддендорфа, Г. Раде, Маана и др. (Составили А. Фон-Этцель и Г. Вагнер. Перевод с немецкого Н. Депшиша. – СПб., 1865. – С.398. Северцов Н.А. Поездка в западную часть Небесного хребта (Тянь-Шаня) или Цунь-линь древних китайцев от западных пределов Заилийского края до Ташкента // Записки Императорского Русского географического общества. По общей географии. Том первый / издан под редакцию председательствующего в отделении географии физической П.Семенова. – С. – Петербург, 1867. – С. 151 (75-179); Полк. Полторацкий. Общий обзор страны, лежащей к западу от Заилийского края между реками Чу и Сырь-Дарью (с картами) // Записки Императорского Русского географического общества. По общей географии. Том первый / издан по под редакцию председательствующего в отделении географии физической П. Семенова. – С.-Петербург, 1867. – С. 55-74» (аталған еңбек 423, 424-беттері).

Көріп отырғанымыздай, әрбір аңыз нұсқасына осыншалықты толымды дереккөз беріп отырудың өзі «бас қатырар» ауыр жұмыс. Классикалық ғылымның дәстүрлі шарттарын профессор Жанғара Дәдебаевтың аса жауаптылықпен сақтап отыратынын бұл адамды білетін мамандардың барлығына белгілі.

Осы, жаңа форматтағы еңбегінде де автор санасына да салмақ түсірген; физикалық тұрғыдан да аз бейнеттенбеген. Кім үшін? Не үшін? деп сауал тастау артық. Айғай салмай-ақ, өзіне сыйымды дағдысында және бір өнегелі жұмыс тындырыпты.

Жинақ мазмұнындағы шалқар толғаныстар; түйіп отырып баяндаудың дара тәсілдері; көп жылдарды көрегендікпен тізгіндеп, түгендеу; қазақ даласын құныға зерттеген империялық ашкөздік пен ғылым мүддесі текетірескен зерттеулерден керегін табу; желге ұшып кететін жеңіл орағытуға жоламай, тас түскендей зілбатпан салмақпен тоқтам айту, пән тілінде талдау, таразыға салу; ойға бөктіру – іздеген жоғымызды тапқандай сүйіндіреді.

Бұл кітап оқулық мәнді; танымы, тағылымы ғылыми негізді еңбектен туған.

«Өлкенің тауы мен даласына, сайы мен саласына, өзені мен көліне, құмы мен шөліне, малы мен жанына, аңы мен құсына, ескен желі мен өскен шөбіне байланысты аңыздардан өткен замандардың елесі көзге шалынады, талды ауыл мен таулы ауылдың шілденің аптабындағы салқын лебі, қара құм мен қызыл құмның, ақ құм мен сары құмның, жиек құм мен мойын құмның, жусанды даланың жазғытұры бұрқыраған жұпар исі сезіледі. Оларда бір ерекше қасиет бар. Ол қасиет ата-бабаларымыздың мақсаты мен мұратының, ойы мен толғанысының, қуанышы мен қайғысының, өкініші мен жұбанышының, алдынан күткен үмітінің сазында сары даладағы сағымдай құбылып тұратын сияқты болады. Онда бір таңғажайып терең мән бар. Оны әркім өз жүрегінің тереңіне бойлап ұғады.

Ел мен жердің осы қасиеті, оның осы мәні менің көңілімді осы күнге дейін толқытады. Ондайда осы қасиетті, оның осы мәнін елдің өсер өркенінің сезінуіне қажетті ақпараттың дереккөздерінің қорын жасаудан асқан ғанибет іс жоқ сияқты көрінеді» (аталған еңбек, 14-бет). «Осы күнге дейін толқу» – сендіреді. Серпілтеді.

Байқауға, барлауға, байыптауға баулитын өнеге түзген бұл еңбекте Тараз, Талас өлкесіне қатысты, жалпыадамзаттық ортақ игіліктерде мазмұн түзген 702 ел аңызы қамтылыпты. Ондаған жер-су атаулары; тарихи оқиғалар жөні; жеке тұлғалар тағылымы; дала жұртының діни ұстаным, дүниетаным бағыттары – тұтас тарихи дәуірлер сөйлейді. Он-сан сөздің түптөркіні тіріледі. Әліпбилік жүйеде түзілген осы 702 аңыздың бірнеше нұсқасында беріліп отырғандары да аз емес.

Халықтың бастан өткен өмір ғибратын сүзгіден өткізу тәжірибесіндегі шығармашылық еркіндік, қиял мен ақиқаттың аражігін бұзбайтын, бұлжымайтын тәртіп әдеби маңызданған тұтас бір көркемдік әлемнің кеңістігіне шығасыз.

Бір ғана жер-су атаулары сізді қай қиырға жетелемейді дейсіз! Айна көл, Айыртамай, Ақбастау, Ақ кесене, Ақ көл, Аққойлы, Аққу атқан, Ақ құм, Ақ – Сүмбе, Ақ там, Ақ тау, Ақ төбе, Жер үй, Бесағаш, Ақтөбе, Ақыртас, Ақыр төбе, Ала көл, Алаша шатқал, Албан өзені, Алтынды, Алтын емел, Алтын сай, Алтын көл, Алтын су, Ақырақай, Арал теңізі, Арғу, Арпа өзені, Әулие ата, Аршалы, Арық балық көлі, Арыс, Аса, Аспанғау, Аспара, Ата

су, Атбасы, Аюлы, Әбілқайыр сайы, Әулие ағаш, Әулие бастау, Әулие жал, Әулие шенгел, Баб-Ата шатқалы, Баба Түкті Шашты Әзіз бұлағы, Баба шынар, Байғара – Жамбыл, Бақалы, Бақанас, Бақырлы, Батырбек бұлақ, Бақтерек, Бектөбе, Бектұрмас, Белкызылдың белеңі, Берікқара қорымы, Бесарық, Бесемшек, Бесқұлан, Бетпақ дала, Бидайықтың биігі, Боралдай, Бөденелі, Боранды, Бұланты мен Бөленті, Бұлбұлдың жазығы, Бұлғаудың жуғысы, Бүркітті, Данайдың жолы, Дәдебай құмағы, Дегелек қонған, Долон, Едіге құдығы, Ешкілі, Жайлау көл, Жайсаң, Жайылма, Жайылмыс жайлауы, Жайылғанның қу талы, Жақсы қала, Жалбыз бастау, Жалтырақ тас, Жамбыл, Жамукет, Жанайдың жалы, Жиделі байсын, Жорға бел, Жұмабек арығы, Келіншектау, Жуантөбе, Кетпен-төбе, Көк кесене, Көккөл, Көлқұдық, Күйік, Қабан көл, Қазығұрт, Қанай асуы, Қамқалы, Қарабастау, Қарақұм, Қараспан, Қаратау, Қасқабұлақ, Қарашық, Қоңырбай төбе, Қордай асуы, Мөрбұлақ, Қоянды, Қызай тауы, Мақабай қағы, Мыңбұлақ, Қымызкөл, Айранкөл, Мұзтау, Мыңқайнар, Талас, Нар қалған, Оққұм, Орбұлақ, Садырқорған, Сайтанды, Салсалдың шаһары, Сарысу, Саудакент, Саумал көл, Семізкент, Сорбұлақ, Сусамыр, Сүт көл, Тай батыр, Тайлақ көлі, Талас, Талды бұлақ, Тәңіртау, Торайғыр тауы, Төбекұдық, Түймекент, Тұмартау, Түркістан, Үлкен Қарой, Үш арал, Ханымның мұнарасы, Шигу, Шенгелді, Шок терек, Шолақтау, Шу, Ысты көл, Іле, Ыстық көл, Ысты бекінісі.

Осындағы мекен, жер, су атауларының әрқайсысы мәнді. Студенттік шақта курстасым Әсима Өтенқызының ауылы Үшаралға барған едім. Сол 1969 жылы мен мешіт үйі қандай болатынын алғаш рет осы Үшарал ауылында көрдім. Көне ғимарат мешіт мәртебесінде жұмыс істемей тұрған кезең болатын. Тараз атауы да айналымнан шыға тұрған бір замандар өтті.

Сол жолы күзде Жамбыл қаласында, Үшаралда, Байқадамда болғанмын. Ұмытпасам, Ақкөлге де соқтық. Әсиманың әкесі мал бағады. Әрі қарай құмға шықтық. Құмды ауылда, шопан үйінде болдық. Өз ауылымнан, Алматыдан ұзап шығып, ел көру, жер тану сапарларымының басы, ойлап отырсам, сол Үшарал сапары болыпты. Жергілікті жұрттың дәстүр, салтын, адамдарын, құрбы қыздарды біліп, танып, жақсы көріп қайтқан едім. Әлі күнге сол жақта жақын адамдарым жүргенін сезінемін.

Жанғара Дәдебаевты алғаш Баспалар үйінде, «Жалын» баспасында көрдім.

Кейінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 30 жылға жуық әріптес мәртебесінде еңбек ету бұйырды. Қазіргі руханияттағы құндылықтар сақшысының бірі деп құрметтейміз. Әдеби мұраны зерттеудің, оқытудың отандық ғылымдағы озық өкілі.

Қай мәселеде тындырымды, нәтижеге жұмыс істеуден қашқалақтап көрмеген тұғырлы маман.

Жанғара Дәдебаевтың Талас өлкесін, Тараздың тарихын түгендеген арғы тарихтың айтулы тұлғалары; аласапыран, арпалыс замандар туралы ағыл-тегіл, сарқа жазған тағылымды танымдық еңбектері адресаттың көкейін тескен көп мәселенің жауабына бастаған өзектілігінде әрдайым оқушысына жетті.

Тау мен дала аңыздары түбінде рас болған оқиғадан өрбіді. Ақиқаттың куәсі болып, небір қасіреттің, небір шаттық-шалқудың, небір үміттің атауы болып таңбаланған тас қалды, тау қалды, көл сулар, жазықтар мен жоталар қалды.

Тылсым жұмбақтар әлі де іштен тынып тұр.

«233. Жалтырақ тас. Тәңіртаудың талас өзенінің жоғарғы ағысы тұсындағы жартасы. Жартаста түрлі жануарлар, аңдар, фантастикалық, мифтік бейнелер, денесі киік, басы адам кейіпті жануарлар, садақ, найза ұстаған атты, жаяу жауынгерлер бейнеленген жалтырақ тас петроглифтері зерттелді, олардың әуелгі қабаты қола дәуірінің ескерткіштері ретінде сипатталды. Ел аузындағы аңыздарда Жалтырақ тастағы бейнелердің мазмұнында бір жұмбақ мән бар деседі. Бірақ оны түсіну мен түсіндіруге осы күнге дейін ешкімнің жүрегі дауаламайды екен» (аталған еңбек, 126-бет).

Адамзат өркениетінде Талас көне жазба ескерткіштері жасап отыр.

Қай құндылықпен де деңгейлес, бәсі асқан өшпес мұра.

Аңыздарда тұрмыстық жайттар, қоршаған ортаның экологиясы адам болып жасау парызы мазмұндалады. Туған жердің киесі, кісі ақысы, астамдық пен өктемдіктің ақыры баян етіледі. Айтыла береді, айтыла түседі. Аңыздан аңызға жетіп, құлаққа құйылып, жүрекке түседі.

Бұл аңыздарда батыр да, бай да, жақсы мен жайсаң, сараң мен жомарт, жалмауыз бен мыстан қатар жасай береді, жасай береді.

Жақсылық пен жамандықтың күресі бітпейді. Жан суырып, ой қозғайды. «Талас қызыл қанға боялып ақты» деген «сұмдық» тіркестер өшпей жүрекке шөгеді.

Бір күнімен өмір сүретін ендігі заман адамының өзін селт еткізеді.

Адам баласының шектеулі танымы жетпейтін құбылыс аз ба?! Аңыз осыны тағы көлденең тастайды. Аңыз екенмін деп Ақиқаттан ат тонын ала қашпайды. Қайсыбірінде соншалықты географиялық мекен, оқиға дәлдігі, тұлға тағдырынан нақтылы фактілер сақталып отырады.

Тұтас өлкеде өткен жаугершілік замандар, дүрбелең дәуірлер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған уақыттар, айтулы тұлғалар ғибраты жасап келген аңыздарда халықтың жан мұқтажы да көп айтылған. Су тапшылығы, шөл аптабы арқау болған әлденеше аңыз бар.

Тарихтың нақты оқиғалары, еларалық мәмілелер, ықпалды тұлғалардың өмір деректері, ғұмыр ғибратын жалпақ жұртқа жайған аңыздар...

«297. Қазақтармен келісім» атты аңыз. Моғолстан ханы Саид ханның Шу бойындағы Қасым ханның ордасына бір шаруаның жайын ақылдасуға келгенін, қонағына құрмет көрсетіп қарсы алған қазақ ханының бұл жайда берген кеңесін баяндайды. Оқиға тарихта болған. Дереккөзі: Мирза Мухаммад Хайдар. Та'рихи Рашиди / Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Примечания и указатели Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент, 1966. – С. 350-353 (аталған еңбек, 387-бет).

«Саид хан сарайындағы ғұламалардың бірі бұл оқиға туралы «Қазақтармен келісім» деп хронограмма жазды» (аталған еңбек, 157-бет).

Жинақта «531. Талас жазулары», «533. Талас құрылтайы», «534. Таластағы елшілік», т.б. Талас тарихи атауына қатысты 16 аңыз мәтіні мазмұндалған. Сол 16 аңыздың барлығының дереккөзі, түсінігі берілген. Талай тарих тіріліп, тіл қатады. Бабалар аманатын, бабалар мұратын айтады. Ұрпақ ұятын оятады.

«Талас өңірінде, Қаратау қойнауында ертеде өмір сүрген адамдар өздерінің өмірі тіршілігі туралы келер ұрпаққа тасты қашап хат жазып, сурет салдырып қалдырған. Олар өздерінің хаттары мен суреттерінде өз өмірлерінің мәнісін, өмір туралы ойларын бейнелеген. Өздерін келер ұрпақтарының түсінуін арман еткен. Ертедегі адамдардың Қаратаудың тасына қашап жазған жазулары да, салған суреттері де бүгінгі күнге аман жеткен.

Ертеде өмір сүрген адамдардың тасқа жазған жазулары мен салған суреттерін оқып, түсінер деген кейінгі ұрпақтары тасқа қарамай, асқа қарапты» (аталған еңбек, 263-бет).

«Тасқа жазылған осындай ескерткіштердің бірін В.А. Каллаур 1898 жылы Тараз маңынан, Талас өзенінің бойынан тапқан» (аталған еңбек, 264-бет). Дала өркениеті мен қала өркениеті тоғысқан тарихи Талас. Адамзат тарихындағы мәлімгерлік саясаттың ежелгі тұғырлары туып, дамыған ордалы ортаның бірі.

Талас жұрты бір замандарда Талас бойында үш ұлы мемлекет арасындағы саяси қарым-қатынастың басты сипатының белгіленіп, бағдары анықталғанына да куә болыпты (539. Таластағы елшілік. Мазмұны баспасөзде бұрын баяндалған: Византийские историки / Сост. С. Дестунис. – СПб., 1860 (Менандр), (аталған еңбек, 419-бет). Тараз туралы айтылып жеткен аңыздарда да сан тарих сайрап жатыр. Ел мұрасы – жан азығы. Құт қонған киелі мекендердің қымбаты да, қимасы да аңыздар бүккен сырларда сәулеленді.

«Кіші Қарой» атты екі ауыз аңыз елді сақтаудың, қорғаудың, танудың мығым арқауы тартылған тылсым тұғырлардан қуаттанып тұрғандай. «Ақтаудың екі қыратының

ортасындағы ой. Үнемі қарайып жатады. Өзінде құт бар деседі. Жазда шөбі мол болады. Шөбінің түсі де қарайып тұрады. Шөбін жеген мал тоқ болады, егізден төлдейді.

Ел Қаройдың астында мұнай бар деседі. Бірақ оны қазып алуға болмайды. Мұнай кетсе, жердің құты да кетеді дейді» (аталған еңбек, 148-бет). Дереккөзі: «280. Кіші Қарой». Аңыз ел аузында сақталған. Негізі баспасөзде жарияланған: *Весь Казахстан. Справочная книга. 1932 год. – Алматы. 1932. – 357-б»* (аталған еңбек, 385-бет).

Қазақы сөздің қайнары, сусын қандырап шәрбаты, көңіл қуантар сән-сымбаты тұнған аңыз үлгілерінің тілтанымдық қоры бай. Сөйлеу стилистикасындағы қапы кетірмей, қамтып түзетін еспе, үн үйлестіру тәсілдері небір жазба дәстүрдің алдына түсіп отыратындай.

«Ерте, ерте, ертеде Қаратаудың бойында Қазанғап деген ер болыпты. Қазанғап құс салып, аң аулап, Қаратаудың ойындағы, Қарасудың бойындағы елді асырапты.

...Кендебай әкесін Қарасудың биігіне қояды. Халық бұл жерді *Қазанғаптың Қарасуы* депті» (299. *Қазанғаптың қарасуы*», аталған еңбек, 158-бет).

Аңыздағы кісілік ғибратын екі ауыз сөзбен түйіп жеткізу тәсілі төлтума жанрдың тағы бір жұмбағы. Тоқтам сөзге келгенде алдыға жан салмастай аңғарымпаз жұрттың жаратылыс болмысы салтанат құрады мұндайда.

«Атымтайдың емшектегі бала кезі екен дейді. Анасы емізейін десе, Атымтай анасының емшегін ембей, жылай береді. Сонда анасы емшегінің сүтінің дәмі жақсы емес пе деп көңіліне алып, емшегін басқа балаларға емізіп көріпті. Ананың емшегін басқа балалар сүйсініп емеді. Атымтай анасының емшегін басқа балалар емген соң еметін болады. Анасы баласының осы әдетін білген соң, алдымен өзге балаларды емізіп, содан кейін Атымтайды емізетін болыпты» («105. Атымтай Жомарт – 2», аталған еңбек, 62-бет). Атымтай бабамыз туа сала жомарттық көрсеткен.

Бұл аңыздың дерек көзі: Нестеров А. Прошлое приаральских степей в преданиях киргиз Казалинского уезда (Записано 26 июня 1898 года. Со слов 78-летнего старца-слепца, киргиза аула №6 Макбальской волости, Казалинского уезда, Тенгир-бергена Джайлаубаева // Записки Восточного отделения императорского русского археологического общества. Том XII. Выпуск I. – С. – Петербург, 1899. – С. 095-0105 (аталған еңбек, 360-бет).

Қазақтардың әдет заңдарына қатысты зерттеулерде құқықтық негізді аңыздар да айналымға тартылып отырғанын осы жинақтың библиографиясынан ұғына түстік.

Аңыздардың ауызша сөз өнері поэтикасында; тарихи кезеңдер нақтылығы маңыздылығында; тұлғатанудағы дерекнамалық негізінде; туған өлкенің географиялық аумағы мен табиғат айрықшалықтарында; елдік мұраттар ғибратында; аксиологиялық мәнінде; т.б. толып жатқан рухани-танымдық құндылығында тәрбие, білім беру мекемелерінде оқу-әдістемесінде, қазақ сөз өнерінің ауызша таралу тарихи спецификасын зерттеуде, отандық тарихтың айтулы кезеңдеріндегі бел-белестерді ұғынып тануда, әдет заңдары – құқықтануда қолданыста болуы өзекті.

Аңыздар баян еткен шалқар адамшылық мазмұн ауызекі әңгіме арқылы тарап отырған, ауызша жасаған сөз өнерін ендігі жаңа заманның озық технологиялары әлдеқашан ығыстырып, өмір айналымынан шығарды.

Құйма құлақ жұрт, сөзшең жұрт, сөз дегенде ынтығып отыратын жұрт қашаннан бері қалтасынан шығарып қарайтын құйтымдай сиқырға телміріп, бас көтермейтін болған. Көп құндылық, көп қасиет сол енді айтылмайтын, айтылса да тыңдалмайтын Сөздің ішінде кетті.

Қазақтың жаны жұтап бара жатқандай кезеңдерде де кітаптың киелі сөзі айналымда қалғаны – рухани демеу. Аңыздар жинағында Талас, Тараз өлкесіне арналған сөз тұтас адамзаттық құндылықтарда баян табады. Тәңіртаудың бауырында жасаған жалпақ жұрттың тарихи тұлғасы бай мазмұнда бой көтереді.



**Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
қоғам қайраткері, журналист,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері**

ЖАҢҒАРАНЫҢ ЖАРЫҚ ЖОЛЫ



Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде, білім мен ғылымында жарқ еткен жайсаңдар мен жоталы тұлғалар жадымызда әрдайым жаңғырып тұрады.

Алаш алыптары делінетін ірі оқымысты қайраткерлердің ізін қуған таланттар шоғырының өзі ұлт мақтаныштарына айналғанына ешкім таласа алмайды. Кешегі ғұламалардың, ұлттың маңдайына жұлдыз боп жанып, бақ болып қонған дарқан ғалым-ұстаздардың ең талантты шәкірттерінің бірегейі болу одан бетер бақыт, тіл жетпес абырой.

Сондай бақ қонған қазақ деп әдебиет пен өнер саңлақтары кімдерді атап айтса да Жаңғара Дәдебаевтың жөн-жосығы мен қоғамдағы орнын алдымен ауызға алар еді.

Кісілік мінезі қандай ізгілікті, сыйластық мәдениеті мен иісі аңқып тұрған адалдығы, ғалымдық тереңдігі, ұстаздық кіршіксіз тәрбиесі адам таңғаларлық, тамсанарлық ғажайыптарға, асыл қасиеттерге ие десек, еш артық айтқандық емес.

Жәй қатардағы профессор емес, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев сияқты КазГУ-дің даңқын дүр сілкіндірген академик ағаларының айнымас жалғасы, тіптен филология ғылымдарының докторы деген дәрежесінің шын иесі осындай деген баға алған, мықты әдебиет сыншысы, жазушы, публицист.

Еліміздегі ең Ірі білім ордасында кафедра меңгерушісі, декан, проректор болып қызмет атқарған жылдары да жемісті болды.

Талғам мен талапты таза ұстанған бір ғалым-педагог болса, ол да Жаңғара Дәдебаев. Сирек сөз зергері. Әдебиеттану ғылымының тарланы. Талайғы зерттеу кітаптарының авторы. Бір ғана Әулиеата өңіріндегі халық жадындағы аңыз әңгімелердің жаңғырығымен, ақыл-ой мен киелі жердің мың сан атаулары арқылы жас ұрпақтардың санасын оятқаны неге тұрады?!

Жақаң дүниеге келген жер – Талас өзенінің жағалауындағы Ойық атаның байырғы атамекені. Өзі айтатындай, «Алатаудан бастауын алған Талас өзенінің толқынды мөлдір суы біздің өңірге жеткенде баяу ағады. Біздің мінезіміз де сондай түп-тұнық, мөп-мөлдір». Атақты еңбек адамы, дала төсін байлыққа кенелткен Социалистік Еңбек Ерінің сүйікті перзенті.

Арғысы қазақтың данағөйі Бөлтірік шешеннің кіндігі үзілмеген ұрпағы. Мақтангерлік пен атақ-даңқтан алыс жүретін, аса байсалды және парасатты зиялы тұлға Жаңғара Дәдебаев ағамыз туғанына 75 жас толуын да дақпырт етпей, тып-тыныш қалпында шәкірттеріне дәріс оқуды артық көреді ғой. Байырғы университеттің Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры жұмысында да зерделі бастамаларымен заман сөзін танып, білуде. Абай заңғарын студенттерге ұлттық рухани құндылықтар ретінде ұқтыруда да ерекше ғұлама жан.


Ол ар-ұяттың, адалдықтың бейнесі секілді. Керемет аяулы ел ағасы жасына келуімен құттықтаймыз!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің көрнекті профессоры, аса қадірлі әдебиетші-ұстаз Жаңғара ағаның жап-жарық жолына зор құрметпен қараймыз! Әрине, жалғыз біз емес...ыстық лебізін айтатын.



Ислам ЖЕМЕНЕЙ
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Тұран-Иран ғылыми-зерттеу орталығының
директоры, филология ғылымдарының докторы,
профессор

ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЙҰЛЫ – ҰСТАНЫМЫ БЕРІК ТҰЛҒА



Тарихтың әр дәуірі өзіндік сұранысқа ие. Әр дәуірі саяси билігінің қалауына орай сұраныс тудырады. Бірақ тарих бойынша адамзат қоғамы үшін өшпес сана шұғыласы бар. Ол ұлт пен мемлекеттік мүддені қорғай алатын сана. Елдердің тарихи дәуірлерінде ондай шұғыланы жарқыратып ұстап отыратын ұлттық саяси сана бар. Ондай санадан ажырап қалған елдер тарихта құрдымға кетіп, тарихи кітаптарда тек қана олардың аттары қалды. Қазақ халқы ұлт ретінде қазіргі заманда бар болуы әрине қазақ ұлтының саяси санасы қазірге дейін өшпес шұғыласымен елін алға жетелеп, алға жол нұсқап келе жатқандығының белгісі деп айта аламыз.

Мен 1990 жылы эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шақыруымен шығыстану факультетіне жұмысқа келгенде арман мен аңсау жетегінде болдым. Өмір бойы ес білгелі атамның өсиетін арман еттім. Оның туған жерін ата жұртым деп аңсап жүрдім. Арман мен аңсау бір мезетте ата жұртыма келіп орналасқанымда бағыма айналды. Мен аспаннан жерге түскендей университет шақыруын тәңірінің сыйы деп бір сәтке ойламастан қабыл алдым. Онда не сыр жатты. Мен ешкімді танымай, таныс бір дүниеге қадам басқандай, бөтенсімей, жатсынбай өмірімнің бағындай сездім ата жұртыма жұмыс бабымен келіп, жайғасқанымда. Бұл ғажап құбылыс болды.

Менің туған өлкем және ата жұртым бір-біріне қайшы екі дүние. Коммунистердің миллиондаған қазақты өлім құштырған кеңестік ел, миллиондаған қазақты қуғын-сүргінге айдаған жүрексіз үкімет, он мыңдаған оқымысты қазақ зиялысы, қайраткерлерін репрессияға ұшыратқан жауыз одақтың құрамындағы Елім бір жақта тұр. Екінші жағында капиталист. Дінге, құдайға сенген ел, дінсіз коммунисттердің жауыздық азабынан қашып босқынға айналған қазақ қауымын құшағына алып, өмір нәрін сыйлаған Иран елінің таным дүниесі кеуделеніп тұр. Сонда мен қазақ баласының болысыммен екі түрлі ортаның тоғысқан мәдениетінен қандай да бір қорқыныш сезбедім. Сонда үрейге алдыртпай келгенімде қандай сыр бар? Қандай тіреуге сүйенген екенмін! кейде ойланып қоямын.

Әр елдің әртүрлі саяси билігінің ұстанымы ол елдің азаматтарының психологиясына, дүниетанымына әсер ететіні анық. Бірақ қандай болғанда да елдік рухы берік халықтың еңсесін басу, оның елдік рухын жою оңай шаруа еместігі адамзат тарихынан анық көрініп тұр.

Менің атам және замандастары ұрпақтарына яғни бізге «Елді сүюді» үйретті. Бөтен жерде, жат елде жүріп, біз көрмеген елімізді сүюмен, аңсаумен болдық. Мен жападан-жалғыз, жан-жағыма қарамастан ата жұртыма келгенде мені құшақ жайып, сүйсіне қарсы алған ел-жұрт аз болмады.

Мен университет ортасына аяқ басқанда білім ошағында атақты болып жүрген Тұрсынбек Кәкішұлы (1927-2015), Зейнолла Қабдолов (1927-2005) және ғылым ордасында Рахманқұл Бердібай (1927-2012), Мекемтас Мырзахметұлы менің жандүниемнің рухани демеуі болды. Олармен кездескен сайын мейірге толы лебіздері, рухани қолдаулары мені туған еліммен тарихи бақ құрып, тұтасып кетуіме жол ашты. Міне сондықтан мен үшін елге жұмыс бабымен 1990 жылдың күзінде Елге оралғанымда көкейдегі арман-аңсарыма, тамның өсиетіне қауышқандай күй кешіп жүрдім. Жұмат Жұмалыұлы тілеп кейін

әдебиетші, тарихшы ғалымдар Мәмбет Қойгелді, марқұм Талас Омарбек (1948-2021), әдебиетші Жанғара Дәдебай сынды аға буын сыры жақын, ділі үндес дос ағалар болып кетті.

Жанғара аға әдебиет саласы бойынша әдеп пен әдемілікке лайық жан. Менің қадір тұтып, достығы көңіл хошым болып келе жатқан абзал жан. Әдебі байсалдылық, ұстамдылық, сырбаздық, салиқалық бояулары өң бойынан төгіліп тұрғанын сездіре алатын ғалым. Және қарапайым, тәрбиелі, мәдениетті қазақтың салты мен қаланың мәдени өрісімен нақышталған мінезі төңірегіндегі жандарға адами сенім шуағын шашып жүреді. Сонда пай-пай дейсің міне тұлпардың тұяғы, қазақтың байсалды ері, барлық жан сұлулығымен мейір шапағатқа бөлеуші арайлы шапақ дерсің!

Мен Жанғара аға туралы жүрек жарды сөзімді бастап отырған себебім, өзімді ұдайы бір игі адамның игіліктеріне борышты сезініп жүрген болып, жүрегімнің оған деген ықыласты құрмет пен сүйіспеншілігімді білдіргім келеді. Шынтуайтына келгенде заман барысының аяқ алысы сәт сайын адамның әсем дүниесінен ұзақтап, байлық пен шенге құлдық ұрып бара жатыр. Ал Жанғара болса, өз биігінен аумалы-төкпелі жалған дүниеге байыппен қарап тұрған тау тұлға болып көрінеді.

Жанғара Дәдебайұлы қазақы болмысы қазақ ауылында, мәйегі қазақ ортасында тәрбие көріп, жаны ұлтының құндылықтарына құмартып өсті. Содай елдің сүйіспеншілігіне бөленген қазақы болмысымен қалаға келіп, қалалық мәнеднийет және заманауи біліммен жетілдірді. Қазақы рухы озық ойлы ұстаздарымен қалыптасты. Қазақ елінің мүддесін білім алып, сақа-тастай боп, ұлтына, еліне қызмет жасауға дайын қалде болып, білім мен ғылым майданына қадам басты.

1948 жылдың 15 қарашасында дүниеге келген Жанғара бар-жоғы он жыл әкенің тау төбесінің шыңын көріп, сезіп жүріп балалық шағын өткізді. 1958 жылы әкесі бұл өмірден қоштасқанда заманның қажеті соғыстан қалған материалдық пен психологиялық зардапты өз бойына сіңіртпей, дерт еттірмей соғыс өрті шарпып, ойранаға айналдырған дүниені гүлденген жаңа дүниеге ауыстыру үшін еңбек ету тіршіліктің басты қайнары болған еді. Сол үшін әкесі соғыс майданында қайтыс болған інісі Белғараны екі көзі төрт болып күткен жылдары оны өмір сүре білу үшін төзімді болуды үйретті. Әрі еңбекке арқа сүйеуді үйретті.

Әкесі жалмауыз коммунистердің ұжымдастыру саясатынан бұрында жылқы өсіру шаруашылығымен айналысып жүрген, елге қадірлі аталы отбасында еңбек қадірін сезіп, жемісін жеп, тәрбиесін көріп өскен жан болған. Сондықтан 1938-1954 жылдары екінші дүние соғысының салдарынан күйреген мал шаруашылығын қалпына алып келу үшін туған жері ойықта савхоздың жұмысшысы болып, нағыз жылқышы болғанын іс-жүзінде көрсетіп ел игілігіне қызмет етуге тура келді. Бұл жайында тарих жады былай: «Д. Байқонысов өзінің бар өмірін ауыл шаруашылығына, мал шаруашылығын дамытуға, жылқы тұқымын асылдандыруға арнады. Жасампаз еңбек үстінде жылдар өтіп жатты. Колхоз да нығая түсті. Сонымен бірге еңбекшілердің әл-ауқаты да жақсара бастады. Бұл кезде ауылдың азын-аулақ жылқысының күтімі өте нашар еді, өлім-жітімге жылқы, әсіресе, құлын, тайлар жиі ұшырап тұратын. Фермаға келе сала Д. Байқонысов мал күтімін және табиғи жайылымдарды дұрыс пайдалану мәселелеріне айрықша назар аударды. Жайылымдар рет-ретімен пайдаланылды, жылдың әр кезеңінде оның оты мен суаты ескерілді. Жылқыны кешкілікте және түнде жаю әдісі кеңінен қолданылды. Жылқышы мал қыстатуға мұқият әзірленетін. Оның бастамасы бойынша алыстағы жайылымда жылқы қорасы салынды, жыл сайын онда мал азығының сақтық қоры жасалды. Қыста шалғайдағы жайылымға күйлі жылқыларды ғана апарып, әлсіздерін қосымша жем беріп бақты. Жайылымдарды білгірлікпен пайдалану, жылқыны бағу әдістерін үнемі жетілдіру және жақсарта берудің нәтижесінде жақсы көрсеткішке ие бола берді: биелердің қысыр қалуы, мал арасындағы өлім-жітім толық жойылды. Жылқы өсірудің жаңа үлгісін қалыптастырды.» деп сайрайды. Сол үшін де әкесі «Социалистік еңбек ерлері» кітабының кейіпкерінің бірі болып енген. Жанғара әкесі туралы бір естелігінде: «Әкемнің Тілберді деген бір аты болды. Көкбоз. Шәлкестігі, алып-қашпалығы, бас асаулығы жоқ. Жүрісі де, желісі де шабысы да жайлы.

Өзі қажырлы, көрнекі еді. Маңдайын, құлағын, жалын сипасам, жақсы көріп, еркелеп тұратын. Таластың бойын жағалап шауып келе жатырмын. Тілбердінің шабысы бір қалыпты. Жайлы. Төбемде ұсақ құстар менімен жарыса ұшады. Тізгінді бос тастап, екі қолымды менен оза ұшқан құстарға созып келемін. Кенет көзім ұзыннан-ұзақ созылып жатқан жыраға түсті. Қырдан ағып, Таласқа құйылған жаңбыр суы қазып кеткен болу керек. Зәрем кетті. Енді қайттым деп, бойымды жиып алғанша, атым шапқан екпінін өзгертпестен әлгі жырадан өте шықты. Жүрегім орнына түсіп, атымның жалынан, мойнынан сипадым. Әкем бұл атын күтіп, баптап мінетін. Ол да атамнан қалған жылқының тұяғы екен», - деп атадан әкесіне, әкесінен баласына яғни өзіне мұра болған Тілберді атының адам және табиғатпен қалай әдемі тілдесе алатынын тамаша бейнелеп береді. Бұл да болса Жанғараның өмірбаянды жазудағы көркемдік шеберлігі деп білген жөн.

Анығы Жанғара ұстамды болу мен тиянақтылықты әкесінен көріп, үйренген. Сол үшін білім алып, білім әлеміне қадам басқанда табанды түрде барлық өмірін білім саласына арнап ұстаз есіміне лайық болды.

Ол ұстаздық жолын ауыл мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып бастады. Әрі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білімін докторлық диссертациясын қорғап алғанша жалғастырды. Бір жерде табанды еңбек ету арқылы ұстаздық пен ғалым болудың тәтті дәмін татты. Соның арқасында Зейнолла Қабдол сынды аяулы ұстазына сүйікті, сыйлы шәкірт бола білді. Артынша өзі тәрбиелеген шәкірттеріне ардақты ұстазға айналды.

Жанғара Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Зейнолла Қабдолов сынды қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің тұлғалық және шығармашылық қырларын өзінің тыңдарман аудиториялық шәкірттеріне әрі әдебиет сүйер оқырман қауымға тартымды жазбаларымен тыңдау мен оқу ләззатына бөлеп келе жатқан ұлағатты ұстаз және зерделі ғалым екенін оның өмір жолынан анық көре аламыз. Жанғара бәлкім әкесінен тәлім алған тиянақтылығының арқасында өмір жолын білім алып және білім мен ілімін үйретуге арнап келе жатқан бақытты жандар қатарынан орын алған руханият әлемінің өкілі дерміз.

Түйіндеп айтқанда: «Ж. Дәдебайұлы – тікелей өз зерттеулері, ұжымдық ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ осы ғылыми жұмыстарға басшылық жасау арқылы жоғары мектеп ғылымын жаңа жетістіктермен байытқан, байытып келе жатқан көрнекті ғалымдарымыздың бірі. Ғалымның іргелі зерттеулерінде ғылыми және мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары аса ірі ғылыми проблемалар шешімін тапқан. Ж. Дәдебайұлы Қазақстанның рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен арттыруға үлкен жеке үлес қосты». Қазақ және түркілік әдебиетке саналы жылдарын арнап, аянбай жасаған қызметімен елеулі үлес қосқан тәлімгер ғалым дегеніміз орынды болар деп сенемін.



Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Р.Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының бас директоры,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

ДЕГДАР

(Әйгілі әдебиеттанушы-ғалым Ж. Дәдебаев туралы мөлтек сыр)



Есімі ел іші-сыртына кеңінен танымал әйгілі әдебиеттанушы-ғалым, отандық ғылым-білім саласының білікті ұйымдастырушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебайұлы туралы бұл шағын мерейсөзімді мен ол кісімен ең алғаш қалай танысқанымыздан бастағанды құп көріп отырмын. Ол үшін әңгімені сәл әріректен бастауға тура келеді.

Әйгілі 1991 жыл 16 желтоқсан. Қазақ халқының сан ғасырлық арманы орындалған күн!

Ол кезде біз арғы бетте – Қытай елінде, Үрімші қаласындағы Шынжаң гуманитарлық ғылым академиясының Әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып істеп жүр едік.

Сөйтіп жүрген күндердің бірінде бізге Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен ұстаздық қызметке арнайы шақыру келді. Оның қалай келгені, ол – өз алдына бөлек әңгіме...

Сол шақырту бойынша 1993 жылы ақпан айының 20 күні аңсаған азат Отанның топырағына табанымыз тиді. Ол күн сенбі болатын. Сенбі, жексенбі демалып, дүйсенбі күні – яғни ақпанның 22 күні Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-ге имене қадам басып, Шығыстану факультеті қытайтану кафедрасына бардым. Кафедра меңгерушісі мені факультет деканына алып барды. Декан Әбдіғани Чупеков деген ағамыз кем сөзді, өте кішіпейіл жан екен. Ол кісі көп кідірмей әлде кімге менің келгенімді айтып телефон соғып еді, трубканың ары жағындағы дауыс не дегенін қайдам, Чупеков ағам дегбірі қашып: «хорошо, хорошо, қазір» деп басын шұлғи берді. Сосын трубканы тез қоя салды да, орнынан ұшып тұрды. «Проректор қонақты алып маған келіндер деп жатыр. Кеттік», – деді. Ол заманда мен «проректор» деген сөздің не қызмет екенін түсінбейтін едім. «Онысы кім болды екен?» деген оймен әлгі кісілерге ілестім де жүріп отырдым. Көп қабатты ғимараттың әлде 7-ші, әлде 8-ші қабатына көтерілдік. Мандайшасында «Тілдер және халықаралық байланыс жөніндегі проректор, филология ғылымдарының докторы, профессор Дербісәлиев Әбсаттар Бағысбайұлы» деген жазуы бар есікке тұмсық тіредік. Кідірмей ішке кірдік. Келіп тұрғанымыз әйгілі шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәлі ағамыз екен. «Ой, айналайын Дүкенжан, қош келдің! Ел-жұрт, ауыл-аймағың аман ба?» - деп кәдімгі мені бұрыннан танитын адамдай амандасып жатыр. Мен шамалы таңырқап қалдым. Сөйтсем, ҚР ҰҒА академигі, ректор Көпжасар Нәрібаевтың тапсырмасы бойынша мені ҚазҰУ-ге ұстаздық қызметке шақырудың барлық шаруасын Әбекең өзі ұйымдастырып, өзі қадағалап отырған екен. Аз-кем әңгіменден соң Әбсаттар ағамыз телефон соғып жатақхана туралы біреуге тапсырма берді де, «ал Дүкенжан, 15-ші жатақханада бөлмең дайын. Оқытушылық жүктеменді кафедра меңгерушісі бөліп береді. Басқа сұрақтар туындап жатса, мына кісілерге айтасың. Бұл кісілер шеше алмаса немесе шешпесе кез-келген уақытта тікелей менің өзіме кел. Ректорға сенің келгеніңді айтам. Ол кісі де уақытына қарап, өзінді қабылдайтын шығар...», – деп мені шығарып салды.

Сол күні кафедра меңгерушісі педагогикалық жүктеменді бөліп, дайындап қолыма берді, ертеңінен бастап Шығыстану факультеті қытайтану мамандығында оқып жатқан

студенттерге «қытай тілі», «қытай әдебиетінің тарихы», «аударма теориясы мен практикасы» дейтін пәндер бойынша ұстаздық жұмысымды бастап кеттім.

«Бастауын» бастап кеттім-ау, бірақ жұмысты бастаған күннен-ақ бір мәселе құдайдың құтты күні алдымнан шығып отырды. Ол – анау-мынау емес, кәдімгі аудитория мәселесі. Олай болатын себебі, Шығыстану факультеті о баста филология факультетінен бөлініп шыққандықтан, жаңа факультеттің арнайы оқу корпусы былай тұрсын, өзіне тиесілі аудиториялары да жоқ екен. Қазіргі ҚазҰУ бас корпусында орналасқан филфактың тау жағындағы 4-5 кабинетіне Шығыстану факультетінің деканаты және кафедралары жайғасыпты. Сабақтарды қаңғып жүріп немесе андып жүріп филфактың бос аудиторияларына өтеді екенсің. Бос аудитория тапқаныңмен, филфактың замдекандары әсте жайыңа қалдырмайды. Біреуі келіп: «бұл аудиторияға кураторлармен жиналыс болады» деп қуып шығады, тағы біреуі келіп: «бұл аудиторияда консультация өтеді» деп қуып шығады, енді біреуі келіп: «бұл аудиторияда заочниктерге сабақ болады»... деп қуып шығады. Бастабында «мақұл» деп босатып беріп жүрдім. Бара-бара сабақтың берекесі кетіп, жыным келе бастады. Бір күні замдеканға «шықпаймын!» деп қатқыл жауап бердім де, сабағымды ары қарай жалғастыра бердім.

Қоңырау соғылып, сабақ аяқталғанда бір қыз келіп «Сізді филфактың деканы шақырып жатыр», - деді. Қайтадан қаным басыма шауып, ашу қыса бастады. Сол ашулы бейнеммен филфак деканының есігін қақтым.

Әдеміше келген, аққұба өңді, сұңғақ бойлы, жүріс-тұрысы да, сөзі де сырбаз, мырза киінген дегдар болмысты жігіт ағасы есікке таман келіп, жылы шыраймен аман-сәлем жасасты. Аз-кем әңгіменден соң Жанғара ағам:

- Иә, Дүкенжан, естіп-біліп те жатқан боларсың, шығыстану факультеті біздің филология факультетінен бөлініп, жеке отау болып шыққан факультет. 5-6 аудиториямызды жаңа факультеттің деканаты мен кафедраларына бердік. Ал аудиториялар екі факультетке ортақ. Жаңа ғана маған «Шығыстану факультетінің Дүкен Мәсімхан деген ұстазы аудиторияны босатпай қойды» деген ақпарат жетті. Өте дұрыс істегенсің. Университетте болсын, мектепте болсын, сабақтан маңызды еш нәрсе жоқ. Шығыстану факультетіне арғы беттен Дүкен Мәсімхан деген ақын, ғалым жігіт келіпті деп естігем. Бір жағы танысайын деп шақырып отырмын. Бұдан былай, егер бос аудитория бізге қатты керек болып жатса, сол аудиторияның есігіне күні мен сағаты көрсетіліп алдын-ала хабарландыру ілінеді. Егер хабарландыру ілінбесе, ол аудитория бос деген сөз. Ондай аудиториядан қуып шығуға еш кімнің хақысы жоқ, - деп бір тоқтағанда мен әлгіндегі ашулы бейнемді қайда жасырарымды білмей қатты абдырап қалдым.

Сосын, Жанғара ағам әңгімесін әрі қарай жалғап:

- Ғылыми дәрежең бар ма? - деп сұрады.

Мен ғылыми дәреже қорғамағанымды, Қытайда бұл мәселе қатты талап етілмейтіндігін, өзімнің де онша құлықты емес екенімді айттым.

- Қазақстанда ЖОО-да, Ғылыми мекемелерде жұмыс істеймін десең, жоғары ғылыми дәреже қорғамай болмайды. Сен әлі жассың ғой, біздің кафедралардың бірінен қазақ-қытай әдебиеттерін немесе тілдерін салыстыру бағытында тақырып алып, қорғап алғаның дұрыс. Әдебиет бойынша бізде Қабдоловтың кафедрасы, Кәкішевтің кафедрасы деген екі кафедра бар, тіл білімі бойынша да екі кафедра бар, сондағы ғалымдармен сөйлесіп көрерсің, – деп Жәкең орнынан тұрып келіп, қолымды алып шығарып салды.

Филфак деканының бұл ағалық ақылы маған әжептәуір ой салғанымен, бірден құлшына кірісіп кеткен жоқпын. Алайда, ең кереметі сабақ өтіп отырған аудиториямнан мені кім көрінген келіп қуып шықпайтын болды... Ара-тұра коридордан кезігіп қалғанда Жәкең аман-саламнан соң «қалай Дүкен жан, бәрі дұрыс па?» деп жымыып өте шыққанда «ғылыми дәреже қорғау» туралы ұсынысы сап етіп ойға орала кететін.

Қысқасы, бізге ғылыми дәреже қорғау туралы ең алғаш ой салған, қамшылаған қазіргі қазақ ғылымындағы абыз ақақалдың бірі, сол кездегі ҚазҰУ филология факультетінің деканы, профессор Жанғара Дәдебайұлы еді.

Азаттықтық буына ішпей-жемей мас боп жүріп, бақыттан бас айналып жүріп 2-3 жыл өте шығыпты. Әрине бұл 2-3 жылда ұстаздықтың сыртында, Республиканың «Азия», «Парасат», «Түркістан» қатарлы мерзімді басылымдарында, «Алатау» телеарнасында әдеби қызметкер, шолушы болып қосымша қызмет атқардым. Өзге де БАҚ беттерінде қыруар өлең, неше ондаған ғылыми, танымдық, публицистикалық және аударма еңбектерім жарияланды. Жұрт бізді «ақын, жас ғалым» десе соған мәзбіз... Өмір осылай өтіп жатқан.

Өстіп жүрген күндердің бірінде, жаңылмасам, 1996 жылдың жазында марқұм филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Алпысбаевтың үйіне бір шаруамен қаңғалақтап жетіп барсам, төрінде сол кездегі Қазақстан Ұлттық Ғылым Академияның корреспондент-мүшесі, Алаш жұртының ардақты ғалымы Рымғали Нұрғалиев отыр екен, ол кісіні бірден тани кеттім, салам бердім. Күннекең әуелі ол кісіні маған, сосын мені ол кісіге таныстырды. Атағы Алатаудай ғалымды алғаш рет жүзбе-жүз көруім. Бір таңқалғаным, ол кісінің бойынан әлдеқандай «атақты» адамдарда ретті-ретсіз кезігіп қалатын бұлдану, нәнсіну, сыздау, тәкаппарлық, кесірлік, орынсыз мақтан т.б. пендешіліктердің бірде-біреуі байқалмады, керісінше әр әңгімесін әзілмен көмкеріп, сыпайы һәм қазақы юмормен сөйлейтін, нені болса да бетке тіке айтатын кісі екен. Әйгілі ғалымның болмысындағы осы қасиет маған ерекше ұнады. Себебі біздің де дәл солай отырған жерде шамаша әзілдеп, күлдіріп отыратын, көңілге алғанды бетің-жүзің демей шыжғырып айтып салатын мінезіміз бар-тұғын. Сол дастарқан басында айтпағаныммен, ол кісімен рухтас, мінездес болып шыққанымна іштей қуанып отырдым. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» - деп ұлы ақын айтқандай, кейін ол кісіге шәкірт болып, тіптен жақын жүргенде ұстаздың білімінен ғана емес, мінезінен де алғанымыз аз болмады-ау деп ойлаймын. Әңгіме қызығымен біраз отырып қалыппын. «Қонақтың үстіне қонақ келсе қотыр болады» немесе «Екі кісі бейім тұрса есті кісі кейін тұрады» деген атам қазақтың жоралғысымен, тұруға, жүруге қам жасап ем, Рағаң да, Құнағаң да мүлде рұхсат етпеді... Сосын орныма қайта жайғастым. Дастарқан басындағы әңгіме болғанымен, тақырыбы ауқымды да мағыналы – тәуелсіздік тағдыры, отаршылдық кезеңнің зардаптары, қазақ әдебиетінің жай-күйі, елдің демографиялық жағдайы, шеттегі қазақтардың тағдыры, ғалым Б. Кенжебаев, әнші Ж. Кәрменов туралы естеліктер т.с.с. әңгіме арнасы бірден бірге ауысып, өте көңілді отырмыз. Бір әредікте Рағаң менен: «ғылыми атақ-дәрежең бар ма?» - деп сұрады. «Қытайда қорғаған жоқпын, осында да қорғау ойым жоқ еді, филфактың деканы Жанғара ағамыз қорғау керек дегеннен кейін, ойланып қалдым», - дедім. Рекең Қытайда қорғамағанымның себебін сұрады. Мен Қытайда жоғары оқу орындарында болсын, ғылыми мекемелер де болсын, ғылыми дәрежені аса қатты талап ете қоймайтындығын, оның есесіне әр саланың өзінің ғылыми атағы болатындығын, оны стажға, нақтылы еңбек нәтижесіне қарап беретіндігін, соған байланысты ол елде жоғары білімнен кейінгі ғылыми ізденістің (магистратура, докторантура) жаппай үрдіске айналмағандығын, осылайша өзімнің де ешқандай бір ғылыми дәреже қорғамай-ақ, академияның орта дәрежелі атағын (доцент дәрежелі) алғанымды тәптіштеп айтып бердім. Бұнымды мұқият тыңдап алған ғалым ағам: «Қазақстанда біржола қалатын ойың бар ма?» - деді. «Иә, қалдым. Азаматтық алдым», - дедім. «Олай болса енді қорғау керек, Жанғара ағаң да дұрыс айтады. Менде бір керемет тақырып бар, кімге берсем екен деп басым қатып жүр еді, сен жақсы кезіктің». Рағаң әй-шәйға қарайтын емес. Мен сөздің бір кезегінде, мұнда аспирантураға түсудің де, түскен соң қорғаудың да оңай емес екенін, соған байланысты торығып, ойланып жүргенімді айттым. Рағаң: «Торықпа бала! Қайтпа батыр Албан! - деп арқамнан ақырын ғана қағып қойды да, – өзің Мұстафа Шоқайдан аумайды екенсің, саған сол Мұстафа Шоқай бабаңның аруағы риза болатын бір тақырып берейін. Тә-ә-әк, бүгін жексенбі, сен маған сәрсенбі күні түстен кейін сағат үште кафедраға кел, келістік пе?» «Келістік!».

Уағдалы күні сағат 15:00-де жұрт «Қабдоловтың кафедрасы» атап кеткен Қазақ әдебиеті кафедрасына имене кірдім. Рағаң төрде отыр екен, қасында кафедраның 3-4 мұғалімі бар. «Кел Мұстафа Шоқайдың інісі, былай кел, - деп маған бір орын нұсқады да,

қасындағы мұғалімдерден: мына жігітті танитындарың бар ма?» - деп еді, әлгілердің арасынан әлдекім: «Үйбай-ау, Раға, Дүкен Мәсімханды танымай не бопты бізге...» - дей бергені сол еді, Рағаң: «Жоқ, танымайды екенсіндер. Қайдағы Мәсімхан?! Мұстафа Шоқай ғой, басты қара, мұрынды қара, мұртты қара... айнымай қалған». Ол кісінің сөзін қасындағылар да: «Иә, иә», «келеді», «ұқсайды»... деп қостап жатты. Осылай оны-мұны әңгімемен аз отырған соң, Рағаң орнынан тұрып маған: «жүр, екеуіміз оңаша сөйлесейік» - деді де, мені іргелес бөлмеге ертіп кірді. Кірген бойда жаттап алған адамша ағыл-тегіл сөйледі де кетті. Үнсіз тыңдап отыра бердім. Сондағы Рағаң әңгімесінің жадымда қалған ұзын ырғасы мынау:

«XX ғасырдың басы адамзат тарихында әлемнің түкпір-түкпіріне саяси ояну, рухани сілкініс әкелумен ерекшеленді. Бұл арада жер жүзіндегі оянулар мен сілкіністерді санамалап жату басы артық сөз болар. Біз тек айтарымызға арқау болғалы отырған өңірлердегі – Қазақстан, Ресей, Қытай елдеріндегі, XX ғасыр басындағы тірлікті еске алайықшы. Ресейдегі қазан төңкерісі, коммунистер жеңісі, КСРО деп аталатын еуразиялық алып державаның өмірге келуі; Қытайдағы «4-мамыр» жастар қозғалысы бастатқан демократиялық-ағартушылық бағыттағы толқулар, гоминдаң және коммунистік партияларының құрылуы, ең соңында ҚХР дейтін империяның өмірге келуі; Қазақстандағы 16-шы жылғы көтерілістер, Алаш партиясының өмірге келуі, ұлт-азаттық бағыттағы рухани-ағартушылық сілкіністер, тұтастүркістан идеясының өмірге келуі, ол идеяны қолдаушылардың ақыр аяғында еуразиялық алып державаның қанды шеңгеліне ілініп, жаппай қырғынға ұшыпауы... т.б. осының бәрі сөз болып отырған кезеңдегі адамзат қоғамында болып жатқан ояну мен жаңғырудың Қазақ халқы мен қазақ қоғамын да айланып өтпегендігін толық айғақтайды. Ал Ресей мен Қытайдағы ояну мен сілкіністер өзінің діттеген жеріне жетіп тынды да, тек біздегі ояну мен сілкіністер жөргегінде тұншықтырылды. Алайда қудалауға ұшыраған Алаш рухы, ұлт-азаттық идея енді біртіндеп КСРО аумағынан тыс жерлерде әрекет ете бастады. Сондай өңірдің бірі Шығыс Түркістан, қазіргі Шынжаң болғаны белгілі. XX ғасырдың 20-шы жылдарынан ҚХР құрылған 1949 жылға дейінгі Шығыс Түркістанда болған ұлт-азаттық күреске, Шығыс Түркістан Республикасының құрылуына ұйтқы болған бір-ақ нәрсе, ол – Алаш азаттық идеясы. Осы идеяны жырлап, халықты оятқан, алды атылған, арты қытай түрмесінде шіріген қаншама ақын-жазушылар бар. Айталық, Ақыт, Таңжарық, Көдек, Әсет, Әріп, Жүсіпбекқожа, кешегі Бұқара, бүгінгі Омарғазы т.б. толып жатыр. Осылардың шығармашылығы мен өмірбаянын, сол кезеңнің әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяны, оны жырлаушы ақын-жазушыларды атажұртқа оралту, ғылыми айналымға енгізу бүгінгі қазақ әдебиетіндегі көкейтесті міндет. Ол үшін сол жақта туып өскен, сол жақта жоғары білім алып келген, қытай тілін жетік білетін, төте жазуды да емін-еркін оқи алатын адам болса деп армандап жүр едім. Өйткені онсыз бұл тақырыпты діттеген жерге жеткізу қиын. Міне сені маған, маған ғана емес, қазақ әдебиетіне, тіпті Қазақстанға құдай айдап келіпті. Енді «ұрыста тұрыс жоқ» деген, білекті сыбан да кіріс. Тақырыпты «Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идея (XX ғасырдың 20-50 жылдары)» деп алайық.

Осы ойларын айтып болды да Рағаң: «келістік пе?», - деді. Мен: «Келістік», - дедім.

Содан бірер апта өткенде Рекең мені кафедраға іздеп келді. «Келесі аптаның бейсенбісі күні түстен кейін сағат 3-те кафедрада тақырыбыңды талқылайды. Кешікпей кел», - деді.

Уағдалы күні кафедра мәжілісінде тақырыбым жан-жақты талқыланды. Кафедра меңгерушісі, жиналысты жүргізіп отырған академик Зейнолла Қабдолов ақсақал тақырыбымыздың өзектілігін, жаңалығын, маңыздылығын айта келіп, сәттілік тілеп батасын берді.

Жиналыстан кейін Рекең мені оңашалап: «Алда декан қол қоятын қыруар қағаз бар, оның үстіне тақырыбыңды енді факультеттің ғылыми кеңесі бекіту керек. Сол үшін мен сені қазір деканға таныстырып, табыстап шығайын», - деді. «Жоқ, аға, мен ол кісіні танымын. Өзім барайын», - деп шоқ басып алғандай шоршып түстім. Ондағым, шынымен

де Жанғара көкемді жақсы танымын, оның үстіне маған ғылыми дәреже қорғау туралы алғаш ақылын айтқан сол кісінің өзі. Енді келіп Жәкең Рекеңді «салғаным» қалай болады?! деген ой еді.

Сонымен тақырып бекітіліп қашан қорғағанға дейін, Жанғара көкемнің есігі де, құшағы да маған ашық болды. Әр жолы жолыққан сайын шабыттандырып, қамшылап отырды.

Жалғыз мен ғана емес, сол жылдарда тұтас филфакта қытайдан келген ондаған қыз-жігіт аспирантурада оқыды, стажировкада білім жетілдірді. Солардың бәрінің жатақханадан орын алуы үшін, ықтиярхат, азаматтық алуы үшін, мемлекеттен квотамен баспана алуы үшін университет басшылығының мінездемесі керек еді. Ректордан ондай қағаз алу үшін ең алдымен факультет деканы Жанғара көкемнің жанашырлығы керек.

1999 жылы маусым айында кандидаттық диссертациямды сәтті қорғадым. Бір күні Жәкең коридорда кездесіп қалды:

- Ал, Дүкеш құтты болсын! Бұл жақта сен сияқты жігіттерді «молодец» дейді. Сен де сол «молодецтердің» қатына қосылдың! Енді бұнымен тоқтап қалма, докторлыққа камдан. Саған сәттілік тілеймін! – деп ағалық батасын берді.

Кейін ол кісі, жаңылмасам, 2001 жылы күзге салым ҚазҰУ-дың проректоры қызметіне тағайындалды. Ал мен болсам 2002 жылдың басында Астана қаласындағы ЕҰУ-не ауысып кеттім. Бірақ кезіккен жерде менің Жанғара көкеме деген ілтипатым суыған емес. 2020 жылы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры болып Алматы қаласына қайта оралдым. Бұл кезде Жанғара Дәдебайұлы ҚазҰУ жанындағы Абайтану институтының директоры болып қызмет атқарады екен.

Иә, Жанғара Дәдебайұлы айтып-айтпай еліміздегі әдебиеттану ғылымының абыройын асқақтатып, бәсін түгендеп, әрі оның дамуына тұтас саналы ғұмырын арнап келе жатқан шын мағынасындағы фанат ғалым деп толық сеніммен айтуға болады. Ұстаз, ғалым ретінде Ж. Дәдебайұлының алдынан неше жүздеген әдебиеттанушы жас мамандар, көптеген ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD докторлары түлеп ұшты. Ғалым ретінде ол ондаған монографиялар мен оқулықтардың, неше жүздеген зерттеу еңбектерінің авторы.

Жоғарыда айтқанымыздай, Жанғара Дәдебайұлы өмірінде тек қана бір сыдырғы таза шығармашылықпен беймарал айналысқан адам емес. Ол күш-жігері мен ең шабытты уақытының бәрін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздегі ғылым мен білімді ұйымдастыру ісіне арнады. Атап айтқанда оның басшылығымен елімізде көп сатылы жоғары білім деңгейлері бойынша университеттік филологиялық білім беру тұжырымдамасы жасалды, соның негізінде университеттік филологиялық білім берудің бірінші және екінші басқыштары үшін мемлекеттік стандарттар, біліктілік сипаттамалары және типтік оқу жоспарлары, бағдарламалар дайындалып, өндіріске енгізілді. 2002-2008 жылдары ол әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі оқу және оқу-әдістемелік саладағы барлық жұмыстарды үйлестіру, басқару ісімен шұғылданды. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен университеттің интеллектуалдық ресурстарының даму бағдарламасы дайындалды. Соның негізінде инновациялық технологиялар, университеттің білім беру қызметі саласында Сапа менеджменті жүйесі жасалып, өндіріске енгізілді. Аталған жүйе тұтас еліміз көлемінде сапаны басқарудың тиімді әдісі ретінде маман дайындаудың сатылары мен кезеңдерін ұдайы жақсартудың және білім беру үдерісін тұтастай жаңартудың таптырмас тетігі қызметін атқарды. Бұл ғалым, ұстаз болмаған күнде де, бір адам үшін өте үлкен жетістік. Ж. Дәдебайұлы елімізде тәуелсіздіктен кейін енгізілген білім берудің, мамандар дайындаудың жаңаша стандарттарын, бағдарламаларын дайындай жүріп, ұйымдастыра жүріп, оқу үдерістерін басқара жүріп, ғылыми зерттеу саласында да мен-мен деген бір ғалымның тақиясына тар келмейтін зор жетістікке жетті. Ғылыми еңбектерінен: Шымырлап бойға жайылған (Алматы. «Жазушы», 1988); Ғабиден Мұстафин (Алматы. «Мектеп», 1989); Өмір шындығы және көркемдік шешім (Алматы. «Ғылым», 1991); Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері (Алматы. «Қазақ университеті», 1996); Мұхтар Әуезов (Алматы. «Рауан», 1997); Атыңнан айналайын Әулие ата (Алматы.

«Қазақ университеті», 1988); Жазушы еңбегі (Алматы. «Қазақ университеті», 2001); Атыңнан айналайын. Тараз тарихы туралы толғаныстар (Алматы. «Нұрлы әлем», 2002); Талас аңыздары (Алматы. «Нұрлы әлем», 2002); Қазіргі қазақ әдебиеті: лекциялар курсы (1–25лекциялар. Алматы. «Қазақ университеті», 2002); Қазіргі қазақ әдебиеті: лекциялар курсы (лекциялар. Алматы. «Қазақ университеті», 2003); Адам ата (Алматы. «Қазақ университеті», 2005); Менің университетім (Алматы. «Қазақ университеті», 2007); Адам және заман (Алматы. «Өнер», 2007); Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. (Бірінші том. Алматы. «Өнер», 2008); Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. (Екінші том. Алматы. «Өнер», 2009) деген секілді басты-бастыларын санамалап шыққанның өзінде ғалымның шығармашылық тұғырнамасы мен азаматтық ұстанымын айқын аңғаруға болар еді. Әрине, ғалымның әрбір еңбегінің мазмұны мен жаңалығына, бүге-шігесіне талдау жасап отырсақ, ол тараптағы сөздің өзі әрине, үлкен бір монографияға жүк болар еді.

Жанғара Дәдебайұлы 2008 жылдан бермен қарай ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми зерттеу институтының директоры. Бұл тарапта да ол ұлы ақынның, ойшыл хакімнің шығармашылығын жаңа заманның талабы тұрғысынан зерттеу бағытында қажырлы еңбек етіп келеді.

Бір ғажабы еліміздің ғылым, білім саласының дамуына, әсіресе тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі еліміздің ғылым, білім саласындағы жаңа нормалардың, жаңа реформалардың жүзеге асуына бар күшін салып, саналы ғұмырын арнап келе жатқан ғалымның еңбегінің лайықты бағаланбағанына таң қалдық... «Ері елін қорғайды, елі ерін қолдайды», «Ел үмітін ер ақтар, Ер мұратын ел сақтар», «Елдің қамын ер жесін, ердің қамын ел жесін» деген мақал-мәтелдерді атамыз қазақ жайдан-жай айтпаса керек-ті. Жарайды, Жәкең өзінің туа бітті дегдарлығымен атақтың, марапаттың артынан жүгірмеген болса, еңбегін еліне бұлдағысы келмегені шығар немесе еліне сенген шығар... Бала күнінде үлкендерден «таудай бол», «еңбегің жансын» деп бата алып өскен азаматтың «таудай» абыройға ие болып, еңбегі жанып жатқаны, түптеп келгенде Жанғара көкеміздің өзіне емес, ғылым саласына – инемен құдық қазуға енді келіп жатқан жастарымызға үлкен үміт сыйлайтын, шалқар шабыт беретін тағылымды жоралғы емес пе?!

Сөзіміздің соңында, бүгінгідей мерейлі мерекесінің қарсаңында дегдар болмысты ғалым ағамыздың деніне саулық, отбасына амандық, шығармашылық толайым табыстар тілеймін!



Әлия БӨПЕЖАНОВА,
өнертанушы, әдебиет сыншысы,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері

ҒЫЛЫМҒА БАСТАҒАН ЖОЛ

(Әдебиеттанушы-ғалым Ж. Дәдебаевтың сыни шығармашылығы туралы)



Қазақ әдебиеттануы ғылымының ауыр жүгін көтеріп келе жатқан ғалым, ұстаздардың бірі Жанғара Дәдебаевтың есімі сонау 80-жылдары мерзімді басылымдар арқылы танылды. Ғылыми дәйегі, талдауы байыпты мақалаларымен көрінген талантты жас ақыры ғылымға біржолата бет бұрды. Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетте көп жылдардан бері үзіліссіз ұстаздық етіп келе жатқан ғалым бұл күнде филология ғылымдарының докторы, профессор, республика жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының академигі. Ендігі сөз ғалым Ж. Дәдебаевтың ғылыми зерттеушілік әлеуетін танытқан «Шымырлап бойға жайылған» (1988) жинағы туралы аз-кем

сөз.

Ғылымға жол бастаған бұл жинақ автордың сыншылық та, зерттеушілік те сипаттарын танытар еді. Қазақ прозасының даму заңдылықтары, үздік көркемдік дәстүрлер жалғастығы, типтік характер мен типтік жағдай, қаламгерлердің түбегейлі ой өзегінің жетілу сатылары, сондай-ақ өмір шындығын таңдап-талғап, саралаудағы суреткерлік нысана, шеберлік сырлары – жинақты осының бәрі бар. Автор алғашқы «Аралақтар» бөлімінде қазақ әдебиетінің белгілі туындылары – Т. Әбдіковтің «Оң қол», О. Бөкеевтің «Жасын», «Мұзтау», Қ. Мұханбетқалиевтің «Жігіттің көз жасы» шығармаларын талдайды, бұл жазушылардың көркемдік-эстетикалық ізденіс аясын зерделейді. Типтік жағдай және типтік характер тұрғысынан М. Сқақбаев, М. Қаназов, С. Ләмбеков, Б. Шаханов, Б. Мұқаев, М. Сүндетов, Қ. Найманбаев туындыларындағы ұқсас сипаттар мен сарындарды ала отырып ой жинақтайды. Сыншы Б. Шахановтың «Қаратаудың самалы» кітабындағы повестері мен М. Сүндетовтің «Қызыл ай», Қ. Найманбаевтың «Көктөбе» романдарын адам және әлеуметтік орта, тартыс, оның деңгей-қуаты, пайдалы әсер коэффициенті негізінде толымды талдайды.

«Шындық пен шынайылық арасы» мақаласында Р. Сейсенбаевтың «Шайтанның тағы», Б. Алдамжаровтың «Жықпыл», Р. Тоқтаровтың «Сусамыр» романдарын тілге тиек етіп, олардағы кейіпкерлердің қоғамдық, азаматтық келбетін қоғамдық-әлеуметтік мәселелер аясында суреттелетін өмір құбылыстарының белгілі мезгіл мен мекен аясындағы маңыздылығының сипатына назар аударып талдайды.

Жанғараның сыншылық болмысын, ерекшелігін тереңірек ашатын – жинақтың «Жүйелер» бөлімі. Әдеби шығарманы одақтық, дүниежүзілік жалпы әдеби процесс аясында қарастыру, әсіресе, осы бөлімдегі мақалаларынан жақсы көрінеді. «Жалпы мен жалқы» қазақ прозасының, атап айтқанда, роман жанрындағы көркемдік ойлау көкжиегі туралы тұжырымдарын ортаға салатын ғалым-сыншы қазақ романының тарихын неге «Абай жолына» дейінгі және кейінгі деп екі кезеңге бөлетінін өз призмасынан дәлелдеуге ұмтылады. Қазақ әдебиетінде Әуезов салған тарихи шығарма жүйесінің кейінгі жылдары кең арнада даму заңдылықтарын ұлы суреткер әлемінде еркін жүзе отырып қарастырады. «М. Әуезов тұсында қазақ әдебиетінде болмаған немесе кейбір жалқы үлгі-элементтері ғана болған көркемдік құбылыстар бүгінде толық қалыптасу, жаңа даму сатысына көтерілді», - деген пікірін дәйекті дәлелдеп шығатын сыншы мақалаларының бәрінде де әдебиетіміздегі Әуезов дәстүріне ден қояды. Әуезовтің көркемдік-эстетикалық принциптерін де кеңінен талдап отырады. Оқырманға, мүмкін, бұрыннан белгілідей көрінетін жайттарды роман-

эпопеяның көркемдік тін-ділінен, образдар мәнінен туындата отырып басқа бір қырынан алға тартады. Сыншының, әсіресе, «Абай жолы» туралы өзі қарастырып отырған тақырыбына орай еркін көсілуі – біріншіден, эпопея туралы жазылған әртүрлі еңбек-зерттеулердегі әр қилы, әр деңгейлі, дегенмен де, негізінен бір арнада тоғысар пікірлерді бүгінгі таңдағы әдеби дамуға орай өзіндік тұжырымдармен толықтыруға ұмтылысын, екіншіден, Әуезов шығармашылығын жақсы білетін автордың сыншылық-адами болмысын танытады. Мақалада Әуезов дәстүрінің Ә. Нұрпейісов шығармашылығында дамуын негізінен «Қан мен тер» романындағы Ақбала бейнесіне орай талдайтын сыншы Нұрпейісовтің образ жасаудағы ерекшелік-жаңашылдығын да ашып көрсете білген. «Абай жолы», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» туындылары мен «Қан мен тер» трилогиясының ортақ сипаттары мен ерекшеліктеріне тоқтала отырып, Нұрпейісовтің Әуезов дәстүрін сәтті жалғастырып, суреткерлік ой тұрғысынан дамытуын зерделейді. Нұрпейісов трилогиясын және онда Еламан, Ақбала, Қәлен сияқты кейіпкерлерді қоғамдық-әлеуметтік, таптық тұрғыдан логикалық жүйелілікпен қисынды талдау-танымдары қызғылықты.

Жинақта тарихи шығармалар төңірегінде ой таратып, Әуезов шеберлігінен бастау ала дамитын үдерістер сөз болады. Әуезовтен кейінгі көп томды романдарға тоқталып, суреткердің әңгімелерінен басталып, «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Абай жолында» мейлінше терең суреттелген әлеуметтік теңсіздік және оған қарсы күрес тақырыбының С. Жүнісовтің «Ақан сері», Д. Әбілөвтің «Ақын арманы», Ш. Мұртазаевтың «Қызыл жебе», Қ. Сәрсекеевтің «Қызыл жалау» т.б. романдарда тапқан жалғастығын аздық-көпті сөз еткенде де басты объектісі Әуезов болып шығып отырады. Және де Сұлтанмахмұт, Ақан сері, Рысқұл, Қален, Құныскерей, Құлан, Кейкі сындыкейіпкерлерді талдағанда қоғамдық-әлеуметтік орта – уақыт мәселесіне тереңдей енеді. Сыншы Әуезов психологизміндегі аналитикалық және динамикалық сипаттың қазіргі әдебиеттегі көрінісін «Іш пен тыс» мақаласында да нақты, ғылыми дәйектілікпен талдайды. Әуезов тағлымын, оның қазіргі қазақ тарихи прозасындағы көрінісін, жалпы қазіргі қазақ прозасының даму заңдылықтарын, оның бойына шымырлап тарап отырған үздік көркемдік дәстүрлердің жалғастығын жан-жақты қарастыратын сыншының теориялық байыптылығы, талдау-жинақтау парасаты тәнті етеді. Ғалым-сыншы Ж. Дәдебаевтың тәуелсіздік кезеңінде құлашын кеңге жазып еңбек еткені ғылыми зерттеулер ауқымынан көрінеді. Оның М. Әуезов шығармашылығын, қазақ тарихи романындағы дәстүр мен жаңашылдықты, шешендік өнер теориясының негіздерін, тағы да басқа зерттеулері, қазіргі қазақ әдебиеті туралы арнайы лекциялары қазақ әдебиеттануына қосылған мазмұнды еңбектер, зерделі шәкірттер үшін жақсы білім көзі.



КЛАССИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ: ПОСТКОЛОНИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ



Тәуелсіз кездегі қазақ әдебиеттануының заманауи дамуына патша кезінен бастап 1988 жылға дейін тыйым салынған А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов зерттеулеріндегі антиколониалық тарихи ұстаным А. Қыраубаева, Ә. Дербісәлі, Ж. Дәдебайдың зерттеулерінде қайта жаңғырды. Қазақ әдебиеттануындағы постотарлау кез осылай жалғасты.

Бұған дейін біз тек өзге ұлт өкілдері – ориенталистер ғана жазған тарихи мәтіндерді солар көрсеткен тұрғыда ғана негізге алатынбыз. Бұл үрдіс күні бүгін бар. Тәуелсіз кезде ғана бұл тарихи, әдеби жәдігерлеріміз өз зеттеушілеріміздің, өз мемлекеттік мүдде тұрғысынан қайта зерттеле басталды. Классикалық әдебиеттанудың өкілі Жаңғара Дәдебайдың басты тақырыбы – А. Байтұрсынұлы айтқандай, сөздің асыл

болу шарттарын ұстана отырып, асыл сөздегі ел тарихы мен ұлттық код тұрақтылығын пән сөздері арқылы айқындау болып табылады.

Орта ғасырдан басталған әдеби жәдігердің тұңғыш теориялық талдауы – Орхон-Енисей жазбаларының Жаңғара Дәдебайдың Тоныкөк бастаған осы тас мәтіннің қазақ тарихы мен сөз өнеріне тікелей қатысы бар деген тұжырымы тәуелсіз кезде ғана орнықты. Бұрыңғылар тұспалдап айтқанын Ж. Дәдебай нақты талдаулар арқылы анықтап: Тоныкөктің сөзі Түрк жұртының ғана емес, қазаққа тікелей қатысты деп аныған жазды.

Ж. Дәдебай «Тарих-и-Рашидидің әдеби-эстетикалық мәні» атты зерттеуімен қазіргі қазақ тіліндегі әдеби-эстетикалық парадигмалардың бастауы осы әдеби жәдігерден басталады деп, бұл тұжырымын дәлелдеп берді. Тәуелсіздік кездің әдебиеттануы ежелгі әдебиет мәселесіне жаңа тұрғыдан қарады. Бұрын ауыз әдебиеті, тарих саласының зерттеулері ғана деп саналған әдеби жәдігерлер алғаш рет кәсіби әдеби-теориялық зерттеулерге нысан болды. Осы ретте М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашидиі» ұлттық код тұрғысынан әдеби мәтін яғни тарихи негізді көркем мәтін екенін де теориялық тұрғыдан тұңғыш рет дәлелдеп берген ғалым Жаңғара Дәдебай болды.

Ж. Дәдебайдың «Мұхаммед Хайдар Дулатидің әдеби-эстетикалық көзқарастары (1499-1500-1551)» атты зерттеуінде «Тарихи Рашидиі» диалогиясы тұңғыш рет қазіргі мағынадағы әдебиеттанулық талдауға алынған. Бұл зерттеудің негізгі теориялық ұстанымы былай реттелген: «Қазақ тарихи прозасының әуелгі үлгісі қатарына жататын Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиі» атты диалогиясы – тарихи-филологиялық, әдеби-эстетикалық, көркемдік сипаттары тең түсіп жатқан, жанрлық табиғаты да, зерттеу, суреттеу пәні де күрделі туынды. Онда автордың тарихи, әлеуметтік, философиялық, әдеби-эстетикалық көзқарастары, шығармашылық тұрғысынан тиянақталған. Сондықтан да XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүріп, еңбек еткен автордың әдебиет, сөз өнері туралы ойлары мен толғаныстарын, көзқарастары мен пікірлерін қазіргі заман талаптары мен сұраныстарына сай тарихи тұрғыда таразылаудың мәдени-әлеуметтік маңызы зор.

Көркем әдебиет тарихында қаламгер өз шығармашылық еңбегі, шығармашылық ойлау ерекшеліктері туралы айтқан пікірлері мен тұжырымдары, толғаныстары аса маңызды қызмет атқарады. Әлем әдебиетінде мұндай тәжірибе XVIII-XIX ғасырдан бастап қана орын алады. Бұл тұрғыдан келгенде Мұхаммед Хайдар Дулати әлем әдебиеті тарихында шығармашылық лабораториясы туралы өз байлауларын өзі баяндаған алғашқы қаламгерлердің бірі болып табылады. Бірінші кітаптың кіріспесінде автор өз

шығармашылық еңбегі жайында әдеби маңызы жоғары ой айтады. Солардың ішінде автордың алдағы уақытта жазылмақ шығарманың тақырыбы мен қаламгер тұлғасы айналасындағы пікірлері тарихи құндылығымен ерекшеленеді. Шығармашылық еңбекке ден қойған тұлға үшін, М.Х. Дулатидің пайымдауынша, төрт шарттың орны бөлек. Оның бірі – жазуға мүмкіншіліктің болуы. Екіншісі – білімнің жеткіліктілігі. Үшінші – жазуға қажеттілік. Төртінші – білімге, білуге құштарлық [1, 188]. Бұған дейін біздің зерттеушілер жалпы тұрғыда ғана айтумен шектелетін едік.

М.Х. Дулатидің бұл бағыттағы ойларының, эстетикалық көзқарастарының маңызы бүгінгі күн үшін де жоғары деп санайды зерттеуші. Өйткені «әдеби шығармашылық еңбек, шығармашылық тұлға табиғаты туралы ғылыми айналымдағы қазіргі теориялық тұжырымдардың, пікірлердің өзегі М.Х. Дулатидің әдеби-эстетикалық көзқарастарымен мейлінше үндес. Себебі жоғарыда аталған М.Х. Дулати көрсеткен шарттар мен қасиеттердің маңызы бүгін де жоғары бағаланады» [1, 140]. Яғни «М.Х. Дулатидің білімінің, әдеби танымының тереңдігі, өмірлік тәжірибесінің ерекшелігінен жазылған мәтін жазушылыққа қойылатын басты талаптың бірі болып табылады» [1, 130].

Мемлекет басшысына қажет М.Х. Дулати өз заманында қандай этикалық тәрбие алған? Ориенталистер жансыз етіп сипаттаған М.Х. Дулати қандай тұлға болған? Оның тұлғасы да анықталған (мәтін бойынша): «Бабырдың жанында болған үш-төрт жылда Мұхаммед Хайдар 9-12 жаста еді. Осы жылдары ол Бабырдың Самарқанға, Бұхараға жасаған жорықтарына қатысады. Бала Мұхаммедтің есінде 8 жасында әкесімен бірге Хұсраушахқа барғаны, одан Қорасанға келгені де сақталып қалады. «М.Х. Дулати – XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүріп, қазақ халқының, Орталық Азия елдерінің тарихы мен әдебиетінің, мәдениеті мен өнерінің, білімі мен ғылымының дамуына аса үлкен үлес қосқан ірі ғалым. Оның әдебиет пен өнер, мәдениет туралы ойлары мен пікірлерінің, эстетикалық көзқарастарының, теориялық тұжырымдары мен болжамдарының тарихи мәні терең, ғылыми және практикалық құндылығы жоғары, мәдени-әлеуметтік маңызы зор» [1, 21]. Дулат сөзі қазақтың тарихына тікелей қатысты екені осы ретте нақты айтылды. Бұрын біз білсек те, жазуға бара алмайтын едік. Ресейдің құлдығында ғасырлар бойы бодан болған қазақ тек ориенталистердің сөзіне жүгінуші едік.

М.Х. Дулатидің Бабыр Падишадан кейінгі ұстазы – Моғолстан ханы Сұлтан Саид хан. Сұлтан Саид ханның тәрбиесі мен қамқорлығында ол 13 жастан 24 жасқа дейін болады. Осы жылдар ішінде Сұлтан Саид хан шәкіртінің бойына өз заманындағы аса тәрбиелі және білімді мемлекет қайраткеріне тән қасиеттерді толық сіңіреді. Бұл мағлұматтар Қазақ Мемлекеттілігіне де тікелей қатысты екені енді ғана айтыла басталды. Ол кездегі мемлекетке қызмет ететін тұлғалар қандай білім, ілім алуы қажет деген сауалға да Ж. Дәдебай осы ретте нақты мәтіннен келесі жауап берген.

Сол замандағы М.Х. Дулати Сұлтан Саид ханның тәрбиесінде болған жылдар ішінде алған білімі мен білігі туралы былай дейді: «... мен білім алдым және жақсылық таптым... Жазуда, сауаттылықта, поэзияда, стилистикада, суретте және алтынмен аптауда, сондай-ақ ағаш ою, зергерлік шеберлік, қалқан соғып, оқ жону, садақ ию, қанжар жасау, құрылыс, ұсталық, ат әбзелдерін дайындау және басқа өнер мен кәсіпке төселіп әрі шеберленіп, қатарымнан ерекше дараландым. Осының бәріне төселіп алғаным сонша, бұл кәсіптердің шын шеберлерінің өзі маған шәкірт болуға да жарамай қалды. Бұдан басқа мемлекет басқару мен іс жүргізуде, соғыс өнерінде қазақшылаудан түнгі жорыққа дейін, оқ атуда, аң аулауды ұйымдастыру мен басқаруда және мемлекет ісінде қажет болатын жайдың бәрінде де ол менің ұстазым және ақылшым болды» [1, 4-5]. Мемлекетке қызмет етемін деген әр адам осындай білім мен ілімге ие болғанда ғана, мемлекет басқаруға хақылы болуы осылай меңзелген. Отарлаушылардың қазақты тоздыру үшін кіргізген болыстық жүйесінен әбден рухани құлдыраған қазаққа, қазіргі бізге де нағыз бабаларымыздың осы реттегі қандай ілім мен білім алғанын білу аса қажет.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» қазақ әдебиеті неге асыл сөз дегеніне қатысты нақты тұжырымды зерттеуші Ж. Дәдебай М.Х. Дулатидің өзіне дейінгі

әдеби мұра мен тарихи мұраны айғақтаған пікірімен дәлелдей түседі: «М.Х. Дулати жылнамашы жазушылардың шығармашылық дәстүрі аясында қалыптасқан өмір құбылыстарын жинақтау тұрғысын барынша қолдап, өзі де қолдана отырып, жаңа, тек қана өз эстетикалық нысанасына сай шешім жасайды. Бұлай дегенде, ғұламаның жазылар шығармасына қажетті өмір құбылыстарын саралау және даралау тұрғысындағы биік эстетикалық мұратты ерекше атап көрсеткен дұрыс. Автор өмір құбылыстары туралы мәліметтердің, деректердің көздері алуан түрлі болатынын сипаттай отырып, олардың басты-басты деген мынадай бірнеше нысанын атайды: а) жылнама шығармалар; ә) аңыздар; б) өзгелердің өзге біреулерден естіген әңгімелері; в) өзгелердің өз көргендері туралы айтқан әңгімелері; г) автордың өзі естіген әңгімелер; д) автордың өзі көрген оқиғалар, т.б. Осы аталған дерек таптарын автор әдеп өлшемдері тұрғысынан тағы бірнеше топқа бөледі: а) өсер өркенге жеткізуге, айтуға, жазуға лайықты оқиғалар; ә) өсер өркенге жеткізуге, жазуға лайықсыз оқиғалар. Айтуға, жазуға лайықсыз құбылыстар қатарына автор біреу туралы өз көзімен көрмеген, ақиқаттығына көзі жетпеген парықсыз оқиғалар жайындағы әңгімелерді жатқызады. Ақиқаттылығына көзі жетпеген анайы, жауыздық сипатта әңгімеленген оқиғаларды белгілі бір тарихи тұлғаға танудың адамгершілікке жатпайтынын айту да М.Х. Дулатидің әдеби танымының тереңдігін, әдеби-эстетикалық көзқарасының тиянақтылығын танытады. Сонымен қатар автор белгілі тарихи тұлға өмірде жасаған, бірақ шектен асқан зұлымдық істерді сипаттаудан да тартынады. Өзі көрген, өзінің көз алдында өткен мұндай жауыздық істерді қағаз бетінде жаңғыртып сақтауға, болашаққа ұсынуға автордың ақыл-ойы батылдық ете алмайды. Мұншалық қатыгездік пен жауыздықты не көрмеген, не білмеген оқырманның көңілінде күдік ұялап, автордың суреттеп отырған жайына сенімсіздік туу мүмкіндігі жайлы айтқан ойларында да М.Х. Дулати биік әдеби-эстетикалық талғам мен талап иесі екендігін көрсетеді. Мұндай жағдайда автор артық сөз, артық суреттеуге де бармауды, сөйте тұра үн-түнсіз де қалмауды шындықты шынайы суреттеудің басты кепілі деп біледі [1, 130-131]. А. Байтұрсынұлы меңзеген автордың айтар әр сөзі лұғатты һәм ғибратты болуы қажет дегеніне Ж. Дәдебай осы талдауымен жауап бергендей.

Асыл сөз адамның жан қажеттілігінен туатыны ежелгі әдеби жәдігерде осылай айғақталған. Зерттеуші әдеби жәдігерді тарихи, эстетикалық және этикалық тұрғыда қарастырған. Ғалым мемлекеттік және ұлттық кодтың қандай шарттардан тұратынын осы әдеби жәдігерді талдау арқылы анықтап береді. Ж. Дәдебай осы ретте өмір құбылыстарын көркем суреттеудегі реалистік, шыншыл әдістің өзекті принципі басым деп санайды.

Асыл сөздің о бастан тек әдептілік пен ғибраттылықты басты мақсат ететіні туралы былай делінген: «Тарих-и Рашиди» шығармасына арқау болған өмір құбылыстарының жүйесін автор жоғарыда көрсетілген әдеби-эстетикалық көзқарастарына сәйкес үшке бөліп жүйелейді: а) автордың ел аузынан естіген әңгімелері; ә) автордың өз көзімен көрген оқиғалар тобы; б) автордың өзі көзімен көрген оқиғалар мен ел аузынан естіген, бірақ ақылға симайтын, айтуға ауыз, жазуға қол бармайтын оқиғалар тобы. «Автор бірінші топтағы оқиғаларды қысқаша баяндайды, екінші топтағы оқиғалар жүйесін кеңінен таратып жүйелейді, ал үшінші топтағы оқиғалар тобын мүлде пайдаланбай, назардан тыс қалдырады [1, 330]. Өз жұртының тарихындағы қуғын-сүргін, уайым-қайғы, ұлттың қасіретін білмеген адам қалай мемлекетке қызмет ете алады деген ой осы ретте меңзелген.

М.Х. Дулатидің өзіне дейінгі әдебиетті қалай меңгергені туралы зерттеуші былай дейді: «М.Х. Дулати өзінің алдындағы сөз өнерінің ірі өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын жіті қадағалап, оқып, байқап, бағалап отырған. Шарафаддин Али Йездидің «Зафарнамасын» зерттеп, зерделеп қана қоймай, оны өз еңбегінде дерек көзі, көркем баяндаудың үлгісі ретінде кеңінен пайдаланады. Ал Әбдірахман Жәми, Саодаддин Қашқари, Низамаддин Хамуш, Қожа Алааддин Аттар, Мир Әлішер және басқа өнер адамдарына, олардың өнеріне сипаттама бере отырып, автор өзі тұсындағы, өзіне дейінгі ондаған ғұламалардың, ақындар мен ғалымдардың, қолөнершілердің, суретшілер мен сазгерлердің шығармашылығын жоғары бағалайды. Әсіресе, Әбдірахман Жәми туралы баға

бергенде, автор барынша сүйсініп, қанағаттанып отырады, оны Сұлтан Мырза Хұсайын тұсында өмір сүрген әулиелердің әуелісі, ұлы мәртебелі ұстаздардың ұстазы, білімдарлардың білімдары ретінде таниды [1, 239]. Сонымен қатар ол Ә.Жәмидің өлең жүйесін түзу жолындағы жаңашылдығын, шығармашылық ерекше машығын атап көрсетеді. Мір Әлішердің (Науаи) өлең жазу өнерін Ә. Жәмидің өнерімен теңестіре отырып, ғұлама бұл екі ақынның да шеберлігінің жоғары екендігіне ден қояды, сондай-ақ түркі тілінде Мір Әлішер секілді сонша өндіріп және көркем жазған ешкімнің жоқтығына назар аударады [1, 254]. Мір Әлішердің түркше жазған үш жинағы мен парсыша жазған бір еңбегіне ерекше назар аудара отырып, шығармашылық жолында Мырза Сұлтан Хұсайыннан көп жақсылық көргенін жазады» [1, 11-12]. Бұл мәтіндерді біз күні бүгін бізге тікелей қатысты деп айта алмай келген едік. Қазақтан бөлек, бұлар тек Шығыстық деп айтқан ориенталистердің үйреткенге ілесіп келдік.

Әдеби жәдігердегі тарихи, мәдени оқиғалардың қамтылуы, оның негізгі теориялық танымы қалай іске асқан? Бұл туралы келесі теориялық талдау берілген: «Тарих-и Рашиди» дилогиясында суреттелініп отырған өмір құбылыстарының куәгері, тарихи оқиғаларға қатысушы әрі оларды өз атынан, өзінің қоғамдық азаматтық, жазушылық тұрғысынан баяндаушы автордың өзі. Ол өзі көзімен көрген, ортасында болған немесе басқа бір дерек көзінен алған, көзкөргендердің айтуынан естіген өмір құбылыстарының тобын, әсіресе, тарихи тұлғалардың басынан өткен оқиғаларды өзгертпей, бұрмаламай, қоспасыз суреттеумен бірге, өзінің көзқарасын, тиісті құбылыстарға қатынасын, олар туралы пікірі мен бағасын да тікелей немесе жанама түрде, кейде нәзік ишарамен білдіріп отырады. Бұл тұрғыдан алғанда, шығарма авторы баяндаушы, әңгімелеуші, жазушы ғана емес, шығарманың композициялық тұтастығын ұстап тұрған басты образ дәрежесіне дейін көтерілген көркем бейне, жан-жақгы дараланған және терең ашылған ірі характер. «Тарих-и Рашидиде» автордың дүниетанымы, көзқарасы адамгершілік азаматтық тұрғысы мен рухани әлемі, ойлауы мен сезіну сипаттары осы характер арқылы танылады [1, 13]. Автордың саяси әлеуметтік көзқарасы осылай қисындалған.

Осы ретте Ж. Дәдебай көне әдеби жәдігерді дүниежүзілік әдеби контексте қарастырып, Ф.М. Достоевскийдің пікіріне жүгінген: «Суретте ме, әңгімеде ме, музыкалық шығармада бола ма – бәрінде де оның өзі көрініп тұрады: «ол өзінің көзқарастарымен, мінез-құлқымен, даму деңгейімен, мұны қаламаса да еркінен тыс, бейнеленеді» [2, 136]. Әдебиетші пән сөздеріне жүгініп, келесі тұжырымға келген: «Тарих-и Рашидидегі» ең басты бейне автордың өзі деуінің мәнісі осында. М.Х. Дулати өз шығармасында адам, азамат, тарихи тұлға, суреткер, ғұлама, ақырында образ ретінде дараланған. Автордың шығармасында өмірде болған шындық оқиғалар суреттелгенмен, сол шындық құбылыстармен бірге оның жан шындығы, ішкі табиғи әлемі қоса бейнеленген. Соның нәтижесінде «Тарих-и Рашидиде» дәуір шындығы, заман тынысы, тарихи оқиғалар суреттеліп қана қоймай, сонымен қатар автордың өз болмысы да тұлғаланып, сомдалып шыққан» [1, 14].

Көркем мәтіндегі белгілі тарихи тұлға қалай сомдалған? Осыған байланысты М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде бірнеше тарихи тұлғалардың көркем бейнесі жасалғаны, оның ішінде ерекше назар аударатын қайраткерлердің бірі – Алаша хан екені анықталған. Автор Алаша хан өмірі тарихи контекст аясында бейнеленгенін атап өткен. Шоқан Уәлихан мен Әлихан Бөкейханға дейін Алаша хан туралы тұңғыш рет М.Х. Дулати жазғанын күні бүгін көбіміз біле бермейміз...

Шығарманың құрылымы, оқиғалар тіркемі, композициясы туралы нақты пән сөздері арқылы теориялық талдау берілген: «Белгілі бір оқиғаны баяндап отырып, басқа бір оқиғаны тарихи зерттеудің құрылым-жүйесі үшін бөгде мәнер, ал тарихи көркем шығарма композициясы үшін оның поэтикалық болмыс-бітімінің ерекшелігін бейнелейтін басты көркемдік тәсіл. Әдебиет теориясында белгілі оқиға желісін баяндауды кілт тоқтатып, басқа бір оқиғаны сипаттау баяулату деп аталады. Бұл көркем әдебиетте, тіпті қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерінде де мол пайдаланылатын поэтикалық баяндау тәсілі болып

табылады. М.Х. Дулати «Тарих-и Рашиди» шығармасының бірінші кітабында да, екінші кітабында да баяулатуды өз өнерінің басты поэтикалық тәсілі дәрежесіне дейін көтеріп қолданады. Екінші жағынан, автор баяулатуды түйдектеу тәсілімен де тығыз сабақтастырып отырады. Бұл тәсілдің мәні бір мезгілде, бір мекенде болған оқиғалар тобын басқа мезгіл, басқа мекенде өткен оқиғалар тобымен тұтастыра, қабаттастыра баяндауда». «Тарихи Рашидидің» нарративтық дискурсы мен хронотопы осылай тұңғыш рет сипатталған!

Әдеби жәдігердегі күні бүгін қолданыста бар мақалға қатысты келесі тұжырым берілген: «Дарияның жағасынан құдық қазбайды» деген даналық сөзді қазақ халқы күні бүгінге дейін қолданады. Онда терең мағына, үлкен ғибрат жатыр. Ой терең ғана емес, бейнелі, астарлы. Сондықтан да оны бір емес, әртүрлі жағдайға, ахуалға байланысты қолдануға болады. М.Х. Дулати «Тарих-и Рашиди» диалогиясының бірінші кітабында қазіргі қазақ әдеби тілінің қорындағы осы қанатты сөзді белгілі жағдайға орай мейлінше сәтті, орайлы пайдаланған. Екі түрлі құбылыстың бір-біріне қатысын, сонымен қатар бір-бірінен айырмашылығын бейнелі, образды түрде жеткізу үшін, автор мұндай сөздерге басты бейнелеу және суреттеу құралы ретінде сүйенеді» [1, 19].

Әдеби жәдігердің көркемдік, тарихи-эстетикалық мәні неде? Диалогия қандай мақсатпен жазылған? Асыл сөз – әдебиеттің негізгі міндеті туралы былай делінген: «Тарих-и Рашиди» құрылымында тарихи өмір шындықтары, мемлекет тарихы, мемлекетті басқару, мемлекет қайраткерінің саяси, азаматтық келбеті, өнер мен білім, әдебиет пен мәдениет, философия, дін, заң, жаратылыстану және басқа ғылым салалары бойынша мол мағлұматтар, бағалы деректер бар. «Тарих-и Рашидидің» тарихи дерек көзі болуы оның тарихи-танымдық әдеби еңбек, көркем шығарма ретіндегі табиғатына қайшы келмейді, тарихи-танымдық әдеби еңбек әрі көркем шығарма болуы оның тарихи дерек көзі ретіндегі құндылығына көлеңке түсірмейді. Мұның өзі «Тарих-и Рашидидің» әдеби еңбек әрі көркем шығарма ретіндегі жанрлық табиғатынан туып жатқан ерекшеліктер қатарына жатады» [1, 20].

Зерттеуші осы ретте автор мен авторлық ұстанымға қатысты нақты теориялық пайымдау жасаған: «Әдеби шығармада ойдан шығару мен ойдан қосуға жазушы екі түрлі себепке байланысты қол артуы мүмкін: а) қаламгердің қолында жеткілікті тарихи деректер болмаған жағдайда; ә) жазушы өз қолында бар белгілі деректі пайдаланудан әдейі бас тартқанда. М.Х. Дулати өзінің еңбегінде тек қана шындық оқиғаларды суреттейді, ойдан қосуға да, ойдан шығаруға да бармайды. Бұл – қаламгердің басты шығармашылық даралығы». Сондықтан болар Тарихи Рашиди М.Х. Дулатидің ұрпағына: сіз бен бізге қалдырған тарихи аманаты! Сол кездегі өзіне мәлім тарих пен ілімді бізге жеткізудің амалы деп қабылдауымыз қажет. Бұл ұстаным Ж. Дәдебайдың келесі зерттеуінде анық айғақталған.

Қазіргі әдебиеттанудағы мазмұнды форма, сөйлеу жүйесі, көркем дискурсқа қатысты әдебиетші Жанғара Дәдебаев «*Көне түркі әдеби ескерткіштерінің көркемдік жүйесіндегі жанр түзуші факторлар*» атты зерттеуінде көне түркі мұрасына келесі теориялық тұжырым берген: «Тасқа жазылған әдеби ескерткіштердің жанрын анықтауда оларды поэзия немесе проза жанрына жатқызар, болмаса қара сөз бен өлең сөз аралас өрілген үлгі деп тану жеткілікті бола алмайды. Бүгінгі шақта әдеби шығарманың жанрын поэзия немесе проза талаптарына лайықтап анықтауға ұмтылу бірден-бір дұрыс және ғылыми жағынан баянды тұрғы бола алмайды. Әсіресе көне түркі жазба ескерткіштерінің жанрлық табиғатына үлкен жауапкершілікпен қарауға тура келеді. Көне түркі әдеби ескерткіштері негізінде жанр түзуші фольклордың тұтастай жүйесін анықтаудың аса өзекті ғылыми мәселе екендігін де есте тұтқан артық емес. Бұл орайда әдеби шығарманың пішінін, баяндау жүйесін құрайтын құбылыстарды ғана емес, мазмұнын түзетін факторларды да негізге алу шарт... *Ескерткіште түркі халқының тәуелсіздігі, түркі мемлекетінің егемендігі туралы мақсат пен мұрат ерекше қасиет ретінде қастерленеді. Осы мақсат пен мұрат жолында халықтың ынтымағы мен бірлігі де ардақталады. Ханның інілері мен*

балаларына айтып отырған ақылы оның бүкіл кейінгі ұрпақтарына қалдырған өсиеті дерлік».

Осы ретте мәтіннің жанрлық ерекшелігіне талдау берілген: «бұл жерде шығармашылық еңбектің бастапқы жанрлық ерекшеліктері көрініс тапқаны байқалады. Могиланның басындағы құлпытастағы жазу туралы да, «Күлтегін», «Тоныкөк» әдеби ескерткіштері туралы да осыны айту дұрыс: шығармашылық еңбек процесі, жазушы еңбектерінің сатылары мен ерекшеліктері, сөз иесінің өмір шындығынан өнер туындысын жасау жолдары және осының бәрінің жанр түзуші факторлар жүйесін түзудегі қызметі туралы ой осы ескерткіштерден бастау алады. *Аталған әдеби ескерткіш авторларының өмір шындықтарын, тарихи оқиғаларды жинақтау, суреттеу даралығы, образ жасау, мінез даралау, сөйтіп жанр түзу шеберлігі шығармашылық ойлау мен шығармашылық еңбектің кемел деңгейін танытады. Бұл орайда «Тоныкөк» (VIII ғ.) ескерткіші, ондағы Білге Тоныкөк бейнесі талданған: «Күлтегін» жазушының авторы Иоллық тегін (I) болса, «Тоныкөк» жазушының авторы – Білге Тоныкөктің өзі».*

Ж. Дәдебайдың келесі талдауын қазіргі мемлекет қызметкерін дайындайтын оқу орнының төріне іліп қоярлық. Әдебиетші Білге қағанға қатысты мәтіннің құрылымы мен дискурсын айқындай келе мемлекет қайраткеріне тән қасиеттерді алға тартқан: *«Түркі халқының, түркі мемлекеттігінің тарихында ақылы дариядай шалқыған мемлекеттік кеңесші Білге Тоныкөктің атқарған қызметі, еліне сіңірген еңбегі өте зор, өлшеусіз маңызды. Мемлекет қайраткерінің даралығы даналығында, кемеңгерлігінде тұрады. Ал сол даналық пен кемеңгерліктің қасиетін байсалдылық пен сабырлылық ашады. Бойында байсалдылық пен сабырлылық жоқ кісіден даналық немесе кемеңгерлік табу қиын. Даналық пен кемеңгерлік байсалдылықпен, сабырлылықпен ұштасқанда ғана кісі мемлекеттік кеңесші, мемлекеттік қайраткер дәрежесіне көтеріле алады. Тоныкөк, өзі толғап айтқан сөзіне, тарихтың танытуына қарағанда, осындай дара тұлғалы дана қайраткерлердің қатарына жатады. Мұның үстіне ол – байсалдылығы мен сабырлылығын қайтпас қайсар қаһармандықпен, қаһармандығын мейірман пейілмен үйлестірген, ел тарихында өте сирек ұшырасатын ұлы тұлға. Оның бар зұмыры елінің тәуелсіздігін алу мен сақтау жолындағы сұрапыл соғыста, саяси тайталаста өтті».*

Тоныкөктің бейнесі былай сипатталған: *«Тоныкөктің сөзі мен ойында терең мән жатыр. Ханын тастап, басқа ханға бағынудың Тәңірдің қаһарын шақырғандай оңбаған іс екені туралы ойды түркі халқының санасына сіңіруді, халықтың осындай оймен, осындай қағидамен өмір сүруін көздеген ақылгөй жанның осылай демеске шарасы жоқ еді. Екінші жағынан, Тоныкөк өз сөзін, өз даналық ойын Тәңір ісімен сабақтастырып, бірде арнай сөйлеп, бірде толғай сөйлеп, ханын тастап кетіп жүрген аумалы-төкпелі халықтың ойы мен ісін тұрақтандыруды мақсат тұтады. Ханның сөзіне тоқтамаған босқын жұртты Құдайдың сөзімен қорқытып, біріктіруге күш салады».* Бұл жерде Тоныкөктің мемлекеттік деңгейде ойлау көрегендігі, ел билеудегі саясаткерлігі, елді ұйымдастырып біріктіру ісіндегі ойы мен сөзінің бір жерден шығуы үлгі ретінде айғақталған.

Мемлекет басшысы ретінде Тоныкөк қандай істің басында болады? «Тұтас бір хандықтан, бір халықтан қалған аз жұртты маңына топтастырып, соңынан ілестірген ұлыққа Тоныкөк өз жүрегінің қалауымен қосылады. Иоллық тегін жырау Күлтегін туралы жырында Елтеріс ханға әуелде жеті батырдың ергенін, олардың біраздан соң жетпіс болғанын, ақыры жеті жүзге жеткенін жазады. Сол жеті жүз ердің ақылгөйі Тоныкөк болды. Тоныкөк қалған аз халқына хан сайлау туралы, елінің елдігі, мемлекеттігі туралы ойлайды. Маңындағы ел-жұрттың жай-күйін сарапқа салғанда, ол тағы да ойға түседі. Бұл жерде өмір құбылыстарын баяндаудың эпикалық және лирикалық тәсілдері өзара ұшталып, эпикалық туындының табиғатына шынайы лиризм дарытады. *Тоныкөк хан жақсы мен жаманды ажырата білер ме дегендей толғанады. Ақыры, бір шешімге келіп, хан сайлау туралы тоқтам жасайды. Бұл тоқтамын да ол өзінің ісі емес, Тәңірдің ісі деп біледі, жұртына да солай түсіндіреді. Елтеріс, осылайша 682 жылы түркі халқының ханы болып сайланады.*

Ақыл иесі, сөз иесі Тоныкөктің өзі болып қала береді. Бұл шақта ол отыздан асып, орда бұзғандай бұла күш иесі болатын».

Әдеби жәдігердегі ұлттық код пен мәтіннің мәңгілік тарихи құндылығы неде? Өткен тарихтан қазіргіге саяси сабақ болар мысалдардың мәні неде? Әдеби мәтіннен нені аңғаруға болады? Ол туралы былай делінген: «Тоныкөк өмірде болған осындай шындық оқиғаларды әдеби туындының құрылым жүйесіне белгілі бір көркемдік талаптар жүйесіне орай енгізеді де, сюжет желісін дамытып, композициялық тұрғыда маңызды шешім жасайды.

Тоғыз-оғыздардың сөзінен Елтеріс хан мен Тоныкөктің саяси келбеті жарқырап көрінеді. Елтеріс пен Тоныкөктің көздеген мақсаты – түркі халқының басын біріктіріп, оны тәуелсіз ел ету. Табғаштар болса, түркілердің өздеріне тәуелді болуына күш салып, саясатын осы мақсатқа орай жүргізді. Олардың мұнысы нәтижесіз болған жоқ. «Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі тәтті, бұйымы асыл еді. (Олар) тәтті сөз, асыл қазынасын беріп, жырақтағы халықты (өзіне) сонша жақындатар еді. Жақын қонып, сосын (олардан) әдепсіз қылықты үйренуші еді» [3, 44]. Табғаштардың тәтті сөзі мен асыл бұйымдарына алданған жұрт азып-тозды. Түркілерге жаулық ойлағандар: «Жырақ болса жаман сыйлық берер, жақын болса жақсы сыйлық берер» [3,45], – деп, қарапайым жұртты азғырып, елді іштен іріту ісімен айналысты. Ақылды кісілер бұған иланбады. Елдің басынан өткен тарих сабағын саралай отырып, Елбасы өз халқына: «*Аштықта, тоқтықты түсінбейсің, бір тойсаң, аштықты түсінбейсің*» [3,45], – деп налиды. Әдеби туындының жанрлық сипатын белгілейтін, құрылым жүйесін түзетін факторлар қатарында тарихта болған оқиғалардың тарихи нақты, шынайы бейнеленуі, суреткердің тарих шындығын бұрмаламай көрсетуді мұрат тұтқан шығармашылық тұрғысы аса зор қызмет атқарады. Шығарма сюжеті мен композициясын түзуде де осындай тұрғы бар».

Қазақ сөз өнеріндегі асыл сөз – өсиет сөз екенін әдебиетші Ж. Дәдебаев былай деп айқындап береді. Қазақ сөз өнерінің ел тарихымен байланысы осылай анықтала түседі: «*Тоныкөктің бұл сөзінде ханның пікіріне қарсылық емес, терең ақыл бар. Дана кеңесші жау елдің ішкі бірлігін, соғыс ісіне қабілетін, әскерге қажетті азық-түлік қорының мөлшерін – бәрін біліп, есепке алып отыр. Жаудың артықшылығына қарсы қояр өз жағаның жетістіктерін де көңілден таса қалдырмайды, олқылықтарын, осал жерін де жасырмайды. Білге хан мемлекеттік кеңесшісінің сөзін мақұлдауға мәжбүр болады. Хан тағына жаңадан отырған Білге ханның ойы он саққа жүгіріп, белсенді іске ұмтылады*» [4, 279].

Ж. Дәдебайдың бұл зерттеуіндегі ұстанымды қазіргі мемлекет қызметіне келемін деген әр сауатты азамат білуге тиісті деп санаймын: *Ұлы дала саясатын білген адам ғана ел билеу ісіне кірісе алады деген басты ұстаным күні бүгін өзін жойған емес.* Бұны ғалымның келесі талдауынан көреміз.

Әдебиетші әдеби мұрадағы асыл сөз – дала саясаты мен ел билеу және бір дінді ұстанудың басты амалы екенін мәтінге жүгіне отырып, дәлелдей түседі: «Тоныкөк бұл жерде де еларалық саяси мәселелердің теңдессіз білгірі, өз елімен шектес жатқан мемлекеттердің әскери, саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын жіті бақылап, жан-жақты біліп отырған көреген мәмілегер, ойға жүйрік, ақылға бай данышпан адам бейнесінде көрінеді. Түркі халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігінің ел, мемлекет үшін қаншалықты мәнді, өмірлік маңызының жоғары екендігін Тоныкөктен артық түсіну, одан асып, анық түсіндіру қиын. Оның ойының негізінде бұлтартпас шындық бар, оның пікірінде дәлелі мәйекті логикалық жүйе жатыр. *Соғыс барысында жауынан тойтарыс тапқан жағдайда қалалықтардың жасырынар жері жоқтығы, сондықтан да олардың түгел тұтқынға түсетіні туралы ой өмірдің өзі сан мәрте көрсеткен ақиқат екені дау тудырмасы анық. Оны жас Білге хан білмесе де, тарихтың өзіндегі ғасырға жуық жасаған Білге Тоныкөк біледі. Қала салып, қамалда тұру айнала дұшпан аңдып тұрған жаугершілік заманда әскері көп, жер қайысқан халқы бар қуатты ел үшін қауіпті болмауы мүмкін. Ал түркілер секілді аз халық қанша қамал салып, қорған тұрғызғанмен әскері көп, халқы көп,*

байлығы тасыған елдің шапқыншылығына төтеп бере алмай, өз қамалында өзі қамалып, жаудың олжасына айналуы қиын емес. Кең өлкеде көшіп-қонып, күші асқанда алға шауып, күші әлсірегенде жалт беріп, жасырынып, жауды адастырып кету – Тоныкөк тұсындағы түркілердей аз халық үшін өмір сүрудің бірден-бір қолайлы, оңтайлы жолы. Дана қарт туған халқының амандығы мен азаттығы үшін баянды жолды дәл танып, дұрыс бағалайды. Білге хан Тоныкөктің ақыл-кеңесінің дұрыстығын мойындап, ордасын қамал-қалаға айналдыру туралы ойынан қайтады. Хан мұнымен тоқтап қалмай, елін бір сенімге, дінге иландыру үшін Будда дініне арнайы кеніш салдыруға ниет қылады. Тоныкөк ханның бұл ісін де қолдамайды. Ол өз ойын ханға былай жеткізеді: «Будда мен Лаоцзы ілімі кісіні жауынгер және күшті етпейді, адам сүйгіш, нәзік сезімді және әлсіз етіп шығарады» [4,279].

Осы ретте әдебиеттанушы Ж. Дәдебаев әдебиет – асыл сөз елдің елдігін сақтап, оны қорғау үшін туғаны туралы: *«Білге хан үшін халқының адам сүйгіш, жүрегі елжіреген сезімтал, әлжуаз болғанынан, әрине, жауынгер, қарулы да қуатты, батыр болып қалыптасқаны қымбат еді. Тоныкөкте осы жолды таңдайды. Білге Тоныкөк тағы да тамаша танымымен дараланады. Жаулары жан-жағынан бөрідей аңдып, жортып жүргенде, түркі халқының жаны мен жүрегін әлдеқандай бір іліммен маужыратып, Отан қорғау ісінен, жауынгерліктен, батырлық дәстүрден алыстату халықтың болашағына балта шабумен бірдей еді. Тарихи деректерде сақталған осы екі оқиға (қала салу, будда дінін тұтыну) туралы Тоныкөк өз сөзінде ештеңе айтпайды. Ұлы жыраудың бұл шешімінде үлкен шығармашылық қуат бары сөзсіз».*

Түркі мемлекетіндегі асыл сөздің қоғамдағы орны, ел саясаты мен даулы пікірлерге тоқтау бола алатын күш-қуаты осылай айқындалған. Әдебиетші тас жазуларын талдауға салып осындай тұжырымға келген асыл сөз өзі үшін емес, ел тағдырын қорғау үшін қажет екенін баса айтқан: *«Империяның басқа елдермен қарым-қатынасы, турфандықтардың шығу тегі туралы ханның білімі Тоныкөктің гибратынан, білігінен басталып жатқаны да дау тудырмаса керек. Сонымен бірге ханның сөйлеу жүйесінде де Тоныкөктің ділі мен тілінің үлгісі барында сөз жоқ».*

Жанғара Дәдебайдың осы зерттеулеріне дейін шығыстанушылар деп ресми саналған басқа ұлт өкілдерінің – ориенталистердің әр сөзіне бағынып, бұл мәтіндерді өзімізге қатыстырмайтын ықылассыз едік. Бұған дейін тек жалпы мазмұны ғана баяндалатын бұл тас жазулардың тұңғыш рет осындай әдеби-теориялық тұрғыда талдануы заманауи тұрғыда іске асқан. Шоқан Уәлихан отарлау кезде тұспалдап қана таныстыруға мәжбүр болған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашидиі» Қазаққа қалдырған аманаты екенін анықтап берген Жанғара Дәдебайдың бұл екі зерттеуі тәуелсіз кездегі постколониялық жаңа қазақ әдебиеттануына үлгі боларлық нақты аналитика.



Гүлзия ШРӘЛІ,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институты «Әуезов үйі»
ғылыми-мәдени орталығының
бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

ЖАҢҒАРА ДӘДЕБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АБАЙТАНУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Абай институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жаңғара Дәдебаевтың соңғы жылдардағы ғылыми еңбектеріне назар аударар болсаңыз, қазіргі қазақ әдебиеттануы ғылымының ең өзекті де күрделі мәселелері мен басты арналары өзінің кезең-кезеңімен, асқаралы белестерімен жүйелі түрде жазылып келе жатқанын байқайсыз.

Бүкіл адамзаттық құндылықтар қатарын көбейтуге үлес қосқан әлемдік рухани кеңістіктегі кемеңгерлер мен даңқты даналар дәрістерінен тынғылықты дәріс алып, өз санасынан сүзе өткізе отырып ой түйген ғалым Ж. Дәдебаев өзінің «Өнер» баспасынан 2008 жылы жарық көрген екі томдық «Таңдамалы шығармаларда» алғашқы ұстаз атанған Аристотельдің ұстаздық, шығармашылық мұрасы мен еңбек

тәртібі, әдебиет пен өнер, этика мен эстетика, тіл мен діл, философия, т.б. ғылым салалары жөніндегі қағидалары мен көзқарастарының қалыптасу мен даму ерекшеліктерін ерінбей егжей-тегжейлі зерттеп, үйренудің үздік үлгісін танытады. Осы еңбектің бірінші томындағы «Ұстаздар мен ғұламалар» атты бөлімінде 2-ші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби мен 3-ші ұстаз Ибн Синаның ғылыми-шығармашылық қызметі мен ұстаздық ұлағатының тарихи құндылықтары, біздің заманымызға дейінгі YI ғасырда өмір сүрген скиф данасы Анахарсистің шешендік өнері, оның қазақ шешендік өнеріне қатынасы, Төле би мен Қаздауысты Қазыбек бидің, Бөлтірік бидің билік сөздерімен байланысы, т.б. жөніндегі пікірлерін жаңаша талдаулармен түйінделген тұжырымдар деуге болады. Кәсіби деңгейде ғылыми теориялық тұрғыдан талданған әдеби-эстетикалық түсініктер зерттеушінің әдеби танымының тереңдігін танытады.

Сонау Орхон-Енисей жазбаларынан бастау алып, бүкіл түркі дүниесіндегі жеке шығармашылық тұлғаның тұңғыш шеберлік зертханасын әдеби және әлемдік рухани кеңістікке ендіріп, қазақтың тарихи прозасының тұсауын кескен ұлы бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты дилогиясынан бастап, қазақ әдебиеті тарихындағы қадау-қадау тақырыптарды көтеріп, уақыт қажеттілігінен туындап жатқан әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелерін дер кезінде қырағылықпен байқап, тереңнен толғап, жан-жақты қамтып кешенді түрде зерделеуді өзіне ғылыми ұстаным еткен ғалым Жаңғара Дәдебаевтың кәсіби біліктігі, әлемдік және ұлттық әдебиет тарихының жоталы арналарын жетік білетіндігі оның кейінгі зерттеулерінің құндылығын арттырып, қорын байытып, әдеби әлемін ажарландыратынын аңғару қиын емес.

Әлемдік әдеби процеспен ұлттық әдебиеттегі тарихи шығармашылық тұлғалар мұрасын тікелей байланыста қарастыратын зерттеуші Дулат Бабатайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Ұлбике Жангелдіқызы, Майкөт Сандыбайұлы, Абай мен Жамбыл, т.б. ақындар мен жыраулардың әдеби мұрасы, ақындық айтыстағы шеберліктері де өткенмен

өзектестіріле, шығармашылық үндестікте, байқала бермейтін тылсым табиғи байланыста бағамдалып, бағаланады.

«Таңдамалы шығармалардың» 2-ші томы: Сара сөз, Дара сөз, Қара сөз деген 3 бөлімді құрап, бүгінгі әдеби үрдіс, қазіргі қазақ әдебиеттануы мен көркем сын өнерінің өзекті мәселелері сөз болады.

Әдебиетке сыншы болып келіп, қалыптасқан Ж. Дәдебаев ғылым мен сынды құстың қос қанатындай тең ұстап, қатар алып келе жатқан зерттеуші.

Өзгені былай қойғанда күні кеше ғана өзінің өрелі ойымен, ғылыми зерттеушілік ұстанымымен жүйеленіп, бүгінгі ақпараттық заманның талабына сай электронды форматта жарияланған екі кітаптан тұратын «Әдеби сын» атты жинақ осы сөзіміздің нақты дәлелі болса керек. Түрлі тақырыптарды қамтитын сан салалы мәселелер өзек болған күрделі де көлемді еңбектерге жетекшілік етіп, оның ғылыми концепцияларын жасап, бағыт бағдар беру, ұйымдастыру бағытындағы бітпейтін, шаш етекпен туындап жататын тосқауылдарға қарамай тындырымды, тоқтаусыз еңбек ету екінің бірінің қолынан келе қоймайтын шаруа болса керек.

Осы орайда Мұхтар Әуезов іргесін қалаған абайтану саласындағы еңбектерінің өзі санауға саусақ жетпейтін сүбелі еңбектер.

Айталық, филология ғылымдарының докторы, профессор Жаңғара Дәдебаев 2010-2018 жылдары университет жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-ақпараттық ресурстарын қалыптастыру мақсатында жүргізген ұйымдастыру, басқару жұмыстарының нәтижесінде «Абайтану» сериясы бойынша көптомдық еңбектердің 50 томын даярлап, жарыққа шығаруы, абайтану саласындағы ғылыми мектептердің зерттеу нәтижелерінің ғылыми-ақпараттық базасының цифрлық негізін жасауы ерекше атап өтуге лайықты, аса жоғары бағаланатын еңбек.

Әсіресе, соңғы жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінен ұсынылып жатқан мемлекеттік, гранттық жобаларға жүйелі түрде атсалысып, ұтып алған жұмыстар негізінде атқарылып, жарияланып жатқан, абайтануды жаңаша көзқараспен қайта зерделеп, жаңа парадигмалар ұсынуы да назар аудартпай қоймайды. Абайтанумен іргесі ажырамас мұхтартанудың да тың тақырыптары мен бүгінгі белес бедерлері де зерттеушінің негізгі ғылыми нысанасы болып табылады.

Ж. Дәдебаевтың зерттеулеріндегі абайтану мен мұхтартанудың жаңа парадигмалары кезінде ұлы суреткер Мұхтар Әуезов тереңдеп бармаған, түрлі саяси, әдеби тосқауылдардан жан-жақты зерттеп, өзі анықтаған ғылыми тұжырымдарын да ашық айта алмай бүркемелей білдірген, емеурінмен сездірген, кейде тіпті ашық айтылса да басқаша бұрмаланып, бағаланған, ойларын бүгінгі тәуелсіз елдің рухани еркіндігіне сай қайта қарап, жаңаша көзқараспен жаңаша саралап, жаңа түсініктер, жаңаша интерпретациялануы бүгінгі рухани қажеттіліктен туындаған талаптар.

Мәселен, «Абай ілімі: оқу құралы» (Алматы: Қазақ университеті, 2023. - 268 б) атты еңбегі жоғары білім беру бағдарламаларының бірінші циклі бойынша оқылатын «Абай ілімі» пәнін таңдаған студент жастарға арналыпты. Жаңа оқу құралында Абай ілімінің жалпы мәселелері, концепциялары, құрамдас бөлімдері, негіздері, басты категориялары қарастырылады. Оқу құралының «Кіріспесінде» автор әлемдік және ұлттық рухани құндылықта өзіндік орны бар кезінде Мұхтар Әуезов негізін салған Абай ілімінің қазіргі ұлттық білім беру жүйесіндегі міндеті мен мақсатын 3 бағытта көрсетіп, абайтану саласында өндірілген инновациялық білімді білуге, түсінуге және қолдануға қол жеткізілетіні; осы мақсатта Абай ғылыми-зерттеу институтында «Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу», «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» атты ғылыми-зерттеу жобалары аясында соңғы 10 жыл көлемінде жүйелі әрі күрделі арнайы зерттеулер жүргізіліп, Абай ілімінің басты ғылыми категориялары анықталып, ғылыми теориялық тұжырымдар мен абайтану саласында интеллектуалдық е-ресурстар базасы жасалғаны жөнінде баяндалады. Оның құрамында «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының 50 томы,

«Абайтану антологиясының» 10 томының университет кітапханасында ашық, көпшілікке қолжетімді білім көзіне айналғанының өзі ұлттық рухани өміріміздегі үлкен құбылыс болғанын көрсетеді.

Абайтанудың негізін қалаған ғұлама ғалым М. Әуезовтің «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904). Өмірі мен творчествосы» (1945) атты зерттеуіндегі ақын шығармашылығына әсер еткен үш рухани арнаның (ұлттың, шығыс пен батыс әдебиеті мен мәдениетінің бай мұрасы) бүгінгі Абай ілімінің де 3 негізін құрайтынын, ақыл, қайрат, жүрек сынды 3 қасиеттің, өзге де Абай ілімінің басты категорияларының ғылыми нәтижелері бүгінгі ғылымда кеңінен қолданыстағы герменевтикалық әдіспен түсіндіріліп, жоғары білім беру үрдісіне алғаш енгізіліп отырғаны анықталып айтылады. Бұл, әрине, Ж. Дәдебаев зерттеулеріндегі абайтанудың жаңа парадигмаларының құндылығын, ғылыми теориялық тұжырымдарының бағасын дәлелдесе керек.

Бүгінгі ізденімпаз жастарға, келешек мамандарға «Адам концепциясы», «Абайдың білім концепциясы», «Имани гүл концепциясы», «Тыңдаушы концепциясы», «Өлшеу концепциясы», «Құндылықтар концепциясы», «Жан мен тән концепциясы» және «Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделі», «Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің сипаттары мен категориялары», «Ақыл концепциясы», «Қайрат концепциясы», «Жүрек концепциясы», «Жақсы концепциясы», «Жаман концепциясы», «Келісім концепциясы» деген нақты әдеби категориялар барысында Абай ілімінің негіздері әлемдік және ұлттық әдебиеттану ғылымына қойылып отырған биік ғылыми теориялық талап деңгейінде интерпретацияланып, герменевтикалық әдіспен түсіндіріліп, олардың көркемдік қызметі айқындалады. Көрнекті ғалым Ж. Дәдебаевтың зерттеуінде алғаш рет арнайы ғылыми зерттеулер негізінде жүргізілген Абай ілімі атты тың түсінік, жаңа парадигмалық ұғымдар ұлт пен ұрпағымыздың мәңгілікке мойындайтын бірден бір бағыт алатын темірқазығы деуге болады.

Әрбір әдеби түсініктердің ғылыми негіздемелерін анықтау барысында бірнеше жылдар бойы ізденістер жүргізіліп, нақты тұжырымдар жасау, әрине, оңай дүние емес. Бір бағыттағы жүйелі әрі жоспарлы жоба бойынша жұмыстар жүргізуде Жаңғара Дәдебаевтың тынымсыз еңбегі, кәсіби біліктілігі, ұйымдастырушы әрі басшы ретіндегі интеллектуалдық зердесі, жаңалыққа деген жанының талпынысы мен кәсіби біліктілігі ерекше көзге түседі. Қай тақырыпты зерттесе де түбегейлі, түп тамырымен қопарып, тыңғылықты зерделейтін зерттеуші ұлт пен ұрпақ алдындағы міндет пен жауапкершілікті жүрегімен сезініп, адалынан атқаратынын аңғартады.

Зерттеуші «Абай ілімін білу, түсіну және қолдану: ұжымдық монография / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 278 б.) деген еңбегінде мынадай ғылыми тұжырым жасайды: «...Абай ілімі – қазіргі қоғамдық-гуманитарлық білім жүйесіндегі аса іргелі, тек деңгейіндегі құбылыс. Тек деңгейіндегі құбылыс ретінде Абай ілімінің құрамдас бөлімдерін, негіздерін, категорияларын анықтау, Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негізі мен теориялық тетіктерін жасау – аса маңызды және өзекті, іргелі әрі пәнаралық ғылыми мәселе» (7-бет).

Расында да Ж. Дәдебаевтың басшылығымен және тікелей өзінің қатысуымен дайындалып, тұңғыш рет ғылыми және әдеби айналымға еніп жатқан абайтану саласындағы жаңа парадигмалар, жаңаша сараптамалар, тың ғылыми теориялық талдаулар, ұғымдар мен түсініктер, сөз жоқ, қазақ әдебиеттануындағы соны серпін, тың байламдар. Осы тақырып төңірегінде жүйелі жұмыс жүргізбеген жандарға көптеген мәтіндер бейтаныс болып келеді, ал кей терминдерге тіс батпай қалатыны да жасырын емес. Бұл, әрине Ж. Дәдебаевтың зерттеулеріндегі жаңа парадигмалардың күрделілігін танытса керек.

Осы ретте зерттеушінің өзі де жоғарыда аталған еңбектің «Талап-қабылдау-түсіну-есте сақтау-қолдану» деген тарауында мынадай түсінік береді: «Абай таксономиясы», «Абай таксономиясының иерархиялық моделі» ұғымдары отандық зерттеушілердің қайбірі үшін түсініксіз, ұғымға ауыр сияқты көрінуі ғажап емес. Абай таксономиясы, Абай

таксономиясының иерархиялы моделі Абайдың өз шығармашылығының өзегінде өрілген ойлар желісі негізінде сипатталады. Таксономия құрамдастарының маңызы мен мәні, иерархиялық жүйедегі орны, қызметі Абай қағидаларына, өзекті ойларына жасалған нақты талдаулар нәтижесінде парықталды.

«Абай таксономиясы – отандық оқу теориясы, оқу мен оқытудағы танымдық үдерістер психологиясы саласында пәнаралық деңгейде арнайы жүргізілетін зерттеу жұмыстары мен білім беру ісіне теориялық негіз болғандай ерекше маңызды құндылық» (24 бет).

Ғасырдан астам тарихы бар абайтану саласының көшбасшысы М. Әуезовтен бастап кәсіби мамандар тарапынан да, жалпы ізденушілер, абайтанушылар, өзге де мамандық иелері тарапынан талай тақырып төңірегінде талданып, зерттеліп келе жатса да әлі де қарастырылар мәселелері мол ұлттық және әлемдік рухани кеңістіктегі алар аумағы мен салмағы зор көркемдік құбылыс екендігін Ж. Дәдебаевтың зерттеулеріндегі жаңа парадигмалар, соны сараптап, тың тұжырымдар, жаңаша көзқарастар арқылы тағы бір байқатты. Бүгінгі абайтануды ақынның өз шығармашылығындағы басты және күрделі философиялық категориялардың анықтамалары мен теориялық тұжырымдарын бір ізге түсіріп, жүйелеп, ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, филологиялық зерттеу негізінде талдап, зерделеу арқылы қордаландырып, құнарландырып, байытып отырған бұл еңбектер, сөз жоқ, қазақ әдебиеттануының зор олжасы десек артық айтқандық болмас. Ж. Дәдебаев зерттеуінің нысаны болған Абай ілімінің қағидалар жүйесіндегі танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиясы, яғни «Абайдың таксономиясы» – абайтанудағы тың тақырып.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Таңдамалы шығармалар. 2 томдық. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2008.
2. Дәдебаев Ж. «Абай ілімі: оқу құралы». – Алматы: Қазақ университеті, 2023. - 268 б.
3. «Абай ілімін білу, түсіну және қолдану: ұжымдық монография /Жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев; баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 278 б.



**Гүлжаһан ОРДА,
М. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік
дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика
бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының
докторы, профессор**

ӘДЕБИЕТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КОРИФЕЙІ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ҒЗИ директоры, Қазақстан Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Құрмет» орденінің иегері Жанғара Дәдебайұлы бүгінде әдебиеттану ғылымының корифейіне айналды. Ғалымның бұл биікке көз майын тауысып, маңдай терімен жеткені баршаға аян.

Ғұмыр бойы университеттің филология факультетінде қызмет атқарып оқытушыдан деканға, деканнан проректорға дейінгі қызметтерді атқара жүріп, білім-ғылым саласындағы соқтықпалы жолдарды басып өтті. Аға буыннан үйрене жүріп, артынан ерген шәкірттерін тәрбиеледі. Басшылық қызметте жүріп ғылымнан қол үзбей ұзақ жылдар бойы әдебиеттану ғылымын өрге сүйреп келеді. Осы сөзімізге

ғалым еңбектерінен бір-ер мысал келтіріп көрелік.

Біріншіден, ол – ұлттық әдебиеттің арғы бергі тарихы мен әдебиеттің теориясын тыңғылықты түрде зерттеп жүрген ғалым. «Әдеби шығарма», «Қазақ тарихи романы», «Шымырлап бойға жайылған», «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Таңдамалы шығармалар», «Тақырып және идея», «Қазіргі қазақ әдебиеті» зерттеулерінде әдебиеттің тарихы мен теориясын қатар алып жүрудің әдемі үлгісін көрсетіп келеді. Әдебиеттің арғы-бергі тарихын зерттеуде қазақ романының тарихын зерттеуге қатысты бірлесе жұмыс жасағанымыз бар. Академик С. Қирабаевтың жетекшілігімен 2009 жылы жарық көрген «Қазақ романы: өткені мен бүгіні» атты ұжымдық монографияға республикадағы қазақ проза жанрын, соның ішінде қазақ романдарын зерттеп жүрген бір топ ғалымдар тартылды. Жанғара Дәдебайұлы осы еңбектің тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ романдарын саралап, «Дәуір шындығы және роман» деген тарауын жазды.

Ғалым қазақ романдарында кеңестік дәуірде өмір шындығы қалай бейнеленгеніне: «Қазақ романында кеңестік дәуір шындығы реалистік ұстаным талаптарына сай суреттелді. Р. Тоқтаровтың – «Сусамыр», Р. Сейсенбаевтың – «Шайтанның тағы», Б. Алдамжаровтың – «Жықпыл», К. Ахметбековтің – «Қасірет» және басқа шығармаларда кеңестік заманның шындығы шыншылдық әрі сыншылдық тұрғыда жинақталды», – деп бағалай келіп, жазушылардың кеңестік дәуірде шыншылдық пен сыншылдықты қатар игергенін аталған романдарға жасалған талдаумен түйіндеді.

Тәуелсіздік бізге не бергені К. Ахметбековтің «Қасірет», Кәдірбек Сегізбаевтың «Беласқан», Ғабиден Құлахметовтің «Үйірі жоқ көкжал», Асқар Алтайдың «Алтай новелласы: роман-миф», Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Ұлы көш», Төкен Әлжантегінің «Қымқиғаш тіршілік», Өмір Кәріпұлының «Тайталас», Тілеуқор Адамбайқызы Қосуақтың «Әйел айтқан хикая», Дәлелбек Батырдың «Ақ барыс», Сейітхан Әбілқасымұлының «Оспан батыр» романдары аясында қарастырылды. Аталған романдар тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында жазылғанын еске алатын болсақ, ғалымның әдеби процесті бақылап, қадағалап отыратынын көреміз. Романдарды өз ішінен тарихи және әлеуметтік-тұрмыстық тақырыпқа жазылған деп екі топқа жіктей отырып, олардың негізгі жетістігі мен кемшілігі ғылыми тұрғыда сараланды.

Ғабиден Құлахметовтің – «Үйірі жоқ көкжал», Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Мешкей» романдары бүгінгі күннің шындық оқиғаларына негізделгенін айта келіп, романдарды өз ішінен топтап жүйеледі. Келесі романдар: «Ғабиден Құлахметовтің «Үйірі жоқ көкжал», Асқар Алтайдың «Алтай новелласы», Дәлелбек Батырдың «Ақ барыс», Өмір Кәріпұлының «Тайталас» романдарында адам мен табиғат, дәлірек айтсақ, адам мен аң тіршілігі өзара байланыста суреттеледі», – деп топталды [1, 461]. Осылайша ғалым аталған романдардың әрқайсысының негізгі ерекшелігін ғылыми тұрғыда пайымдады.

Екіншіден, ол – қазақ халқына дарыған шешендік өнердің тарихы мен теориясын зерттеуші. «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері» оқу құралында Бөлтірік шешеннің шешендік өнерді игеруі жан-жақты қарастырылса, осы ой Жиренше және басқа түркі халқына ортақ шешендердің өнерімен толыға келіп, «Шешендік өнер теориясының негіздері» деген монографияға ұласты.

Үшіншіден, ол – қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан қаламгерлердің шығармашылығын монографиялық үлгіде зерттеп жүрген ғалым. Әдебиеттанушының А. Құнанбаев, М. Әуезов, Ғ. Мұстафин, Бөлтірік Әлменұлының өмірі мен шығармашылығын монографиялық үлгіде зерттеген еңбектерін ерекше атау ләзім. Әуезовтануға қосқан үлесінің қатарында «Қазіргі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М. Әуезов дәстүрі» оқулығы мен «Мұхтар Әуезов», «М. Әуезов шығармашылығы» монографиясын атасақ та жетіп жатыр. Бұл еңбектер үлкен-кіші әуезовтанушылардың зерттеулеріне бағдаршамдай жол көрсетіп, бағыт сілтеп келеді.

Төртіншіден, ол – Абай мұрасын зерттеуге ерекше үлес қосып жүрген абайтанушы. Абай мұрасын жаңаша көзқараспен бағамдаған «Абайдың антропологизмі» еңбегін жаза жүріп, абайтану төңірегіндегі мәселелермен тыңғылықты айналысу керектігіне көңіл аударды. Абай ғылыми зерттеу институтының директоры ретінде 2015-2020 аралығында «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты 50 томдықтың жалпы редакциясын басқару айтуға оңай болғанмен, сол томдардың әрқайсысын көз майын тауыса отырып қадағалау, дайындау оңай шаруа емес екенін осы салада жүргендердің барлығы жақсы біледі.

Бесіншіден, ол – қазақ әдебиетін ғана емес, түркі әлемі мен ұлттың тарихын, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің түрік дүниесіне сіңірген еңбектерін тыңғылықты түрде зерттеп жүрген ғалым. Оған «Түрік дүниесінің дүлдүл тұлғалары» деген еңбегін атасақ та жетіп жатыр. Үш бөлімнен тұратын еңбектің «Мемлекет қайраткерлері» деп аталатын бірінші бөлімін түрік мемлекеті қайраткерлерінің еңбегін зерттеуге арнаған. Көне түрік әдеби ескерткіштеріне үңілу барысында Тоныкөк пен Күлтегіннің мемлекеттік дәрежеде атқарған қызметтерін саралай келіп: «Түрік халқының, түрік мемлекеттігінің тарихында ақылы дариядай шалқыған мемлекеттік кеңесші Білге Тоныкөктің атқарған қызметі, еліне сіңірген еңбегі өте зор, өлшеусіз маңызды. Мемлекет қайраткерлерінің даралығы даналығында, кемеңгерлігінде тұрады», – деп тұжырымдайды [2, 4]. Тоныкөктің әрбір сөзінің астарына үңілген автор оның ел басқарудағы көсемдігін, қол басқарудағы шеберлігін тарата келіп, «елдің егемендігін, халықтың еркіндігін, мемлекеттің тәуелсіздігін» ардақ тұтқан қайраткердің түрік еліне сіңірген еңбегіне жан-жақты тоқталады. Әдебиет – өмірдің көркем шежіресі болса, көне түрік әдеби ескерткіштерінде ел тарихы мен мемлекет тарихының шынайы қалпында баяндалғанын баса айтты. Осы үрдіспен Күлтегін, Ыстымы қаған, Қайырхан, Мехмед сұлтан, Майқы би, Толыбай сыншы, Едіге, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали бек, Айдынды Орақ сыншы мемлекет қайраткерлерінің түркі мемлекетін қаншама шапқыншылықтан аман алып қалғаны, халықты ұйыстыра білгені, көрші отырған мемлекеттермен ара қатынасы қайраткерлердің өмірлерімен ұштастырыла баяндалған.

«Ғылым мен білім қайраткерлері» деп аталатын екінші бөлімде ұлы дала өркениетін әлемге паш ететін ғұламалардың өмірі мен шығармашылығына талдау жұмысын жүргізген. Әбу-Насыр әл-Фараби, Ибн Сина, Шейх Ахмет Тарази, Шоқан Уәлихановтардың білім-ғылым саласына сіңірген еңбектеріне талдау жасауда өзіне дейін жазылған әрбір зерттеудің мазмұнына үңіліп, олардың негізгі жетістігін алға тартады. Ғалымның ізденімпаздығы, әр

сөзге аса мән бергендігі бір ғана Әбу-Насыр әл-Фарабиге қатысты ілгерінді, кейінді жазылған он сегіз дереккөзге үңілгенінен байқалады. Кез келген тақырып бойынша өзіне дейінгі ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып ой қозғау, зерттеулерге сілтеме жасай отырып ойын өрбіту – ғалымның негізгі ерекшелігі.

«Даналық дарыған даралар» деп аталатын үшінші бөлімде Анахарсис, Лұқман Хакім, Дана Хикар, Кетбұға, Жиренше шешен, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Хакім ата, Жамал Қаршилардың еңбектері тыңғылықты қарастырылған. Қазақтың шешендік өнерінің қалыптасу, даму жолдарын сөз ету үшін оның бастау бұлақтары мен арналарын түгелдей назарда ұстағанына қарап, ғалымның не мәселені де түп төркінінен бастап қаузауы, жан-жақты қырын ашуға деген ізденімпаздығы анық көрінеді. Оны қазақтың шешендік өнерін сөз ету үшін біздің заманымызға дейін Скиф даласынан Эллада еліне келген Анахарсистен бастауынан байқауға болады. Скиф және эллин халықтарының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі туралы 800-ден аса шешендік сөз қалдырған ғұламаның еңбегін назарда ұстаған ғалым шешендік өнердің бастауынан бастап сөз еткен.

Алтыншыдан, ол – әдеби сынға үлес қосып жүрген білікті сыншы. Білім, ғылым саласындағы қыруар еңбектерімен қатар ҚР Жазушылар одағы жанында Сын бөлімінің жетекшісі қызметін атқарып келеді. Бұл – ғалымның әдеби сынға қосып жүрген үлесінің бір көрінісі. Қазіргі әдебиеттану мен әдеби сынды бақылау, жыл сайын сараптама жұмысын жүргізу, әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтарды назарда ұстау – білікті әдебиетшінің қалыптасқан дәстүрі. Жазушылар одағының жыл қорытындысында жасаған «2021 жылғы әдеби сын» баяндамасында әдебиеттің тарихы, теориясы, сыны қатар жүретінін айта келіп, әрқайсысына арнайы тоқталды. Қазіргі таңда ұлттық әдебиеттің тарихын жасау жолында көптеген зерттеулердің жазылып жатқаны соның мысалы болса, «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдеби сынға елеулі орын берілгенін, «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Түркістан», «Ақиқат», «Үркер», «Жалын», «Мұқағали» сынды басылымдардың қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының шығармашылығын насихаттауға қосқан үлесін ғылыми тұрғыда саралады. Аталған мерзімді басылымдармен бірге түрлі «Абай.кз», «Қаламгер.кз», «Әдебиет порталы» сынды электронды сайттарды қадағалап отыру – сыншының еншісіндегі дүние.

Осы қатарда сыншының қазақ әдеби сынына мол үлес қосқан кәсіби сыншылардың шығармашылығы туралы мақалаларын ерекше атауға болады. «Сындарлы сынның саңлақ тұлғалары» туралы «Төлеген Тоқбергенов», «Сағат Әшімбаев», «Сайлаубек Жұмабек» деген әдеби портреттер жазды. Мәселен Төлеген Тоқбергеновтің «Тоғыз тарау», «Үш тоғыс», «Қос қағыс» еңбектерін талдай келіп, «Төлеген Тоқбергенов – әдеби шығарманы, әдеби процесі нақты да затты талдаудың шын шебері», – деп тұжырымдаса [3, 138], Сағат Әшімбаевқа «Сағаттың шығармашылық мұрасы, қоғамдық және мемлекеттік қызметі оның асқақ та арналы рухани өмірінің айнасы іспетті», – деген баға береді [3, 144]. Сыншы Сайлаубек Жұмабек туралы «Сыншы болу, сын жазу оңай емес. Туғаны жоқ тура би сынды сыншыда жақын да болмайды. Оның себебін әр сыншы өзінше түсіндіреді», – дей келіп, «әдеби сын тарихында Сайлаубек Естайұлы сын майданынан қайтпаған, жүрегінің түгі бар, қайсар да қайратты, ірі таланттардың бірі болып қалды», – деген қорытынды жасады [3, 151]. «Сын шын болсын» деген мақсатта әділін айтамын деген сыншылардың қаламгерлер қауымына жақпай қалатынын күнделікті өмірде көріп жүрміз. Осы тұрғыдан қарағанда сыншылардың көтерер жүгі өте ауыр екенін жазу-сызу төңірегінде жүргендер жақсы біледі.

Аталған шығармашылық портреттерде сыншылардың әдеби сынға қосқан үлесі төл туындыларымен сараланған. Сыншылардың әдеби процесі бағамдаудағы қырағылығы, біліктілігі жекелеген туындылар туралы жазған сын-рецензияларымен көрсетілген. Осы салада атқарылған келесі еңбек – Ж. Дәдебайұлының басқаруымен Абай институтының «Әдеби сын» сериялық басылымы бойынша 2023 жылы дайындалған «Әдеби сын» жинағының бірінші, екінші кітабы.

Бұлардың сыртында әр жылдары ақын-жазушылар мен әдебиеттанушы ғалымдардың кезекті мерейтойларында олардың шығармашылығы туралы толымды мақала

жазып, халықаралық, республикалық конференциялардың тұрақты баяндамашысы болып жүр. Олардың қатарында 2023 жылы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен ҚР Жазушылар одағында, бірнеше жоғары оқу орнында өткен Тахауи Ахтанов, Кемел Тоқаевтардың 100 жылдық, академик Зәки Ахметовтің 95 жылдық, Серік Әбдірайымұлының 80 жылдығы төңірегінде өткен жиындарда бас баяндама жасағанын баса айтуға болады. Өзіміз куә болған конференциялардан бөлек қаншама жиындарда сөз алып әдебиеттің мәселесін айтып жүргенін елге мәлім.

Жетіншіден, ол – ғылым мен білімді жалғастыра жүріп шәкірт тәрбиелеген ұстаз. Ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеген ұстаздың бірнеше буын өкілдерін тәрбиелеп, өмір жолына жолдама бергенін білеміз. Сондай көп шәкірттерінің қатарында дәрісханада отырып дәрісін тыңдамаған, бірақ зерттеу еңбектерін оқи жүріп өзіне ұстаз тұтқан қаншама әдебиеттанушылар бар. Солардың бірі ретінде Жанғара ағамды өзіме ұстаз санаймын. Әдебиеттану ғылымына мол үлес қосқан ғалым зерттеулері осы салада жүрген қаншама жас ғалымдарға үлгі-өнеге болып, бағыт-бағдар беруде.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болған еңбектеріне қарап саналы ғұмырын білім, ғылым саласына арнап жүрген ғалымның осы уақыт аралығында бір институт атқаратын жұмысты жасағанына көзіміз жетті. Қазақ әдебиетінің арғы-бергі дәуірін түгендеп әдебиеттің тарихын зерттеуге, көркем шығармалардың көркемдік эстетикалық жетістігін саралауда әдебиеттің теориясына, әдеби процесі бағалаудағы сыншылық еңбектеріне қарап, бүкіл зерттеулерінде әдебиеттің тарихы, теориясы, сынын бірлікте қарағанына тәнті боласыз. Әдебиеттің көне дәуірінен қазіргі әдеби процеске дейінгі аралығын түгелдей зерттеу нысанына алған ғалымның әдебиеттану ғылымына берері көп екені айтпаса да түсінікті. Осы сәтті пайдаланып, қазіргі әдебиеттану ғылымының корифейі болып отырған Жанғара Дәдебайұлына шығармашылық шабыт, толағай табыс тілейміз.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Дәуір шындығы және роман. Кіт.: Қазақ романы: Өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009. – 644 б.
2. Дәдебаев Ж. Түрік дүниесінің дүлдүл тұлғалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 408 б.
3. Әдеби сын. Бірінші кітап / Құрастырған Л. Мұсалы. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 143 б. / Абай институтының «Әдеби сын» сериялық басылымы.



Сәмен ҚҰЛБАРАҚ,
филология ғылымдарының докторы,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
журналистика және филология кафедрасының профессоры

ТАРАЗ ӨЛКЕСІ ТАРИХЫНЫҢ ТАМЫРШЫСЫ



Қазіргі әдебиеттану ғылымында профессор Жанғара Дәдебаевтың орны бөлек. Әдебиеттің тарихы мен теориялық мәселелерінде оның өзіндік айқын қолтаңбасы бар. Әсіресе, соңғы он жылдың бедерінде Абай ілімін жаңашыл концепция тұрғысынан қарастыруда зор ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстар атқарып келе жатуы – отандық ғылымға шын берілуін, сүйіспеншілігін, азаматтық-ғалымдық тұғырының биіктігін танытса керек.

Ж. Дәдебаевтың ғылыми потенциалы өте мол, әрі қуатты. Оның Тараз өлкесінің мәдени-рухани тарихына арналған еңбектері өз алдына үлкен сала, арнайы зерттеуді, бағалауды қажет етеді. Алматыда бүкіл шығармашылық өмірін өткізген кім-кімнің туған жері, өскен өлкесі бір сәтте де естен шықпайтыны белгілі. Ғалымның туған жер тарихы мен тарихи тұлғаларын келді-кетті, жүрдім-бардым қарастырмай, арнайы көп уақытын бөліп, терең зерттеп жүйелеуі, бір жағынан туған топырағына деген бүкіл ғұмырында суымаған ыстық ықыласын білдірсе, екіншіден, ғалымның Тараз өлкесіне арнаған зерттеулері Қазақстан тарихына қосылған филологиялық-тарихи зор үлес, бағалы еңбек деп білеміз.

Талас өлкесіне қатысты 50 аңызды жинақтаған «Талас аңыздары» еңбегінің құндылығы – ел аузынан жиналуында ғана емес, оның ғылыми негізділігінде, тарихи сипатында. Ғалым аңыздарды Махмуд Қашқари, В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, В.А. Каллаур, Л.П. Потапов, А.А. Диваев, Л.Н. Гумилев, М. Тынышпаев т.б. еңбектерінен, сондай-ақ ХІХ ғасырдың соңғы жылдары мен ХХ ғасырдың басындағы Қазан, Ташкент, Бішкек т.б. ғылыми орталықтарының жазбалары негізінде құрастырылған. Кітаптың артықшылығы да осында. Аңыздардың жариялану, жиналу деректері нақты көрсетіледі және мәтіндер өзгеріссіз берілген.

Тараз өлкесінің ескі тарихына арналған филологиялық-тарихи зерттеуі туралы да осыны айтуға болады. Қытай елінің көне жазбаларын, шығыстанушы ғалымдардың жазбаларын саралай, жинақтай келіп, бір ізге салып, қорытып, түйіп, оқырман үшін түсінікті де нақты деректермен баяндайды. Бұл процесс айтар ауызға жеңіл болғанмен, шын мәнінде үлкен еңбектің нәтижесі. Ғылыми еңбектерде Византия елшісі Земархтың Тараз өлкесіне келуі қысқа айтылады. Ал Ж. Дәдебаев зерттеуінде сол кезеңдегі тарихи жағдай, Византия императоры Юстиннің ұстанған сыртқы саясаты, Ыстымы қағанның Ұлы Жібек жолын өзіне қаратудағы батыл әрекеттері нақты дерек көздеріне негізделе отырып таратылып баяндалады. «Ыстымы бұл елшілікті 568 жылы қабылдады. Елші хан алдына барарда, хан қызметкерлері ағаш үйіп, от жағады. Елшінің барлық заттарын оттың қасына үйеді. Хан бақсылары дұға оқып, елшінің заттарын кесір-кесапатты белгілерден арылтып, тазартады. Елші Земархтың өзін де от ортасынан өткізеді. Сарай қызметкерлері елшіні отпен осылай тазартып алғаннан кейін ғана оны оны ханның қабылдауына жібереді» деп жазады. Бұл осыдан ХV ғасыр бұрынғы еларалық оқиғаны тірілту ғой. Бұдан ары автор: «Ыстымы Византия елшісін қабылдаған тұста ханның Таластағы жазғы ордасына Иран елшісі келеді. Талас өзені бойында елшілер құрметіне берілген қонақасы үстінде Ыстымы Византия елшісіне жоғары құрмет көрсетіп, оны төрге шығарады. Сондай-ақ хан Земархқа шапқыншылық үстінде олжаға түскен бір сұлу қызды сыйға тартады. Иран елшісіне мұндай құрмет көрсетілмейді, тіпті ол хан тарапынан сөгіс сөз естиді» деп жазады. Оқиғаның осыншалықты тірілтіп баяндалуы автор қиялының жүйріктігінен емес, ол нақты дерекке

сүйеніп, сілтеме жасайды. 1861 жылы жарық көрген «Византийские историки (Дексипп, Евнапий, Олимпиадор, Малх, Менандр и др.) материалдар жинағынан алынған.

Автордың филологиялық-тарихи зерттеулеріндегі стилі де сүйсінтеді, әрі қызықтырады. Қаншама еңбектегі деректер бір-біріне қосылып, асты-үстіне түсіп, араласып жатқанда, ғалымның майдан қыл суырғандай қажетті мәліметтерді тауып алып, оларды жүйелеп, қиыннан қиыстырып, оқырманға әдемі тұтас дүние етіп ұсынуы – екінің бірінің қолынан келе бермес шеберлік.

«Биікте көк тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бұмын қаған, Ыстымы (Істемі) қаған отырған. Отырып, түркі халқының елін, жұртын қалыптастырған, иелік еткен» деп мәтін бойынша «Күлтегін» жазуын оқитынымыз бар. Ал осындағы Бұмын қаған, Ыстымы қаған кім? Сөз арасында аты құрметпен аталып, аруағына бас ию байқалғанмен, оның шын мәнінде кім болғаны, басынан қандай тарихи оқиғаларды өткергенін жыр мәтіні айтпайды. Ал ғалым Ж. Дәдебаевтың «Ыстымы қаған» филологиялық-тарихи зерттеуін оқығанда, оның тарихи тұлғасы, әдеби образы жөнінде кең көлемді мәлімет алдыңнан шығады.

«535 жылдан бергі уақытты Ыстымы жорық үстінде өткізді. Елі мен жерінен ауған қандастарын қуа соғысып, Талас пен Асаны кешіп, Сырдан асып, Еділ мен Жайыққа дейін барды. 553 жылы ағасы Бұмын қаған дүниеден өткенде, Ыстымы ел басқару, қол бастау ісіне әбден төселген, көреген мемлекет қайраткері деңгейіне дейін көтерілген еді» деп жазады.

Бұдан әрі Қадырқан қойнауынан Темір қақпаға дейін көк түріктердің қуатты мемлекетін құрған Ыстымы қағанның бірде дипломатиялық жолмен, бірде қарулы күшпен жүргізген қажырлы күрес жолы баяндалады. Даңқты бабаның асқақ тұлғасы көрініс береді. Тарихи кезеңде өзіне бас иемей, ауа көшкен, барған Еуропа жерінде өзгелерге сес көрсетіп, мықты жауынгер халық екенін танытқан қандастары туралы Ыстымы қаған былай дейді: «Ауарлар аспанға ұшып кететін құс емес, суға секіріп, тереңге жүзіп кететін балық та емес. Олар жер басып қыбырлап жүретіндіктен, менің қылышымнан қашып құтыла алмайды», - деп сәлем жолдайды. Ғалым Ыстымы қаған сөзінің дерек көзін нақты келтіре отырып, скиф патшасы Иданфирстің парсы патшасы Дарийге жіберген «сыйымен» салыстыра талдайды. Ыстымы қағанның ақыл-парасатын, сөзге шешендігін, сөз құдіретін жоғары бағалауын білдіреді. Мақалада қағанға қатысты бұдан да басқа деректер келтіріледі. 576 жылы Рим елшісі келгенде, Түркісан әкесі Ыстымыны жер қойнына беріп, аза тұтып отырған еді дейді.

Рим елшісіне қаралы күйде отырып Түркісан: «...Өтірік жамылып келген сендер де, сендерді маған жіберіп отырған қожайындарың да жалғаншы. Мен сендерді тап қазір өлтіруге бұйырамын. Ал патшаларың маған достық сөзін айтып, менің ауып барған құлдарыммен келісім-шартқа отырғаны үшін әлі де сазайын тартады» деп айбат шегеді. Түркісанның бұл ашу сөзі оның әкесінің өлер қарсаңындағы көңіл күйімен үндес. Түркісан Рим елшісіне еке ренінішін жеткізгендей сөз айтты. Валентин Түркісанның түсінен де, сөзінен де сескеніп, іш жиып қалып, жұмсара, жалына сөйлеуге мәжбүр болады. Сонда ғана Түркісан аздап жібігендей райланып: «Сендер маған әкем өліп, қатты қайғырып отырғанда келдіңдер. Әкем Ыстымы жақында ғана дүние салды. Сондықтан сендер, римдіктер, біздің өлім-жітімге байланысты әдет-заңымызға сай қанжарларыңмен беттеріңді тілгілеп, қайғыруларың керек!» - дегенде, елшілер сол сәтте жапа-тармағай қанжарларымен беттерін тырналап, қайғыларын білдіреді. Қаралы күндердің бірінде Түркісан төрт әскери тұтқынды ереуіл аттарымен бірге әкесі Ыстымының аруағына арнап құрбандыққа шалып, дұға оқиды. Тұтқындарды құрбандыққа шалар алдында Түркісан оларға өзінің сәлем сөзін әкесіне айта баруды бұйырады.

Бұл желі оқиғалы, диалогке құрылған. Ыстымы қағанның сөзінен де, оның баласы Түркісанның сөзінен де қаһарманның өжет мінезі, Еуропаның өзін тітіренткен қаһарлы айбары көрініс береді. Ыстымы қағанның да, Түркісанның да былай сөйлеуі тегін емес. Өз заманындағы қуатты мемлекеттің Елбасшысы. Жаһанды тітіренткен қуатты әскері бар. Тарих сабағы осылай деп сыр шертеді. Осы бір тарихи деректі жүйелеп, бір ізге салып,

алдына жайып салған Ж. Дәдебаевтың қалам қуатына сүйсінесің. Тағы да сұрақ туындауы мүмкін. XV ғасыр бұрынғы оқиғаны дәл қасында болғандай былай таратуы қалай деп. Ғалым дерексіз сөйлемейді. Нақты сілтемесін көрсетеді. Бірі жоғарыда айтылған 1861 жылғы «Византийские историки» болса, Геродоттың «История в девяти книгах», А.Н. Бернштамның «Очерк истории гуннов», Ю.А. Кулаковскийдің үш томдық «История Византии» кітаптары, Л.Н. Гумилевтің, Ә. Марғұланнның, М. Жолдасбековтің еңбектері пайдаланылған.

Автордың «Әулия ата», «Алаша хан» мақалалары да қызықты оқылады. Абай: «Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты... Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта «алашы-алашы» деп ұран-сүрен салыңыз деп бұйырып, бұларға айғай салғанда, көп жанның айқайымен «алаш-алаш» деп кетіпті. Сондықтан «алаш-алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен» дейтін Алаша хан кім еді, оның уақытындағы тарихи кезең қандай болды, тағдыры немен аяқталды деген сұраққа ғалым М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіне сүйене отырып, тұшымды таратып жазады.

Алаша ханның шын аты – Сұлтан Ахмет хан (1464-1465 жылы туған). Моғолстан ханы Жүніс ханның екінші ұлы. Жүніс хан 1485 жылы Ташкент хандығын үлкен ұлы Сұлтан Махмұтқа, Моғолстан хандығын кіші ұлы Сұлтан Ахмет ханға береді. 1486-1487 жылдары хан қайтыс болады. Моғолстанның кейбір ірі әмірлері Сұлтан Ахмет ханның билігін мойындағысы келмей, қарсылық көрсетеді. Хан Арлат әмірі, Шорас әмірі, Қалұш әмірі әскерлерімен соғысып, жеңіске жетеді. Қалұш әмір әскеріне қолдау көрсетіп, паналатқан қалмақтарды да әлденеше рет шауып, Исан тайшыға ойсырата соққы береді. М.Х. Дулати мен Бабырдың жазбасына сүйене жазылған еңбекте Алаша хан-Сұлтан Ахмет хан мен Бабыр Падишахтың, ағасы Сұлтан Махмұтпен кездесуі қызықты суреттеледі. Кейін Бабыр Падишах Алаша ханды былай суреттейді: «Кіші хан, менің ағам, шымыр, батыл да айбынды, тамаша адам еді. Қару-жарақтан қылышты артық санайтын және: «Айбалта, шоқпар, найза, семсер бір ұрғанда бір-ақ жерді жаралайды, ал қылыш сілтесең болды – бастан табанға дейін қақ бөліп түсетін», – дейтін. Ол қанжарын ешуақытта жанынан тастамайтын. Алыс аймақта өскен кіші хан аздап ебедейсіз, тік сөйлейтін кісі болатын» деп сипаттама береді. Зерттеу мақаласында екі ханның қарама-қарсы іс-әрекеті бейнеленеді. Сұлтан Махмұт хан билікте алдамшылардың, жағымпаздардың сөзіне еріп, зардабы мол адасушылыққа ұшырайды. Елдің ішкі жаулары Ахмет Таңбал, Шәйбани хан күшейе бастайды. Шәйбани ханның айлалы тактикасына алданған, ағалы-інілі екі хан қолға түседі. Екеуінің Шәйбаниге пенде болуына себеп Махмұт ханның ел басқарудағы берекесіздігі еді. Шәйбани хан соңындағы ел-жұртын алып қалып, Сұлтан Махмұт хан мен Алаша ханға кеңшілік жасап, Моғолстанға қайтарады. Намысты Алаша хан Моғолстанға келген соң төсек тартып жатып қалады. Мұхаммед Хайдар Дулати кітабында бұл жай Қожа Таджадин шейх атынан былай баяндалады: «Хан ауырып жатқанда, мен оңаша келіп, жұрттың оған Шәйбани у бергені жайлы айтып жүргенін естіріп, өзімнің Қытайдан уға қарсы ем алдыртып, удың зардабын қайтаруға ниет қылып отырғанымды білдірдім. Хан: «Иә, Шәйбани хан маған у берді, жай емес, мынадай у: Шәйбани табан астымда жатқан біреу еді, төбемізге шығарып алдық. Ол ағайынды екеуімізді бірдей тұтқынға алды, одан екеуімізді де босатып, екеуімізге бірдей еркіндік берді. Мен осы қорлықтың күйігінен ауру таптым. Егер мұндай удың уытын қайтаратын ем табылса, онда оңды болар еді» дейді.

Алаша хан осы күйіктен 1504 жылы отыз тоғыз жасында дүниеден озады.

Тұлға тану – Ж. Дәдебаевтың филологиялық зерттеулерінің өзекті арнасы. «Тараз өлкесі» кітабына енген мақалалар қазақ тарихына қосылған зор үлес. Қадырғали бек, Төле би, Бөлтірік шешен, Байзақ датқа, Батырбек датқа, Сыпатай би, Күнтумыш батыр, Көшек батыр, Қойгелді батыр, Саңырық батыр, Жауғаш батыр, Өтеген батыр, Бауыржан батыр, Ұлбике, Майкөт ақын, Жамбыл, Кенен ұлт тарихы мен руханиятында, батырлық дәстүрі

мен ақын-жыршылық өнерінде қазақ елінің даңқын асырған алуан түрлі тағдыр иелері. Ғалым осы тұлғаларды көптеген деректердің негізінде қорытып, ой түйіп, тыңнан арна тартып, жан беріп, сәулелендіріп жазады. Жеңіл де қызықты оқылады. Көз алдыңа диалогпен салмақтандырылған образ келеді. Қажетті тұста автор жарыса ой толғайды. Абай айтқандай, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тигенмен», көп ізденіспен, толағай еңбекпен жазылған қажетті дүниелер.

Сөз соңында автор: «Тараз өлкесі туралы көп жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмыстарымыздың басты нәтижелерін жинақтадық. Ескі тарихтың қойнауында жатқан шындықтың шырайы әрқашанда шынайы қалпында болады. Ақыл көзімен қараған кісі одан білім алып қана қоймайды, сонымен қатар ғибрат табады. Біз өз ізденісімізді осындай оймен жүргіздік» дейді.

Иә, тарих – ғибрат. Бүгінгі ұрпақ осыны көкірегіне түйіп өссе, міндетіне адал, ойы жарқын, жүрегі таза ғалым парызының орындалғаны.



СӨЗ САЗЫ



Әдебиет зерттеушісі, профессор Ж. Дәдебаевтың «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері» атты кітабы бірнеше ерекшеліктерімен ден қойғызады. Ең алдымен байқалар жайт:

– аталмыш еңбек оқу құралы ретінде ұсынылып, шешендік өнер табиғаты, шешен таланты мен оны жасаушылардың байырғы өкілдері хақында нақтылы дерек, материалдар береді;

– қазақ қоғамындағы шешен мен шешендік өнер сипаты, көркемдік таным мен «қызыл тіл» мұраты билер дәуірінің тұғырлы тұлғалары Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің өнегелі дәстүрлерімен тығыз байланыстырылады;

– қазақ шешендік өнерінің байырғы өкілдері ретінде біздің дәуірімізге дейінгі ҮІ ғасырда жасаған скиф Анахарсисінің даналық ой, сөздері арнайы әңгіменің арқауына айналады;

– билер дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілі Б. Әлменұлының әдеби мұрасы, ондағы көркемдік-эстетикалық талаптар, поэтика мәселелері ақыл, билік, ділмар сөздері аясында қарастырылады;

– орта және жоғары мектептің «Шешендік өнер», «Риторика» секілді арнаулы курстарға, бағдарламаларға қосымша дерек, материалдар береді.

Аталған белгі, ерекшеліктер оқу құралының өзекті мәселелерін құрайды.

Кітапта пайдаланылған аңыз-әңгіме, шежіре, естеліктер мен мысал-деректер жалпы жұртшылықты, оқушы, студент жастарды танымдық-тәрбиелік қырларымен баурайды, халық мұрасына бүгінгі күннің талаптары тұрғысынан жаңаша бажайлауға мол мүмкіндіктер береді.

Кітаптың мазмұн-құрылымында жүйелілік, мақсаттылық бар. Кіріспе мен қорытындыдан өзге төрт тараудан тұратын оқулықта қазақ шешендік өнері, оның арғы-бергі тарихы, табиғаты, көркемдік белгі, ерекшеліктері кеңінен қарастырылады. Айталық, «Шешендік өнер және шешен таланты» атты алғашқы тарауда ұлттық сөз өнер түрлері (соғыс ісін жүргізу, билік, сөз өнері), шешендік сөздің тарихы мен теориясы, әлеуметтік міндет-қызметтері, қалыптасу, даму жолдары сөз болады. Автор шешендік өнердің әлем таныған ірі тұлғасы М.Т. Цицерон, сөз өнерінің теоретигі Аристотель, сондай-ақ М.В. Ломоносов, А. Байтұрсынов т. б. сөз сыры мен сымбатына қатысты көзқарастарын, еңбектерін тиімді пайдаланып, тиісті тұста тақырып табиғатына сай танып-талдайды. Әсіресе, сөз сарасы мен ой жүйесінің айтушы мен тыңдаушыға әсер-ықпалына, айқындығы мен көркемдік қуатына ерекше назар аударылады. Сөз сазы, қуат нәрі шешендік өнер ерекшелігі ретінде зерттеледі. Осы орайда М.Т. Цицеронның шешендік өнер мен жалпы өнер түрлері арасындағы ортақ белгі, ерекшеліктерді жан-жақты көрсететінін, ғылымды тастай түйілген жұдырыққа ұқсатса, шешендік өнерді саусақтар сала-сала болып жазылған ашық алақанмен теңестіретіні (7-бет) пайымдалады. Сөз өнері табиғатына тән ой терендігі, дәлдік, нақтылық бөлекше аталады.

Автор шешендік сөзге тән бастама, талқылама, балқытпа, толқытпа, қорытпа, дәлелдеме сынды басты белгі-кезеңдерге айрықша тоқталады. Ал, Аристотель мұратын айтқанда, тілдік-көркемдік мәселелерге мән береді. Әсіресе, көркем сөз тіліне қатысты екі талапты – тіл айқындығы мен сәулеттілігін баса көрсетеді (15-бет). Аристотельдің

«Риторика» еңбегіндегі сөздің құрамдас бөліктері, тіл, ой жүйелері жеке сараланады (26-бет). Кезекті тұста шешендік өнер табиғатына қатысты М. Ломоносов (бастама, талқылама, бекітпе, қорытпа), А. Байтұрсыновтың «бастама, ұсынба, мазмұндама, қыздырма, қорытпа» жүйелеулері де арнайы талдау нысанына айналады. Осы тұста автордың ізденіс, зерттеу мұраттарынан оның қазақ сөз өнеріне ерекше ілтипатын, өзгеше құштарлықты, сүйіспеншілік сезімін айқын аңғарамыз. Ол ұлттық сөз өнері корифейлерінің өмірбаян деректеріне, шығармашылық мұраларына, жалпы мәдени-руханият тарихымызға қосылған әдебиет үлгілерін кеңінен саралап, тереңнен толғап, ақиқатқа мықтап табан тірейтіндігінен де көрінер еді.

Тарауда шешендік өнер тарихы, оның үш құрамдас бөлігі (басы, ортасы, аяғы), шешен таланты мен оған тән белгілер (ақыл алғырлығы, сезім сергектігі, ой тереңдігі т.т.) арнайы қарастырылады. Автор бұл бағыттағы ой-тұжырымдарын былай білдіреді: «Нағыз мінсіз шешен өз сөзі арқылы үш түрлі міндет-қызметті қатар атқарады: тындаушыларының ақыл-ойын байытады; сезімін сергітіп, таным рақатының дәмін таттырып, тамсандырады; өз дегеніне көндіреді. Шешен үшін бұл үш қызметтің алғашқысы міндет болса, екіншісі – даңққа бөленудің кепілі, ал үшіншісі – жеңіске жетудің бірден-бір басты шарты. Ғылым мен өнердің басқа салаларының қандай майталманы да алдына мұндай міндет қоймайды, қоя алмайды, ал зәуеде бір қоя қалса, оны атқара алмайды. Сондықтан да ғылым мен өнерде шешеннің талантымен тең түсер талант жоқ. Шешендік өнердің биіктігі мен тереңдігіне тең түсер басқа биіктік пен тереңдікті табу қиын» (35-36-беттер).

Расында, талантты шешен адамның бойында өзгелерден дара, оқшау көрінер белгілердің болары анық. Ал оның өзі сөз өнері, шешендік қасиеті мол адамда жарқырай көрінері хақ. Шешен талантының таразыға түсер тұсы да осы кез. Шешендік өнердегі биіктік пен тереңдік осы сәттерде даралана, тұлғалана түсері даусыз.

Кітапта қазақ шешендік өнерінің қалыптасу, даму мәселелеріне де кең орын берілген. Бұл ретте «Анахарсис және оның қазақ шешендік өнеріне қатысы» атты екінші тараудағы Орта Азия мен Қазақстандағы ғылыми танымның терең таразылануы, Скиф даласының тыныс-тіршілігі көп жайды алға тартады. Скиф Анахарсистің ғибратты өмірбаяны, шешендік ой-толғамдарымен даналық сөздерінің қазақ шешендік өнерімен сабақтастығы әдеби-тарихи тұрғыдан дәлелді, жүйелі ашылады. Анахарсистің Скиф даласынан Эллада еліне келуі (41-бет), оның өмірі, ортасы хақында Геродоттың деректері (41-бет), сондай-ақ Эфорт, Плутарх, Платон секілді ойшылдар қалдырған мәліметтердегі Солонмен достығы, мысалшы Эзоппен дәмдес болуы, көне дәуірдің жеті жеті данышпаны қатарында болған айрықша тұлға, сөз зергері екендігі көрсетіледі (44-бет).

Негізінен Анахарсис ой мен сөз қадірін білген. Афины ғұламасы Солонмен достығы, Мисонмен тілдесу сәттерінен ойшылдық, тереңдік танылады. Ал жеті данышпанның өзара әңгіме, ой-пікір жарысында Анахарсистің сөзі, мақсат-мұраттары данышпандыққа лайықты деңгейден табылып, адамдық әлемі, даналық дидары жарқырап көрінеді. Бұған мемлекет туралы ой жарысындағы Анахарсистің ой-танымы толық дәлел болады:

«Солон: Қай мемлекетте қылмыскерді жәбір көргендер ғана емес, олармен бірге жәбір көрмегендер де соттап, жазаға тартуға қатысатын болса, сол мемлекетте басқару ісі бәрінен жақсы, халық билігі бәрінен де күшті.

Биант: Қай елде заңнан зұлымнан қорыққандай қорқатын болса, халық билігі де сол жерде бәрінен мықты.

Фалес: Қай мемлекетте сіңірі шыққан кедей де, мұрнынан құрты түскен бай да болмаса, сол мемлекет әділетті, бақытты.

Анахарсис: Әділетті мемлекет – ізгілікке барынша құрмет көрсетіліп, зұлымдыққа барынша лағынет айтылатын, ал қалған қасиеттері тең түсіп жататын мемлекет.

Клеобул: Қай елде азаматтар заң сотынан гөрі ар сотынан қаттырақ қорықса, сол ел – ең бақытты ел.

Питтак: Қай елде ақымақ адамдардың билікке келуіне, ал ақылды адамдардың келмеуіне тыйым салынса, сол елден асқан бақытты ел жоқ.

Хилон: Қай мемлекетте заңды көбірек, шешендерді азырақ тындаса, сол мемлекет жақсы» (77-78-беттер).

Бұл – адамды ардақтап, әділетті іске табан тіреген демократиялық, құқықтық қоғам көрінісі.

Бұл – ақыл-парасаттың, саясаттың жоғары, ізгілікке негізделген әділетті, әлеуметтік мемлекеттің биік үлгісі.

Бұл – ортақ тақырып төңірегіндегі толғаныс, ой-түйіндері...

Қазақ шешендік өнерінде ескіше сауатты, он бес жасында ел билігіне араласып, ақыл-парасатымен, әділдігімен көзге түскен Төле би Әлібекұлының алатын орны ерекше. Оның соңында қалған аталы да жүйелі сөздерінен, билік, төрелік қағидаларынан мол өмір тәжірибесі, даналық дидары танылып тұрады.

Кітаптың «Төле би және оның заманы» атты үшінші тарауында қазақ тарихы, батыр, би, хандардың қоғамдағы орын-үлестері кеңінен сөз болады. Автор Төле бидің өмірі, кезеңі, қайраткерлік қызметтерін тарих тағылымдарымен байланыста баяндайды. Төле бидің қазақ-жоңғар қақтығысы тұсындағы батыр-билердің басын қосып, елдің ерлік рухын көтерерлік кеңес өткізуі, Қойгелді, Бәйтік, Саңрық, Тайлақ, Төлекей сынды батырлардың басқыншыларға қарсы күрестерін қолдап, бағыт беруі (99-бет), жоңғарға қарсы қоқандықтарды пайдалануы (113-бет), қазақ халқының әдет заңына өмір тезінен өткен баптарды енгізуі (123-бет) т.т. – бүгінгі ұрпақ үлгі етіп, тарихтан – тағлым табарлық, тағдырға тағзым етерлік кәделі істер.

Кітаптағы Ш. Уәлихановтың, А. Баллюзектің, А. Левшиннің т.б. дерек, мәліметтерінен де Төле бидің үлкен парасат иесі, саясаткерлік орны, даналық-билік шешімдері, шешендік ой-толғамдары кеңінен көрінеді. Бұл тұстарда да автор жалаң сөздің жалауын көтеріп емес, керісінше тарих тағылымынан нәр алады, ұлы даланың құдіретін сезіне отырып, әдеби-ғылыми деректерге ден қояды. Заман, адам, уақыт шындықтарынан сыр шертеді, шешендік өнер иірімдеріне бойлап, талант табиғатына, сөз сазы мен қуатына, оны жасаушы Адам құдіретіне зор маңыз береді. Адам – қоғам, мәңгілік өнер иесі, қымбат қазына ретінде бағаланады. Мұның өзі Ата Заңның адам мен оның өміріне қатысты құқықтарымен тамырласып, үндесіп жатқаны анық. Шешендік өнердің кешеден бүгінге жеткен тағылымдарының бірі – осы.

Атап өтер жәйт: автор Төле бидің адамдық әлемін, қоғамдағы орнын, қайраткерлік, саясаткерлік сипаты мен шешендік өнер тарихындағы үлес-салмағын әдеби-тарихи тұрғыдан терең қарастырып, ғылыми-энциклопедиялық деректер береді, ұлттық рухани мәселелерге көңіл бөледі. Жалпы, қазақ фольклористикасының маңызды мәселелері би-шешендер мұрасына қамқорлық, оның байырғы өкілдері өнерінің тағылымды тұстарын үлгі-өнеге тұту т.б. мәселелері де тиісінше сөз болып отырады.

Ұлттық сөз өнері тарихында Б. Әлменұлының шешендік сөздері айрықша орынды иемденеді. Кітаптың «Бөлтірік шешеннің әдеби мұрасы» атты төртінші тарауында билер дәуірі әдебиетіндегі шешендік өнер тариғаты, ұлттың рухани әлеміндегі орны ғылыми және әлеуметтік мәдени қызметтері кеңінен қарастырылады. Автордың Бөлтірік шешеннің өмірбаян беттеріне, ол туралы деректерге ден қоюы маңызды. «Бөлтірік шешеннің дүниеге келгеніне үш ғасырдың жүзі болды, – деп жазады автор. – Соған қарамастан оның сөздері ел жадында күні бүгінге дейін анық та айқын қалпында сақталған. Олай болатын себебі, алдымен, шешеннің әр сөзінің өмірлік мәні жоғары, терең мағыналы әрі жүйелі ойға негізделгенінде болса керек. Екіншіден, шешен сөзіндегі мұндай терең ой кісі көкейіне қонымдылығымен, дәлелділігімен, иландыру, сендіру, көндіру қуатымен, сондай-ақ жанды баурап, сезімді билейтін ұлттық бояу, нақышқа бай суреттілігімен дараланады. Көрсетілген ерекшеліктер Бөлтірік шешеннің сөздерінде әр қырынан ашылып, шешендік өнердің бір-біріне жарығын түсіріп, бірін-бірі нұрландырып тұратын көркемдік бейнелеу құралдарымен ұштасып, сабақтасып жатыр» (136-бет).

Кітапта Бөлтірік шешеннің, әдеби мұрасы айтылу мақсат-мұраттарына қарай: ділмар, билік, нақыл сөздер болып жүйеленеді (137-бет). Автор: «...тұрмыс-тіршіліктің

түрлі саласында сан алуан шиеленісті жағдайларда, ақылдың алғырлығы, сананың саралығы сынға түскен тұстарда ойдың ұшқырлығы, тілдің өткірлігі нәтижесінде қиыннан қиысып туады» (138-бет), – деп, ділмар сөздің көлемінің шағындығын, мазмұнының байлығын, мағынасының тереңдігін, сазын, қуатын, қадір-қасиеттерін бөлекше атайды. Бөлтірік шешеннің «Аппақ сақал қараңғы түнде айдай көрінеді», «Ұры-қары деген атақ қалыпты», «Төре баласы мен түйе ботасы», «Сөздің көркі мақал-ды», «Хан баласына бата», «Қырғыз-қазақтың байлық айтысқаны» секілді жекелеген сөздері көп мағына берудің үлгісі ретінде алынса (145-бет), «Арғымақ атта жал болмас», сөзінің мазмұн-мәні күнделікті өмір-тұрмыстың шағын оқиғасына негізделген (139-бет). Ал «Өзің талап, күшігіңе тістеттін», «Лақтаған ешкі артық», «Сыпатай батырдың құны», «Сыпатай батырдың жөнге тоқтауы», «Тентек төртеу болғанда», «Даудың түбін қыз бекітеді», «Кұдайдың өзі оңғарар», «Қара бұлақ» т.т. билік, шешендік сөздерде дау желісі, шешімі, шешеннің азаматтық, адамгершілік келбеті халықтың дәстүрлі мәдениеті өрісінде жан-жақты танылады. Автор Бөлтірік шешеннің әдеби мұрасындағы басты ерекшеліктерді терең талдайды, байыпты, түйінді тұжырымдар жасайды.

Бөлтірік шешен сөздерінің адамгершілік нысанасы, ақыл-нақылдық мәні, құрылым жүйесі білім мен білік, жақсы мен жаман жөніндегі ойларынан да терең танылады. Тіл өнерінің қадір-қасиеті «Бәрінен де сол дұрыс», «Басқа бәле – тілден», «Сөз мәнісі», «Орынсыз болса, сөзің жау тартады», «Тұз сөздің де дәмін кіргізеді» секілді сөз мәдениеті мен сөйлеу әдебін танытатын тағылымдық туындылардан көрінеді. Автор осы тұстарда да шешен сөздерінің мұрат-міндеттеріне, мағына-мәніне назар аударады. Даналық, қанатты сөздерінің қуат-нәрі, мәні арқылы ұлттық-тарихи дамуымызға, көне мәдениет куәларына, би-шешендер өнегесіне зор маңыз береді. Шешендік сөздер халық мұрасы, ел әдебиетінің үздік үлгісі екені, оны жинау, зерттеу қашанда кәделі міндеттер болып қала беретіні туралы ойларын ортаға салады.

Бөлтірік шешен мұрасындағы ой мен сөз жүйесіне, көркемдік құрылымдарына қатысты ізденіс, зерттеулерден терең таным, мәнді ой-тұжырым дәйекті салыстырулар, талдаулар негізінде ашылады. Автордың бұл бағыттағы ойлары мәнді, салыстырулары орынды, талдаулары татымды, түйін-тұжырымдары нәрлі де дәйекті: «Шешендік өнер туындысы үшін ойдың тереңдігі мен дәлелділігі, анықтығы мен айқындығы қандай маңызды болса, сөздің сұлулығы мен бейнелілігі де сондай мәнді. Бөлтіріктің сөздерінің басты қуаты ойдың тереңдігінде, ойлаудың жүйелілігінде екендігінде дау жоқ, сонымен бірге терең ой мен жүйелі ойлаудың қадір-қасиеті оның суреттілігі мен бейнелілігінде жатқаны да рас. Шешен айтқан сөздің қай-қайсысында да ішкі нәр мен сыртқы әр тас бұлақтың суындай сылдыраған бірөңкей мөлдір келісіммен жарасады. Бұл орайда көркемдік бейнелеу құралдарының байлығы, жай емес, эстетикалық ажары ашық, нағыз баянды байлығы айрықша сән-салтанатпен көзге түседі» (193-бет).

Автор шешен сөздерінің көркемдік жүйесіне, эстетикалық қызметіне, бейнелілік-суреттілік мәселелеріне де ерекше назар аударады. Бұл ретте ауыстыру, егіздеу, қайталау секілді тәсілдерге арнайы мән беріп, тереңнен толғап талдайды. Бөлтірік шешен сөздерінің көркемдік бейнелеу құралдарының түр-түсіне, құрылымы жағынан алуан түрлілігіне ғылыми сипаттама береді. Шешеннің дарын даралығын, талантын, ой-сезім жүйесін, тілінің бейнелілігін саралайды. Ой түйінін: «Шешеннің жекелеген сөзінде де, жалпы өнерпаздық өнегесінде де ерекше жарқырап көрінетін басты үш көркемдік-эстетикалық ерекшелік бар. Оның бірі – Тереңдік. Танымның, ой мен сөздің тереңдігі. Екіншісі – Айқындық. Танымның, ой мен сөздің айқындығы. Осы екі ерекшелікті өзара тұтастырып, асқан келісіммен үйлестіріп тұрған және бір ерекше өлшем бар. Ол – Жүйелілік. Тағы да сол танымның, ой мен сөздің жүйелілігі. Тереңдік. Айқындық. Жүйелілік. Бөлтірік шешеннің өнері мен өнегесі осы үш өлшемге негізделген» (204-бет), – деп білдіреді.

Кітап соңында берілген арнаулы курс аясында орындалатын бақылау жұмыстарының тақырыптары, қазақ шешендік өнері мен оның өкілдері хақындағы тапсырмалар, тест сұрақтарының үлгі-өрнектері құрылым, мазмұн байлығымен ерекшеленеді әрі теориялық-

практикалық тұрғыдан мәнді, танымдық-тәрбиелік жағынан құнды, салмақты. Тегінде, аталмыш еңбек оқулық бағытында болған соң, қазақ би-шешендері туралы өмірбаяндық деректер, әдебиеттер көрсеткіші, кезең шындығын айшықтай түсерлік әр алуан сурет-өрнектер де орын алғанда, кеше мен бүгіннің табиғи желісі жалғаса, нұрлана түсер еді. Бұдан жалпы жұртшылықпен бірге оқушы, студент жастардың да сөз қуатын, сазын сезінуі артып, би-шешендер шығармашылығына деген көзқарастары, дүниетаным иірімдері кемелдене, тереңдей түсері анық.

Жалпы, Ж. Дәдебаевтың «Белтірік Өлменұлы және қазақ шешендік өнері» кітабы – ізденістері мол, әдеби-ғылыми сипат-тағылымы терең, танып-талдау мәнері айқын да бедерлі маңызды еңбек.



Сәуле ЖУСАНБАЕВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақ тіл білімі
кафедрасының аға оқытушысы

ПРОФЕССОР Ж. ДӘДЕБАЕВТЫҢ ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ



Филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры Ж. Дәдебаев – Қазақстандағы Ш. Айтматов шығармашылығын зерттеуші, насихаттаушы ғалымдардың бірі, Халықаралық Айтматов академиясының академигі. Қырғыз ҒА Ш.Т. Айтматов атындағы Қырғыз тілі мен әдебиеті институтының жанындағы докторлық диссертация қорғататын еларалық диссертациялық кеңестің мүшесі болып, ұзақ жылдар бойы қырғыз әдебиетінің жоғары білікті мамандарын даярлауға үлес қосты.

Ж. Дәдебаевтың Ш. Айтматов шығармашылығы туралы еңбектері 1988 жылдан бастап жариялана бастады, олардың жалпы саны 30-ға жуық. Қазақстанда Ш. Айтматовтың шығармашылық лабораториясы бойынша 1 ғылым кандидатын даярлады (2006).

Айтматов шығармашылығы туралы Ж. Дәдебаев еңбектері бірнеше топқа бөлінеді: бұқаралық ақпарат құралдарындағы; ғылыми журналдардағы; еларалық ғылыми конференция жинақтарындағы; монографиялық зерттеулердегі; оқу құралдарындағы.

Ш. Айтматовтың мифопоэтикасының кейбір қырлары Ж. Дәдебаевтың докторлық диссертациясы мен оның авторефератында (1992), «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991), «Жазушы еңбегі» (2001) монографияларында қазақ, қырғыз, қарақалпақ әдебиетінің таңдаулы үлгілерімен сабақтастықта, салыстырмалы тұрғыда, пәнаралық деңгейде пайымдалды. Ж. Дәдебаевтың «Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы» (2002) оқу кітабында Ш. Айтматов шығармашылығы жеке лекция (жиырма бесінші лекция) көлемінде жинақталып, университеттің жоғары білім алушы жастарына ұсынылды, «Қазақ әдебиетінің тарихы. Екінші бөлім» (2023) оқу құралында Ш. Айтматов шығармашылығы туралы толғамдары толықтырылып, арнайы бөлім ретінде жарық көрді.

Ж. Дәдебаев Ш. Айтматов шығармашылығының көркемдік-эстетикалық, ұлттық және жалпыадамзаттық мәнін, образ жасау шеберлігін, мифопоэтикалық, психопоэтикалық ерекшеліктерін қарастырып, ғылыми маңызы зор ғылыми ойлар мен пікірлер, тұжырымдар негіздеді. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы» ғылыми журналының филологиялық сериясында Ш. Айтматовтың шығармашылық ойлау әлемі, стильдік даралығы, поэтикасы туралы бірнеше ғылыми мақала жариялады. Ш. Айтматов шығармашылығы бойынша өткен еларалық ғылыми конференцияларда жасаған ғылыми баяндамалары конференция материалдары топтастырылған жинақтарда жарияланып, айтматовтанушы ғалымдардың қызығушылығын туғызды.

Ж. Дәдебаевтың бірқатар еңбектері айтматовтану ғылымының Қырғызстандағы ірі өкілдерінің шығармашылығы туралы. Профессор Әбдіқадыр Садықов пен айтматовтану ғылымының қазіргі таңдағы теңдесі жоқ қайраткері академик Абдылдажан Акматалиев туралы ғылыми-публицистикалық эсселерінде Ж. Дәдебаев қырғыз ғұламаларының айтматовтану саласындағы шығармашылық еңбектері мен жетістіктеріне зор құрметін білдіреді.

Ж. Дәдебаев қазақ-қырғыз әдеби, мәдени байланыстарының дамуына үлес қосты. Ж. Дәдебаевтың Ш. Айтматов шығармашылығы туралы еңбектерінің библиографиясы:

1. Әлемді таң қалдырған Жәмила // Лениншіл жас. – 1988. – 21 қыркүйек.
2. Ш. Айтматов және ауыз әдебиеті // Қазақстан мұғалімі. – 1988. – 9 желт.
3. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. – 120-127-беттер.

4. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 200-209-беттер.
5. Жазушы еңбегі. Толықтырылған 2-басылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 295-302-беттер.
6. Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 290-310-беттер.
7. Ш. Айтматов // Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқу құралы. Екінші бөлім.- Алматы: Қазақ университеті, 2023.
8. Чыңғыз Айтматовдун «Жамийла» повести тууралуу // Чыңғыз Айтматов жана руханий маданият. – Бишкек: Манастаануу жана көркем маданияттын улуттук борбору, 1999. – 167-184 бб.
9. Шыңғыс Айтматов және ауыз әдебиеті // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. - №1 (153). – 32-37-б. (Тең авторлар П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов)
<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1449>
10. Шыңғыс Айтматовтың психопэтикасы // «Айтматов оқулары – 2015» Эл аралық илимий-практикалық конференциясының материалдары (11-12 декабрь. Бишкек, Кыргызстан). – Бишкек: «Турар», 2015. – С. 65-71.
11. Шыңғыс Айтматовтың психопэтикасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – № 1 (159-том). – 34-40-б. (Тең авторлар П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов)
<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1820>
12. Шыңғыс Айтматовтың мифопэтикасы // Материалы Международной научно-практической конференции «Айтматовские чтения – 2016». – Бишкек: Мукай, 2016. – С. 262-266.
13. Профессор А. Садықов туралы сөз // Гүлдесте. – Бишкек, 1993. – 32-34-беттер.
14. Зиялы азамат, ғибратты ғұлама, ұлағатты ұстаз: Қырғыз халқының ғалымы Ә. Садықұлы // Алматы ақшамы. – 2003. – 23 қазан.
15. Зиялы // Дәдебаев Ж. Менің университетім: зерттеулер мен зерделеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 134-140-беттер.
16. Чыған уул, нусқуу аалым, парасатту устат // Оқумушту, педагог, ұстат Абдыкадыр Садықов. – Бишкек: «Бийиктик басмасы, 2013. – 39-41-беттер.
17. Көрдүнүздербу? // Эңсегенім – элиме кызмет кылу. Абдылдажан Акматалиев жөнүндө / Түз. А. Кадырмамбетова, М. Мукасов, Г. Оразова. – Бишкек: Манастаануу жана көркем маданияттын улуттук борбору, 2005. – 221-222-беттер.
18. Құрыштай қайратты // Дәдебаев Ж. Менің университетім: зерттеулер мен зерделеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 141-148-беттер.
19. Құрыштай қайратты қайраткер. Абдылдажан Акматалиев // Абай институтының порталы. <https://abainst.kz/?p=5583> 13.12.2022.
20. Әбдіқадыр Садықов // Менің университетім. Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 201-207-беттер.
21. Абдылдажан Акматалиев // Менің университетім. Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 226-234-беттер.
22. Алықұл Осмонов // Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы. Бірінші бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 434-452-беттер.
23. Қараханның ботасы қабылан туған Алмамбет // Алматы ақшамы. – 1994. – 12 қазан.
24. Қараханның ботасы қабылан туған Алмамбет // «Манас» эпосы жана дүйне элдаринин эпикалық мурасы. – Бишкек: Кыргызстан, 1995. – 40-43-беттер.
25. «Манас» жыры және өмір шындығы // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 22 тамыз.
26. Қараханның ботасы қабылан туған Алмамбет // Мәдениетаралық байланыстар және компаративистика. Ғылыми мақалалар жинағы. – Бишкек: «Абыкеев А.Э.» басмасы, 2014. – 5-13-беттер.
27. Шыңғыс Айтматов-Адамзаттың Айтматовы. Электрондық көрме. 16.12.2023.
<https://abainst.kz/?p=6000>





**Раушан ӘБДІҚҰЛОВА,
Ләйла МҰСАЛЫ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ доценттері**



КЕМЕЛДІК КЕЛБЕТІ

Жанғара Дәдебайұлы еңбек жолын 1968-1969 оқу жылы ауыл мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып бастады. Тараз қаласындағы педагогикалық училищеде білім алып, қиырдағы ауыл мектебінде II, I сынып оқушыларын оқытты. 1970 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсті. Осы сәттен бастап Жанғара ағайымыздың өткен ғасырдың 70-жылдарынан басталған ұлттық университеттегі білім мен ғылымға арнаған қызметі жарты ғасырға ұласып, жалғасып келеді. 1975 жылы ҚазҰУ-ды тәмамдағалы бері болашақ академик Ж. Дәдебайұлы туған университетінен қол үзген емес. 1975 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, 1991-1992 жылдары қазіргі Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының директоры қызметін де атқарған кездерінде де университеттен тығыз байланыста болды. 1977 жылы өзі түлеп ұшқан қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде ассистент болып бастаған Жанғара Дәдебайұлы тынымсыз ғылыми ізденісі, білім, ғылым, ұстаздық жолындағы табандылығы, асқан жауапкершілігі, ел мүддесін жоғары қойған қайраткерлігінің нәтижесінде кісілік абыройға ие болып қана қоймай, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик ғылыми дәрежелері мен атақтарын иеленді. Туған университетінің дамуы жолында қай қызметтен де аянып қалмай, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры ретінде ҚазҰУ-дың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Осы кезеңде профессор Жанғара Дәдебайұлы еліміздің саяси-экономикалық, мәдени-рухани өсіп-өркендеу деңгейін қырағы бақылай отырып, мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес өзі қабырғасында елу бес жылға жуық еңбек етіп келе жатқан төл университетін әлемдегі озық елдер университеттерімен теңестіру жолында құлшына еңбек етеді. Білім беру ісінде дәстүрлі, кредиттік технология үлгісімен оқытуды басқа да әлемдік озық жаңашыл үлгілерімен байытуға күш салады. Университет проректоры Жанғара Дәдебайұлы білім беру ісінде бірінші болып сапа менеджменті жүйесін жасауға басшылық жасап, оны өндіріске енгізеді. Ол университет үшін нәтижелі болды. Осы жетістіктері үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 2006 жылы «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» Республика Президенті сыйлығының лауреаты болды, 2008 жылы «ТМД елдерінің жоғары оқу орындары арасындағы конкурстың дипломанты» атанады.

Қайраткер азамат қай салада жүрсе де ғылымнан еш қол үзген емес. Жанғара Дәдебайұлы «Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы М. Әуезов дәстүрі» атты методикалық құралы (1981), «Әдеби шығарма» (1986), «Қазақ тарихи романы және дәстүр мен жаңашылдық» (1988) сынды көптеген оқу құралдары мен «Әдеби шығармашылық» (1999) т.б. типтік оқу бағдарламалары мен «Қазіргі қазақ әдебиеті» лекциялар курсының 2002, 2003 жылдары жарияланған I, II кітаптары іспетті басқа да еңбектері білікті де байыпты педагог-ғалымның әдіскерлік еңбектеріндегі әлемдік деңгейдегі жаңашылдықты айғақтап тұрғаны анық. Профессор Ж. Дәдебайұлының отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрген 800-ден астам ғылыми мақалаларын, 40-тан астам әдеби еңбектерін, 20-аса монографияларын айтар болсақ, еліміздің ғылымы, әдебиеті мен мәдениетін дамытудағы және білім беру ісінде сапа менеджменті жүйесін

калыптастырудағы нақты үлестері аса зор. Ұстаздық миссиясына қашан да адал профессор магистрант, докторанттарға дәріс оқып келеді.

Бүгінде «ұстаздардың ұстазы» атанған Жанғара Дәдебайұлының осынау істердегі қажымас қайратын, әмбебап әдіскерлігін ұстаздар мен сандаған шәкірттері үлгі тұтуда. «Болмасаң да, ұқсап, бақ. Шын ғалымды көрсеңіз» деп ұлы Абай айтқандай, терең білімпаздығы, ғажап эрудициясы мен эстет болмысы ғылыми органы да, шәкірттер аудиториясын да өзіне баурай алатын құдіретімен ерекшеленетіні даусыз десек болады.

Бүгінде қазақ әдебиеттануының бірегей тұлғасына айналған профессор Ж. Дәдебаевтың «Шымырлап бойға жайылған» (1988), «Ғабиден Мұстафин» (1989), «Мұхтар Әуезов» (1990), «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991), «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері» атты оқу құралы (1996), «М. Әуезов шығармашылығы» (1997) «Атыңнан айналайын Әулие ата» (1998), «Жазушы еңбегі» (2001), «Талас аңыздары» (2002), «Адам ата» (2005), «Менің университетім: зерттеулер мен зерделеулер» (2007), «Адам және заман» (2008), «Таңдамалы шығармалар» (2008), «Тақырып және идея» (2010), «Тараз өлкесі: монографиялық пайымдаулар, ойлар мен толғаныстар» (2013), «Абайдың антропологиясы» (2014), «Шешендік өнер теориясының негіздері: монография» (2016) аталатын ғылыми зерттеулері мен монографиялары, адам мен заман, ел мен жер тарихы, әлеуметтік мәселелер жайындағы әдеби толғаныстары мен зерттеулері өз алдына бір төбе сүбелі еңбектер екені белгілі. Бұл еңбектер көрнекті ғалым Ж. Дәдебаевтың әдебиет теориясының білгірі, айтулы әдебиет тарихшысы, қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағыттың көшбасшысы, Абай ілімін жаңашыл концепция тұрғысынан қарастырып, абайтануды жаңа деңгейге көтерген ғалым екенін айғақтайды. Әрине, сөзіміз дәйекті болу үшін ғалым еңбектердің бір парасын сөз еткен жөн. Мәселен, көрнекті әдебиеттанушы Ж. Дәдебаев «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері» (1996) атты оқу құралында ғалым қазақтың шешендік сөздерінің тарихы мен теориясын халқымыздың әйгілі шешені Бөлтірік Әлменұлының мұрасы негізінде тұжырымдайды. Бөлтіріктанушыларға ізашар болған бұл еңбекте кеңестік кезеңде фольклорға телініп келген қазақ шешендік сөздерінің авторлығы ауызша сақталған әдебиет үлгісі екенін пайымдайды. Қазақ шешендік өнерінің өзгеше табиғатын, синкреттілігін, суырыпсалмалық өнерге негізделгенін, дегенмен шешендік сөздің ырғаққа, ұйқасқа құрылғанымен өлең емес екенін, алайда айшығы мен көркемдік кестесі эстетикалық қуаты, көркемдік әлеуеті зор екенін дәйектейді. Қазақ шешен-билерінің халқымыздың тарихи тағдыры мен қоғамдық өміріндегі орнын, халықаралық қарым-қатынастардағы мәмілегерлік қызметтерін айқындайды. Әсіресе, Бөлтірік бидің ел ішіндегі және халықаралық дау-дамайларды шешудегі даналығын, асқан ділмарлығы мен көсемдігін дәйектеп, шешендік сөздерінің құрылым жүйесін Цицерон, Демосфен сөздерінің жүйесімен салыстыра талдайды. Мысалы, Бөлтірік шешеннің «Қарабұлақ», «Алтын емел дауына дауа» тағы басқа да шешендік сөздерінің поэтикалық құндылықтарын герменевтикалық әдіс тұрғысынан кешенді талдайды.

Кең тынысты, көреген ғалымның ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан тағы бір елеулі үлесі – ҚазҰУ-да 2009 жылы құрылған Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры ретінде атқарған еселі еңбегін атап айту керек. Бүгінде Абай ҒЗИ абайтану саласында елімізге танымал іргелі ғылыми мекемеге айналған. Абай ҒЗИ-да атқарылған істердің нәтижесі ауыз толтырып айтарлық.

Абайтану саласында ғана емес, барлық гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп келе жатқан бұл институттың бағыттары: Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының тоғысында зерттеу; қазақ әдебиеттануы; фольклористика; әлем әдебиеті; аударма; мәдениетаралық байланыстар т.б. Институт құрылған күннен бастап, проф. Ж. Дәдебайұлының өзі бас болып, күндіз-түні көз майын тауысып, руханият саласы үшін мәнді де мазмұнды ақпараттық қор жинақтады. Институттың ресми вебсайтында <https://abainst.kz/> ғылыми, әдістемелік, көркем әдебиеттер мен оқулықтардың электронды қоры жасалған. Онда мыңнан аса әдебиеттер бар және мұның өзі ұдайы толықтырылуда.



Абай ғылыми-зерттеу институтында 2015-2017 жылдарда «АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ», 2020-2022 жылдарда «АБАЙ ІЛІМІН БІЛҮДІҢ, ТҮСІНУДІҢ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ» тақырыбында ғылыми жоба орындалды. Осы жобалар аясында профессордың тікелей басшылығымен «АБАЙТАНУ. ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР» көп томдық сериялық басылымы (Томдар: 1-50, «Қазақ университеті» баспасы, 2016-2021 жж.); «АБАЙТАНУ АНТОЛОГИЯСЫ. ОН ТОМДЫҚ» («Қазақ университеті» баспасы, 2021 ж.); «АБАЙ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ» сериялық басылымының кітаптары; «АБАЙДЫҢ КІСІЛІК КОДЕКСІ», «ЖАМБЫЛТАНУ. ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР» сериясының алғашқы басылымдары; әл-Фараби кітапханасының порталында «АБАЙТАНУ АНТОЛОГИЯСЫ» интеллектуалдық е-ресурстар базасы [HTTP://ELIBRARY.KAZNU.KZ/RU/NODE/7912](http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/7912) және «АБАЙ ІЛІМІ» атты оқу пәні т.б. ірі де іргелі ғылыми нәтижелерге қол жетті.

Жанғара Дәдебайұлының мемлекеттік идеологияға негіз бола аларлықтай ұлттық құндылық ретінде «АБАЙ ІЛІМІН» негіздеп, дайындаған ерен еңбегіне куә боламыз. Профессордың «Абайдың антропологиясы» (2014), «Абайдың шығармашылық даралығы» (2021), «Абай ілімі» (2023) монографиялық зерттеулері мен 2023 жылы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Абай ілімі» атты оқу құралында аталған ілімнің тұтас концептуалды жүйесі түзіліп, оның құрамдастарына ғылыми талдау жасалған. Осы ілімді қазақ қоғамына, әсіресе өскелең ұрпақ ой-санасына дарыту мақсатында Жанғара Дәдебайұлы «Абай ілімі» жаңа оқу пәнінің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеп, 2021-2022 оқу жылында оқу үдерісіне енгізді. Білім мен ғылым саласының өзекті проблемаларын бес саусағындай білетін қайраткер педагогтың осы ілім аясында енгізген тағы бір тың идеясы – «АБАЙ ТАКСОНОМИЯСЫ» да атап өтуге тұрарлық ғылыми-әдістемелік жаңалық деуге болады. Бұл жөнінде ғалымның өзі: «Абай таксономиясы, Абай таксономиясының иерархиялы моделі Абайдың өз шығармашылығының өзегінде өрілген ойлар желісі негізінде сипатталды. Таксономия құрамдастарының маңызы мен мәні, иерархиялық жүйедегі орны, қызметі Абайдың қағидаларына, өзекті ойларына жасалған нақты талдаулар нәтижесінде парықталды. Абай таксономиясы – отандық оқу теориясы, оқу мен оқытудағы танымдық үдерістер психологиясы саласында пәнаралық деңгейде арнайы жүргізілетін зерттеу жұмыстары мен білім беру ісіне теориялық негіз болғандай ерекше маңызды құндылық» деп маңызды тұжырым жасайды да, Абай таксономиясындағы танымдық үдерістерді жүзеге асыруға қажетті ойлау амалдарын нақты көрсетіп береді. Ғалымның осы тың концепциясы болашақта білім беру саласында қазір қолданып жүрген «Блум таксономиясын» алмастыра алатын ұлттық білім беру тұрғысынан өзекті, маңызды ғылыми концепция деп санаймыз.

Абай ғылыми-зерттеу институтының қол жеткізген нәтижелері – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі зор жетістік, үлкен құндылық.

Бағамдай келгенде, ұлттық гуманитарлық ғылымның көрнекті өкілі, ғалым-ұстаз Ж. Дәдебайұлының замана талабына жауап бере алатын тың концепциялары, «Абай ілімін» ғылыми категория деңгейіне көтерген іргелі зерттеулері Мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаевтың Жаңа Қазақстан жағдайындағы «Әділетті Қазақстан», «Адал азамат» сынды маңызды да, өзекті идеяларына үндес келіп, оларды жүзеге асыруға қызмет ететініне көз жеткізу қиын емес. Әдебиеттанудағы жаңа бағыттардың көшбасшысы Жанғара Дәдебаевтың қай салада да жазған еңбектері пәнаралық зерттеудің бірегей үлгілері болып табылады. Әсіресе, ғалымның абайтануды жаңа заман тұрғысынан тың ғылыми концепциялармен байытып қоймай, Абай ғылыми-зерттеу институтының жұмысын халықаралық деңгейде үйлестіруге жолбасшылық етіп, іргелі зерттеулерде қолы жеткен елеулі нәтижелері де ғалымның биік парасаттылығы мен кісілік кемелдігінің айғағы.



ДӘДЕБАЕВ ДӘРИСТЕРІ



Сексенінші жылдардың орта шенінде Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің білім алушыларына дәріс оқыған ұлағатты ұстаздарымыздың қатарында болған әдебиеттанушы ғалым, оқытушы Жанғара Дәдебаевтың да есімі шәкірттері тарапынан ілтипатпен аталады. Ұлттық университетте жарты ғасырдан астам ұстаздық етіп келе жатқан ғұмырында Жанғара Дәдебаев «Әдебиеттің предмети – адам» деген қағидатты тірек етсе, адамтанудың асқан білгірі Абайдың толық адам ілімін, кісілік кодексін де сонша уақыттан бері шәкірт санасына шегелеп келеді. Абай өлеңін түсініп, түйсінудің алғышарттарын ұғынғанмен, оның ілімінің ілкі тұстарын аңдағанымызбен, ішкі қыртыстарының сан қатпарлы бояуын, сан арналы өзегін, мың пернелі әуезі мен әуенін аңғару мен бағамдаудың, ажырату мен айқындаудың шегі жоқтай көрінеді. Соны өмір бойы іздеу мен

ізденуге, ойлау мен ойлануға, зерттеу мен зерделеуге негіздеп, «ақырын жүріп, анық басып» келе жатқан ұстазымыздың еңбегі ерен. Абай ілімінің хақтың ілімімен, халықтың дәстүрлі мәдениетімен, ұлттық кодпен байланысын терең бажайлап, жүрекке жүгіну, ақыл-ой таразысына салып, безбендеу барысында байыптап, бағалау мен талдауға талпынтады.

Дәдебаевтың қаламынан туған «Абай антропологиясы» Абайдың адам туралы ілімінің нәтижелі көрсеткіші іспетті. Абайды оқып таңырқадық, ақындық сүрлеуіндегі өзгеше әлеміне тамсандық, дүниетаным диапазонының кеңістігіне таңғалудан да қалыспадық. Бәрібір абайтанудың кемшін тұсын тиянақтаудың тоқтамайтынын, таусылмайтынын сеземіз. Тәуелсіздік дәуіріндегі Абайға жаңаша көзқарас кемелденді, түрленді, жаңа биікке көтерілді. Жаңа заманмен жарыса жаңа Абай өмірге келді, абайтану да жаңғырды, жасарды, жаһанданудың ырқына көнбей, жаңа белеске беттеді, жаңашыл қырынан жарқырай көрінді. Бұл тұста абайтанушы ғалымдардың қай-қайсысының еңбегі де ескерусіз қалмақ емес, еселі еңбектерін ерекше атауға тиіспіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыздың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін», – деп атап көрсетуі Абай мұрасына әрдайым оң көзқарастың бола беретінін аңдатады. Ақыл, қайрат, жүрекке жүгіну – ақынның ой-таразысының шынайы болмысы, нақты сипаты. Ізгіліктің жаршысындай ұштағаннан бастау алатын нағыз адамның адам нанғысыз әлеуетін, болмысын, қасиетін, мінезін, келбетін, яғни алуан қырлы, шынайы, «толық адам» сипатын санамызда сәулелендірді, ойымызды қалыптастырды, жүрегімізге ұялатты. Адамтанудың Абай нұсқаған бес асыл ісі мен адамшылықтан алыстататын бес дұшпанын ғылыми негізде

жүйелеп, әрқайсысын жеке-жеке мақалаға арқау етіп, ақын дүниетанымының түпсіз тұңғыш сырына қанықтырып, тереңіне үңілтеді. Толық адам болмақтың мақсатын ұқтырып, мәніне бойлатады. Мәселен, бес асылдың алғашқысы – талаптың мәні мен мағынасын – Абай ілімінің биік деңгейіне айқын мысал бола алатынына төмендегідей тұжырым жасайды: «Ақын талаптың мағынасын, мәнін ашады; маңызын аңдатады; түрлерін көрсетеді; талаптанудың шарттарын анықтайды; талаптанудың мақсатын талдап, таразылап баяндайды». Адам болмысын танытатын Абайдың әр сөзінің түп-төркінін, астарын айқындап, мағынасын ашып, ұлттық дүниетаныммен қатынасын, арасалмағын парықтап, ғылыми байыптау мен бағамдауға алып келеді, өркениет көшіндегі беталысын болжайды. Абай ілімі – даналықтың шыңы, ал Дәдебаевтың монографиялық зерттеуі – Абайдың таным көкжиегінің тереңіне бойлайтын ыждағатты ізденіс, көпжылғы зерделеулердің шынайы көрінісі. Кемел ойдың сығындысы, көрікті ойдың ұшқыны, ақын кеңістігінің ұшы-қиырсыз екенінің дәлелі. Тағы бір мысал, ақынның қанағат турасындағы үзік-үзік ойларын тілге тиек ете келе, ақын ұғымындағы бұл сөздің мағынасының біз ойлағаннан терең, біздің санамыздағы түсініктен тым алыс екенін екшейді. Көңіл тыныштығынсыз қанағат жұтаң тартатынын, көңіл тыныштығының бұзылмауы үшін үш нәрседен – адамның адамдығын бұзатын жамандықтан; өзін-өзі артық көрсетпектен; біреуге қастық қылмақтан – аулақ ұстаған жанның мерейі үстем, көңілі шат болмағын тұжырымдап береді.

Зерттеуші ғалым өз кезегінде: «Абай ілімінің жүйесінде қанағат – адам баласының асыл байлығы, рухани қымбат құндылығы. Қанағат адамның жанын, абыройын, адамшылығын сақтайды. Абай ілімі бойынша қанағат, ынсап – ғадалеттен, ғадалет – махаббаттан. Айтылған жайлар Абайдың ілімінде қанағаттың лайықты орны барын, оны басқа еш нәрсемен, ешқандай ұғыммен, қасиетпен ауыстыруға, алмастыруға болмайтынын көрсетеді. Оның мәнін білу, мәнісін ұғу Абай ілімінің жүйесін дұрыс тануға септігін тигізеді», – деп тұжырымдайды. Зерттеуші сондай-ақ терең ой ұғымын әл-Фарабидің «ойлау күшімен» мәндес келетініне көңіл аударады. «Салыстырып қарағанда «ойлау күшінің» де, «терең ойдың» да, «терең ойдың соңына ерудің» де түпкі мәні бірдей. Айырмашылық – мазмұнда емес, пішінде. Әл-Фарабидің ойы нақты, ал Абай ойы бейнелі, образды. Екінші жағынан, Абай өзінің ойларын өзі танып, білген өмір тәжірибесі негізінде таратады. Сөйте тұра әлемдік ақыл-ой қорында жинақталған ғылыми пікірлерден алшақ кетпейді». Абайдың терең ой турасындағы түсінігінің мәні терең екенін, кісінің «өзінде ой», «ойда көзі» болмаса, істің байыбына үңіліп, керегіне қол жеткізе алмайтынын, терең ойсыз адамшылықтың қадірін түсіну мүмкін еместігін саралай келе, ақынның «терең ойы» – адамның адамшылығының сапалық қасиеттерін білдіретін категориялардың қатарына жататынын айқындап береді.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтың кісі бойындағы кемшіліктердің ең сорақысы, нағыз өзі екенін ақын айқын аңғартады. Жанғара Дәдебаев осы «бес дұшпанның» әрқайсысына арнайы тоқталып, жеке-жеке талдап, ақын сөзінің себебіне үңіліп, өзге өлеңдерінде, поэмаларында, қарасөздеріндегі қолданысын саралап, жүйелеп, аражігін тексеріп, өзара сабақтасып жатқан ұғымдардың сырына қанықтырады, маңызын ажыратып береді. Бір ғана мақтаншақ ұғымынан туындайтын сан-салалы мағынасының әрқайсысына арнайы тоқталып, айырмасын айқындап, бірін-бірі толықтырып, тұтасатын тұсын аңғарып, бірде өлеңдерінен, бірде «Ескендір» поэмасынан, келесі кезекте аудармаларынан дәлел-дәйек ұсынып, мақтаушының, мақтанушының, мақтаншақтың аражігін ажыратып, ақын қолданған әр алуан сипатының сырына қанықтырып, маңыздылығын тұжырымдап береді. Абай ілімінің өміршең принциптеріне негізделген Дәдебаев дәрістері де өзекті.

Абайтану жеке пән, ғылым саласы ретінде жолға қойылуына қадау-қадау еңбек сіңірген зиялыларымызды, ағартушыларымызды, ғалымдарымызды білеміз. Олардың әрқайсысының осы саладағы қосқан үлесі қомақты. Абай мұхитын толықтыруға қалқадерінше еңбек етті. Осы тұрғыдан келгенде Дәдебаевтың дананың дегдар дидарын, азаматтық-қайраткерлік келбетін, ақындық әлемін танытуға келгенде ақын танымындағы адам өмірінің мәні мен маңызы, жұмбақ сыры мен ішкі «мені», қоғамдағы орны мен

қоршаған ортаны қабылдауы, адамшылық қасиеттерді тану мен түйсінуі жан-жақты сараланады, ақын көзқарасындағы адамзаттың ортақ мүдделері мен мүмкіндіктері жүйеленеді.

Рухани уызбен аяқтанған бала Абайдың дана Абайға жету жолындағы ізденістеріне ішкі қуат-тегеуріннің мықтылығы, адами құндылықтарға суарылған рухани әлемінің тазалығы, ар-ұждан, ынсап, қанағат қағидаттарын үнемі қаперінде ұстайтын имандылығы, сүйер елінің «сүйінерге жарар» ұлы болуды ойлаған мақсаткерлігі де сеп болғаны анық. Мұратына адалдықтан туған асыл ойдың нәтижесі екені де айқын.

Зейіні зерек, ой-тағылымы ерек, қабылдауы бөлек Абайдың білімсіздермен ғана егеспей, өмірге құштар, білімге іңкәр замандастарының бойынан, ойынан байқаған адами қасиеттердің қадірін бағалады, құндылығын бағамдады, артықшылығын байқады. Шығармашылық ғұмырында осы байқағыштық пен кісі танушылық, жаны ашығыштық пен ұлтына деген сүйіспеншілік үнемі аңғарылады.

Абайтанушы ғалым осының бәрі ақын танымында қалайша зерделенетіні, ақын көзқарасында қайтіп көрініс табатыны, ақын жүрегіндегі сүзгіден қалай өткізілетіні жөнінде тұшымды дәлелдермен тиянақтап, Абай ілімінің адамзат игілігіне айналу үдерісін айқындайды. Абай биігінің аласармас құндылықтарына зер салады. Абай мұхитының әрбір адам баласына тигізер орасан пайдасын таразылайды.

Абай шығармашылығының ауқымы кең, толғанған тақырыбы да сан тарау болғанымен, қай туындысы болсын өзегінде – адам, оның өмірінің мәні, тіршілігіндегі адамдық қасиет, құндылықтарға арақатынасы, рухани адамгершілік әлемі менмұндалайды. Адам әлемінің таңғажайып болмысы мен жұмбақ сыры, өмірге көзқарасының сан қырлылығы мен алуан түрлілігі, нағыз адам туралы аңыздан ақиқатқа жетудің амал-тәсілдері, ғұламалардың кемел адам концепциясына қосқан данышпандық ойлары мен тұжырымдары Абайды айналып өтпегені анық. Ғұламаһи Дауаниден Дреперге дейінгі аралықта айтылған пәлсапалық ой-тұжырымдарды ой елегінен өткізіп, елеспекшеп, жүрек сүзгісінен өткізіп, өзіндік пікірге келеді, «толық адам» концепциясының алғышарттарын жүйелеп, тұжырымдарына тірек етеді.

Ақыл-ойдың алыбы Фарабиден, даналықтың кені Жүсіп Баласағұннан бастау алатын кемел адам тұғырнамасының өмірін ұзартып, өміршеңдігіне кепіл бола алған Абай тұжырымдамасының рухани өмірімізге азық болып келе жатқаны жанымызға жылылық ұялатады. Өткеннен тағылым алып, даналықтың мәйегін саралап, халық мәдениетінің қазынасынан мейірі қанып өскен ақынның ойлары өрнекті, пікірлері келелі, ұстанымдары ұғынықты болуы да заңдылық.

Абай жолы даңғылға ұласып, Абай мектебі өрісін кеңейтті. Абай әлемі кеңістігін ұзартты. Ал Абай ілімі адамзатты ізгілікке үндесе, қоғамды кемелдендіруге қызмет етсе, еліміздің болашағын баянды етуге ықпал етсе, ақын арманының жүзеге асқаны, ұлт болашағының жарқын болатынына сеніміміздің ұлғайғаны.

Айналасына ілім нұрын сепкен данышпан Абайдың түпсіз тереңге жетелейтін білімпаздығын, ақыл-ойын адамзатты ізгілікке, қоғамды ізгілендіруге жұмсаған көрегендігін, парасат-пайымын «толық адам» концепциясын жүйелеуге бағыттаған данышпандығын Абай ілімі теориясымен, формуласымен түсіндіріп, өзара қабысып жатқанын дәлелдеген Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, абайтанушы ғалым Жанғара Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» еңбегі адамзатты Абай жолымен жүруге, қоғамды Абай ілімімен сусындауға шақырып тұр. Лайым солай болғай!



Нүргүл АЛДАБЕК,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Б.А. ТАСТАНБЕКОВА,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы
М. Исламқұлов атындағы жалпы білім беретін
мектептің директоры, филология ғылымдарының
кандидаты

ӘУЕЗОВ АУДИТОРИЯСЫНАН ТАРАҒАН ШУАҚ



Жаһандану заманында ұлттық болмысымызды, құндылықтарымызды сақтап қалуда, жастарымызды ұлттық рухта тәрбиелеуде білім ордаларының, ондағы білім көзіне, ғылым жолына жетелейтін ұстаздардың еңбегі ерен.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұлттық ғылым мен білімнің қасиетті қара шаңырағы екендігі аян. Қасиетті қара шаңырақ болатыны мұнда ұстаздықтың ұлы мектебі қалыптасқан. Бір ғасырға жуық тарихы бар қазақ руханиятының киелі білім ордасында ұлтымыздың ұлы ұстаздары Мұхтар Әуезов, парасатты ғалым Б. Кенжебаев, одан бергі уақыттарда өзіміз көзін көріп, дәрісін тыңдаған З. Қабдолов, Т. Кәкішев, З. Ахметов тағы басқа сол сияқты есімдері ұлт мақтанышына айналған айтулы тұлғалар дәріс оқыды, шәкірт баулыды.

Тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашағы-жастарымызды ең алдымен ұлтжандылыққа тәрбиелейтін, ұлттық құндылықтарды сүюге баулитын университеттің филология факультетінде жоғарыда есімдері аталған ұлылардан тәлім алған, өздері де іргелі ғылыми еңбектерімен республика көлемінде ғана емес, алыс және таяу шетелдерде де танымал болып, қазақ әдебиеттану ғылымының көкжиегін жаңа парадигмалармен, әдіснамалармен кеңейтіп келе жатқан Ж. Дәдебаев, Д. Ысқақұлы, З. Сейітжанов, А. Жақсылықов т.б. ғалымдарымыз күні бүгінге дейін ұстаздық деп аталатын ұлы қызметінен таймай, еңбек етуде.

Жоғары оқу орнын бітірген түлек өз мамандығы бойынша оқытушы бола алады. Алайда университетте неше жылдық еңбек өтілі бола тұрса да әр оқытушы ұстаз бола алмайды. Өйткені ұстаз деген ұғымның мағынасы өте терең.

«Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», - деп Әл-Фараби бабамыз атап көрсеткен қасиет сипаттардың барлығы тек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұзақ жылдардан бері ұстаздық етіп, қастерлі міндетті атқарып келе жатқан, филология ғылымдарының докторы, профессор, қадірлі маман Жанғара Дәдебаевтың, БІЗДІҢ АҒАЙЫМЫЗДЫҢ бойында бар.

Ұстаз туралы сөз қозғау әрине бір ғанибет. Әрі бұл оңай дүние емес екен. Ғанибет болатын себебі білімділігімен, жүріс-тұрысымен, көп адамда бола бермейтін айрықша мінезімен, құлаққа жағымды қоңыр даусымен, жүріс-тұрысы, киім киісі, тіпті жан сарайына шейін қызықтыратын ұстаз алдындағы шәкірттік кезге қайта бір енесің. Ал қиындығы ұлылық жайында, парасатты тұлға туралы ойды дәл сол ұстазындай жеткізе алам ба деген көкейде мың ой тұрады екен.

Сонымен, осыдан жиырма-отыз жыл бұрынға уақытқа шегініс жасап, киелі Әуезов дәрісханасына қайта оралып көрсек...

Филология факультетінің жоғары курсына бізге қазақ әдебиетінің тарихы пәнінен кісілік келбеті келісті, байсалды тұлғасына ерекше үйлесімді қоңыр үнімен аудиториядағы тыңдаушысын баурап алатын Жанғара ағайымыз дәріс оқыды. Әрбір дәрісін тыңдаушыға, яки студент назарына лайықтап, дәріс мазмұнын көркем тілмен әсерлі баяндап, әуездеп жеткізіп, ой-тұжырымдамаларын ғылыми негіздеп жеткізудегі әдіскерлік шеберлігі мен өзіндік ұстанымының арқасында аудитория мен дәріс, тыңдаушы мен дәріскер арасында байланыс орнайтын. Әсіресе М. Әуезов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсірепов шығармашылығы жайында тағлымды дәрістерінің күні бүгінге дейін жадымыздан өшпей, жаңғырып тұруы оқытудың тиімді стратегиялық іс-әрекеттерін құрай алатын нағыз ұстаздың кәсіби шеберлігі мен педагогикалық өнерінің айғағы деп білеміз.

Ж. Дәдебаевтың зерттеу еңбектерінің басты саласы М.О. Әуезовтің шығармашылық шеберханасы болғандықтан, ғалым еңбектері, атап айтқанда «Қазіргі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М. Әуезов дәстүрі» оқу құралы (1981), «Мұхтар Әуезов» монографиясы (1997) және «Қазақ тарихи романы» (1987), «Өмір шындығы және көркемдік шешім» атты зерттеулері біздің диссертациялық жұмысымыздың бағыт-бағдарына, зерттеу арналарына көп септігін тигізді. Күні бүгінге дейін үйретуден, ұстаздық қылудан жалықпай келе жатқан ағайымыздың үлкенді құрметтей білетін қасиеттеріне тәнтіміз. Ұлт ұстаздары Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, М.О. Әуезов, сондай-ақ факультетіміздің алыптары З. Қабдолов, Т. Кәкішев, З. Ахметовтің мерейтойларына орай жоғары деңгейдегі ғылыми конференцияларды тұрақты түрде өткізіп отыруды дәстүрге айналдырып, ұйымдастыруға белсене ат салысуы ұстаздарының алдындағы шәкірттік міндеті ғана емес, азаматтық парызына зор жауапкершілікпен қарауы деп білеміз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, университет, факультет, институт қызметінде өз ізін қалдыра білген стратег менеджер, «Абай ілімі» пәнінің құрылысшысы, «бір құдайға сыйынып» талай буынды білім көшіне жетелеген ұстазымыз, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевқа әдебиеттану ғылымының ақсақалдық мәртебесінде толағай табыстары арта берсін деп тілейміз.



Ж. ДӘДЕБАЕВ – БӨЛТІРІК МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУШІ



Мақалада ғалым Ж. Дәдебаевтың Бөлтірік Әлменұлының мұрасын зерттеудегі тұжырымдарына сүйеніп, ғалымның зерттеудегі өзіндік даралығы туралы сөз болған.

Шешендік өнердің табиғаты күрделі. Шешендік өнердің табиғатын сол өнерді меңгерген шешеннің тұлғасымен, оның табиғи талантымен бірлікте қарастыру қажеттігін ескерсек, шешендік өнерді зерттеудің де қиындығы осы өнердің табиғатын танумен тығыз байланысты. Шешендік өнер басқа өнерлер сияқты адамға жоғарыдан беріледі. Оны зерттеу үшін оның әлеміне, шынайы табиғатына ену қажет. Бұл өнердің табиғи қалпын сақтап, қалыптастырып, дәстүрлі түрде жалғастыру үшін өмір бойы ізденіс қажет болса, оны зерттеу қазақи танымы терең, рухты болмысы қалыптасқан жанның қолынан келеді. Шешенге берілген талант пен дарын әр кез ізденіс үстінде дамып, шешен тұлғасын қалыптастырса, оны зерттеушінің де шешен тұлғасын толыққанды ашып, зерделеу үшін, шешен сөзінің мәйегін ашып, мәні мен мағынасын саралап, сараптауда талғамы мықты болғаны абзал. Осы тұрғыдан келгенде, ғалым Ж. Дәдебаевтың Бөлтірік Әлменұлының мұрасын зерттеудегі шешен сөздерін герменевтикалық жолмен талдап-талқылауда шешеннің әр сөзінің астарындағы ұлттық сананы оятатын рухани құндылықтарды терең ашып көрсететін шеберлігі, шешен сөзіндегі шешен құпиясын ашуда заманауи қажеттілікті дөп басып саралауы ғалым тұлғасына тән даралығын көрсетеді.

Ж. Дәдебаев шешен сөздерін талдауда: өзі пікір айтатын жағдайдың шынайы шындығына жетуді, қазақи танымға негізделген ақиқатты айтуды, сол ақиқатқа тыңдаушының көзін жеткізуді, адами құндылықтардың көзін ашуды мақсат етеді. Осы мақсатқа жетудегі пайымдауларынан ғалымның өзіне тән талдау ерекшеліктерін, шешен сөздерінің құпиясын ашудың соны методологиялық ұстанымдарын жасағанын байқаймыз. Қазіргі шешентану ғылымының негізінде шешендік сөздерді қазақи, заманауи таным тұрғысынан терең талдап, саралау мәселелерін қарастыру қажеттілігі туып отыр. Яғни, герменевтикалық талдауды негізге алып, өзінің зерттеу жұмысына арқау етіп жүрген ғалымдардың бірі – Ж. Дәдебаев. Зерттеуші-ғалым Ж. Дәдебаев еңбектеріне қатысты С. Қалқабаеваның пікіріне көз жүгіртсек: «Ғалым еңбектеріндегі соңғы ізденістер жеке тұлғаның сөз мәнерінің мәтіні ұғыну жайына бағытталады. Сөз өнерінің осы тұсын қарастыруда герменевтикалық талдауларға жүгінеді» [1], – дейді. Расында, ғалымның Бөлтірік Әлменұлының мұрасын герменевтикалық тәсілмен талдауда шешеннің ішкі әлеміне, философиялық пайымдауларының тылсым қырларына терең мән бере отырып зерттейтіндігіне көз жеткіземіз.

Мысалы, Бөлтірік Әлменұлының «Арғымақ атта жал болмас» деген сөзіне жасаған пайымдауына назар аударайық: «Бөлтірік шешен қарсыласының жеңілуін, өзінің жеңуін мақсат та, қанағат та етпей, орайы келген сөзінің барынша толымды әрі ойға қонымды болып шығуын мұрат тұтады» [2, 147 б.]. Кісілік пен кемелдікке тән болмыс. Бұл тек шешенге ғана тән болмыс емес, бұл зерттеушіге де тән болмыс. Қазақи кісіліктің аясында Бөлтірік шешен сөзінің соңында байға былай дейді:

Есіктен кіріп, төр менікі дер ме едің?
Жақсы болсаң,
Жалшыдан сарқыт жер ме едің? [2, 147 б.].

Кемелденген шешеннің тек жеңуді мақсат тұтпай, сөзінің ойға қонымды, яғни тыңдарманның көңілінен шығатындай салмақты, салмақты ғана болып қоймай, көңілге ұялайтын, ұялап қана қоймай, тұрақтап қонатын, қонақтап тұрып ой қозғайтын, ұятты оятуды мұрат тұтатындығын ғалым да өте орынды саралайды, шешен де өз кемелдігі мен кісілігін өте бір шеберлікпен көрсетеді.

Ғалымның Бөлтірік Әлменұлының болмысын ашуда мына бір пайымдауы оқырман назарын өзіне аударады: «Бөлтірік шешен талай байлармен де, батырлармен де қатар жүріп, талай ірі дауларды солармен бірге шешкен, билер мен төрелер де оның өнеріне талай тәнті болған. Шешеннің шығармашылық мұрасы беретін деректерге қарағанда, ол байға немесе байлыққа емес, байдың настығына немесе байлықтың насақа біткен қасиетсіздігіне қарсы болады. Бұл қарсылықты туғызушы шешеннің бай мен байлыққа деген жеке көзқарасы емес, байдың қараңғы көкірегі, шешен мен шешендік өнерді өнеге тұта алмаған тұрпайылығы. Бір жағынан, малдан басқа мұңы жоқ малға дос сорлының ел-жұрт алдында, өнерпаздар отырған жерде өзінің осал еместігін малының санымен, байлығының буымен білдірмесе, басқа қандай қасиетімен білдірмекші. Бірақ байдың осы ерекшелігін жұртқа танытқысы, ұқтырғысы келген ниеті оны міндетті түрде өзінен ақыл ойы да, кісілігі де, өнері мен өнегесі де оқ бойы озық тұрған кісіні мұқатуға итермелейді. Оның өз мақсатына жетер жолда қару етіп ұстанар жалғыз құралы – осы» [2, 148 б.].

Осы пайымдаудан ғалымның өзіне тән сөз саптауын, талдау жасаудағы ерекшелігін көреміз. Атап айтсақ, Кеңестік кезеңдегі әбден таптаурын болған таптардың арасындағы тартысты көрмейміз, ғалымның пайымдауынша, жоғарыдан келіп адамға қонатын екі нәрсе, бірі – шешендік өнер, екіншісі – байлық. Мұнда таптар арасындағы тартыс емес, байлық пен өнердің тартысы. Ғалымның пайымдауынша, өнер де өз адамын тапса, немесе өнерді өз бойынан таныған адам оның қадіріне жетсе, сонда ғана халық оның өнеріне талай тәнті болған. Ғалымның пайымдауынша, байлық та тура осындай. Байлықтың насақа біткен қасиетсіздігіне қарсы болған шешеннің көзімен ғалым байлықты бағаламаған, оның қадірін білмеген, байлыққа мас болған, ақыл ойы да, кісілігі де, өнері мен өнегесі де оқ бойы озық тұрған кісіні мұқатудан аспайтын байлықтың құлы болған адамның өнердің де байлықтың да қадірін біліп жарытпағандығын айтады да, өнерді жоғары бағалайды.

Ғалымның Бөлтірік Әлменұлының мұрасын зерттеген зерттеулерінде шешен сөздерінің идеясын ашуға қатысты дәлелді ашуда жасырынып тұрған мазмұн сырын, сол мазмұнды бүркемелеп тұрған шешен ойын, оның сөздерін саралап, сараптауда, жаңа қырынан тануда өзіндік ерекшелігін көріп, танимыз. Бөлтірік Әлменұлының шешендік сөздерінің мәні мен мағынасындағы поэтикалық жүйені, ондағы мазмұн мен мәнді ұқыптылықпен пайымдауда сөз мәнінің тереңіне бойлауға ерекше мән беріп, ой қорытатындығын, осы тұрғыдан келгенде герменевтикалық талдау жасауға төселгендігін, шешендік сөз мазмұнындағы рухани құндылыққа терең бойлап талдауға машыққандығына көз жеткіздік. Ғалымның өз пікіріне сүйенсек: «Пайымдау талдауға, бағалау жинақтауға негізделгенде ғана ой өтімді, пікір дәлелді бола алмақ. Талдау, жинақтау, пайымдау, бағалау дегеніміздің өзі мәнге негізделеді» [3].

Ғалым Ж. Дәдебаев өз зерттеулерінде дәл осы ұстанымынан таймайды. Бөлтірік Әлменұлының мұрасын зерттеуде де шешен дүниетанымына, жылдар бойы жинаған өмірлік тәжірибесіне, халқының салт-дәстүрі мен мәдениетіне, тарихына деген көзқарасына сөзді қолдану шеберлігіне талдау жасай отырып, беретін бағасын жинақтайды, жинақтай отырып, пайымдайды. Сол кезде шешен сөзінің мәні ашылып, мағынасындағы құпияның сыры сыртқа шығады. Сыры ашылған сөзді оқып, қабылдау оқырманға да жеңіл соғады. Шешен сөзіндегі құпия әр сөздің астарына үңілгенде сөздің де өз сырын ашатынын назарға алсақ, шешендік сөздегі шешеннің дүниетанымын жеке зерттеп қана қоймай оны шешеннің

оқырманға қалдырған құпиясын аша отырып талдағанда ғана ашылады. Яғни, шешен басынан өткен сол замандағы мәселелердің кілтін қазіргі заман мәселелерімен астастырып, адами құндылықтың аясында талдау. Мұндағы мақсат – өткен ғасырдың шындығымен суреттелген мәселелерді заманауи мән-мағынаға ие етіп, талдау, жинақтау, пайымдау, бағалау болып табылады.

Шешендік сөздерде заман шындығы адам өміріне қатысты дау-дамайларда суреттеледі, осы мәселені түсіндіру бұрынғы мен қазіргіні өткен шақтың осы шақпен өзіндік байланысы ретінде қарастырылады. Мұны байланыстыратын өткен шақтағы білім мен біліктің қазіргі шақтағы ғылыммен ұштасуы. Өз қоғамындағы тарихи мәселелер мен мәдени деректерді өзінің сөз саптауымен қолдану шешеннің тіл байлығы мен білімі мен білігіне байланысты. Ал зерттеуші сол шешен сөзінде көрініс тапқан жағдайды заманауи талдау жасауда өзгертуші, оны түсіндіру барысында ақиқатты тануға ұмтылушы, өз пікірінің дұрыстығын мойындатушы, дәлелдеуші. Зерттеуші ойын дәлелдеуде алдымен нанымды ойды іріктеп жинақтайды, сол ойын қазақи таным негізінде талдап, өзінің ғылымда қалыптастырған ұстанымдарына сай пайымдап, бағалайды.

Шешен болам деген кісі ел мен жердің арғы-бергі тарихын, халықтың дәстүрлі дүниетанымын, әдет заңының салалары мен баптарын, билер дауының қисындарын, рухани құндылықтарын, сөз жүйесін, ойлау шиырларын, дәлелдеу әдістерін, философияны, шешендік өнердің үлгілі кестелерін жете білуі шарт екендігін шешендік өнерді зерттеуші зиялы қауым айтып та, жазып та жүр. Шындығында, қазақ қоғамындағы шиеленіскен даулы жайлардың түйінін бір ауыз сөзбен шешу, дауылдай бұрқаған дауласушыларды бір ауыз сөзбен тоқтату сөз білемін дегендердің бәрінің қолынан келе бермеген. Мұндай ірі іске шешендік өнердің нағыз майталманы, өрен жүйрігі ғана тәуекел ете алған. Осы тұрғыдан келгенде, Бөлтірік Әлменұлының мұрасын зерттеуші Ж. Дәдебаев: «Бөлтірік шешеннің сөздерінде білім мен білік, шеберлік, талант өзара үйлесіп, бірін-бірі толықтырып тұрады» [2, 148 б.], – дейді. Яғни, Бөлтірік шешеннің сөз жарыстырғанда, дау шешкенде не айтуды, қай уақытта қалай айтуды, қандай жағдайда айтуды жете білгендігіне осылай баға береді. Сонымен бірге, ғалым шешеннің сөз арқауына айналдырған өмір құбылыстарының тарихын, тарихи мәні мен мағынасын танып-біліп, бағалауда шешеннің білімі мен білігіне терең пайымдай алған.

Ғалым Ж. Дәдебаев Бөлтірік Әлменұлының шешендігіне қатысты мынадай баға береді: «Шешеннің сөзінде де, жалпы өнерпаздық өнегесінде де ерекше арқырап көрінетін басты үш көркемдік-эстетикалық ерекшелік бар. Оның бірі – Тереңдік. Танымның, ой мен сөздің тереңдігі. Екіншісі – Айқындылық. Танымның, ой мен сөздің айқындығы. Осы екі ерекшелікті өзара тұтастырып, асқан келісіммен үйлестіріп тұрған және бір ерекше өлшем бар. Ол – Жүйелілік. Тағы да сол танымның, ой мен сөздің жүйелілігі. Тереңдік. Айқындық. Жүйелілік. Бөлтірік шешеннің өнері мен өнегесі осы үш өлшемге негізделген» [2, 174 б.]. Ия, ғалым шешеннің өнері мен өнегесін осы үш өлшемге негіздейді де өзі де шешеннің шығармашылығын осы үш өлшемнің аясында талдап, саралап, пайымдайды. Сондықтан да ғалымның шешен шығармашылығынан оқырманға берер дүниесі салмақты, ойы жүйелі, танымы терең, айтары айқын.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қалқабаева С. Әдебиеттану негіздері: оқу құралы / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2022. – 271 б.
2. Дәдебаев Ж. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Өнер, 2008. – 350 б.
3. Дәдебаев Ж. Тақырып және идея : зерттеу / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2010. – 206 б.



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛКЕН ЕҢБЕК СІҢІРДІ



Ж. Дәдебаев 1948 жылы 15 қарашада дүниеге келген. Жамбыл қаласында Абай атындағы педагогикалық училищені бітірген, еңбек жолын ауыл мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып бастады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім алды (1970-1975). Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1990), Қазақстан Жазушылар одағы әдеби сын кеңесінің төрағасы (2018 жылдан бері қарай). Әдебиеттанушы, әдебиет сыншысы. Әдеби шығармашылық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және тарих; әдебиет және әдет заңы; әдебиет және фольклор; әдебиет және шешендік өнер; әдебиет және дәстүрлі мәдениет; әдебиет және философия; абайтану; әуезовтану; жазушы еңбегі; аударма және мәдениетаралық қатынастар; пәнаралық пайымдау. Филология ғылымдарының докторы (1992), профессор (1994), Қазақстан Жоғары мектебі ҰҒА (2002), Халықаралық Жоғары мектеп ҒА (2004), Халықаралық Айтматов академиясы (2003), Қазақ Білім академиясы (2006) сынды қоғамдық ұйымдардың толық мүшесі.

Ж. Дәдебайұлы – әдебиеттану, әдеби сын саласында 900-ден астам еңбектің авторы. Бұлардың ішінде оның жеке авторлығымен жарияланған 37 кітап, ал тең авторлармен бірге жарияланған 22 кітап бар. Оның ғылыми жетекшілігімен және авторлық қатысуымен «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымы (томдар 1-50), он томдық «Абайтану антологиясы», «Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымы (томдар 1-10), «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымы (томдар 1-23) жарық көрді. Әдеби сынның дамуына жаңа серпін беру бағытында Қазақстан Жазушылар одағы әдеби сын кеңесінің жүргізген жұмыстарының негізінде жылына екі рет шығатын «Әдеби сын» деп аталатын сериялық электрондық басылым ашып, 2023-2024 жылдары оның үш кітабын халықаралық стандарттық кітап номерімен (ISBN) жарыққа шығарды. Отызға жуық жоғары білікті әдебиет мамандарын даярлады. Осы аталған еңбектердің жалпы саны мен көпшілік оң қабылдаған сапасы Ж. Дәдебаевтың қазақ әдебиетінің, қазақ әдебиеттануы мен әдеби сынының дамуына сіңірген еңбегі мен еліміздің рухани және зияткерлік әлеуетінің нығаюына қосқан жеке үлесінің мол екенін көрсетеді.

Ж. Дәдебаевтың жеке өз авторлығымен жарық көрген отыз жеті кітабының қатарынан соңғы жылдары (2020-2023) жарық көрген 8 кітабы арнайы атап өтуге лайықты. Олар мынадай: 1) Дәдебаев Ж. Майкөт Сандыбайұлының ақындығы: монография / Жанғара Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 192 б.; 2) Дәдебаев Ж. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқу құралы. Бірінші бөлім. РООК ОӘБ бекіткен. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 458 б.; 3) Дәдебаев Ж. Абайдың шығармашылық даралығы. Ойлар, толғаныстар, талдаулар / Жанғара Дәдебаев. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 307 б.; 4) Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі: монография / Жанғара Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 438 б.; 5) Дәдебаев Ж. Абай ілімі: оқу құралы / Жанғара Дәдебаев / Жауапты ред. Д. Ысқақұлы; басп. дайын. Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 268 б.; 6) Дәдебаев Ж. Түрік дүниесінің дүлдүл тұлғалары / Жанғара Дәдебаев / Ғылыми ред. Д. Ысқақұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 408 б.; 7) Дәдебаев Ж. Менің университетім. Ойлар мен толғаныстар / Жанғара Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 318 б.; 8) Дәдебаев Ж. Абай ілімі. Талдаулар, ойлар мен толғаныстар. Ғылыми еңбек. – Алматы: «Алгоритм», 2023. – 318 б.

Аталған шығармалардың әрқайсысы – қазақ әдебиеті мен мәдениеті жетістіктерін талдап-таразылаудағы, зерттеп-зерделеудегі, әдебиет пен мәдениет, білім мен ғылым, тәлім-тәрбие саласында насихаттаудағы үлкен жетістік.

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының ілімі ұлттық рухани құндылықтардың біртұтас жүйесі болып табылады. Жаңа Қазақстан жағдайында Абай ілімінің мән-маңызы арта түсуде. Профессор Жанғара Дәдебайұлының бұл бағыттағы іргелі зерттеуі осындай өзекті мәселеге арналған. «АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ» сериясының 3 томын құрайтын бұл зерттеу өзара байланысты үш бөлімнен тұрады: Абайдың толық адам ілімі концепциясы; Абай ілімінің негіздері; Абай ілімінің өзекті өрімдері. Бірінші бөлімде көрнекті абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының «Абайдың толық адам ілімі» арнайы тарау көлемінде пайымдалады және жоғары бағаланады. Екінші бөлімде Абай ілімінің негіздері сараланды. Сократ, Конфуций, Дана Хикар сияқты ерте заман ойшылдарының даналық ойлары және Шығыс мәдениетіне ықпалы парықталады. Осы бөлімнің «Туған әдебиет нәрі» деген тарауында Шығыс данышпандарының (Әл-Фараби, Ибн Сина т.б.), ислам мәдениеті ескерткіштерінің, Ж. Баласағұн, М. Қашқари қағидаттары қарастырылады. Үшінші бөлім Абай ілімінің өзегін құрайтын ұғымдарды талдауға арналған, мұндай маңызды мәселелер сегіз өрім болып өрілген. Дос пен достық, құмарлықтар мен құндылықтар, көркемдік қабылдау, қайғы мен ыза қысымы, өмір мен өлім жайы ұғымдардың Абай ілімінде маңызы зор. Олардың арнайы зерттелуі барысында қол жеткен нәтижелердің отандық гуманитарлық ғылым, пәнаралық зерттеу саласында айтарлықтай маңызы бар.

Автордың «Абай ілімі. Талдаулар, ойлар мен толғаныстар. Ғылыми еңбек» монографиясы – қазіргі абайтану ғылымының дамуына қосылған маңызды ғылыми-танымдық зерттеу. Еңбекте Абай ілімінің өзекті мәселелері, ақынның шығармашылық мұрасы туралы әлеуметтік маңызы зор нәтижелерге қол жетті.

Ж. Дәдебаев әдебиеттанушы, әдебиет сыншысы, одақтың әдеби сын кеңесінің төрағасы ретінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына үлкен еңбек сіңірді, Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосты.



ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ ЗОР ЕҢБЕК

Абай ілімін білу, түсіну, қолдану. Ұжымдық монография / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев;
басп. дайынд. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023, – 278 б.
«Абай институтының еңбектері» сериялық басылымы, 18-кітап.



«Абай институтының еңбектері» көп томдық сериялық басылымы бойынша жарық көрген «Абай ілімін білу, түсіну, қолдану» деп аталатын ұжымдық монография (он сегізінші кітап) – Абайдың ілімін білудің, түсіну мен қолданудың өзекті, маңызды мәселелері қарастырылған іргелі еңбектердің бірі. Монография профессор Ж. Дәдебаевтың ғылыми жетекшілігімен №AP08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» ғылыми жобасы негізінде дайындалған.

Ғылыми еңбек кіріспе, сегіз тарау, қорытынды, қосымша және авторлар туралы мәліметтер бөлімдерінен тұрады. Монографияның кіріспесінде Абай ілімінің қазіргі таңдағы аса өзекті, әлеуметтік мәні зор, іргелі мәселелер қарастырылғандығы, еңбектің тараулары Абай ілімінің мәселелерімен байланыста болатындығы жайында ақпарат берілген. Кіріспе мен қорытындыны, бірінші, екінші тарауды жазған, ұжымдық монографияның жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев. Еңбекте әр тарау бойынша қысқаша мәлімет, тарау авторлары мен библиографиялық анықтамалық туралы сөз қозғалады.

«Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» деп аталатын бірінші тарауда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында жаһандану заманында барлық дүниені Абайдың даналығымен, ілімімен байланыстыру қажеттілігі және Абайдың қара сөздерін, шығармашылығына, «толық адам» концепциясына қайта тереңдей ден қоюдың маңыздылығын алға тартатындығына назар аударылған.

Сонымен қатар, Абай ілімінің құрамдас бөліктері атанған «ақыл», «қайрат», «жүрек» концептілері, олардың байланысы, Абай ілімі негіздерінің құрылымдық жүйесі сараланады. Абай ілімінің категорияларын, мағыналық-құрылымдық модельдерін жүйелей келе жасалған маңызды, елеулі нәтиже ретінде «Абайдың кісілік кодексі» берілген. Абай ілімінің мұндай қырлары бұрын-соңды зерттеу нысаны болмаған, алғаш рет қарастырылып отырған, актуалды әрі маңызды ғылыми мәселе екендігіне зер салынады. Абай таксономиясының иерархиялық моделі жүйеленіп, оның отандық оқу теориясы мен оқыту, жүйені қолданудың артықшылықтары, оның танымдық ойлау үдерістеріне әсер етуі, жалпы Абай таксономиясын қолдану – еліміздің білім беру ісіндегі өзекті міндет екендігі дәлелденіп айтылады. Монографияның «Абайдың таксономиясы» деп аталатын екінші тарауында Абайдың білім концепциясына баса назар аударылады. Абай шығармашылығындағы оқу, білім, тәрбие тақырыбы, оның эпистемологияда алатын орны ерекше айқындала түседі. Қазақстанның мемлекеттік білім беру стандарттарындағы күтілетін нәтижелер Блум таксономиясының иерархиялық жүйесіне сай бекітілген. Алайда, Абай ілімін білмей, Блум таксономиясына



жүгіну теориялық, дидактикалық қателіктерге бой алдыратындығы көрсетіледі. Еңбек авторлары Абайдың білім концепциясының өзара сабақтас маңызды мәселелерін, бұл мәселелер ақынның белгілі бір шығармаларында емес, тұтас шығармашылық мұрасының жүйесінде түрлі әлеуметтік мәселелермен байланысты түрлі деңгейде болатындығын анықтап, оқырманға жүйелеп көрсетеді. Талап-қабылдау-білу-түсіну-есте сақтау-қолдану сынды Абайдың білім концепциясындағы танымдық процестердің сатылары айшықталады. Бұл жүйенің толымды, бүгінгі күн үшін тарихи мәні терең, теориялық негізі берік, әлеуметтік маңызы зор екендігін анық. Жалпы алғанда, Абайдың білім концепциясы, Абайдың таксономиясы – ұлттық білім беру ісінде методологиялық негіз бола алатындай ерекше маңызды

құндылық екені дәлелденген.

«Абайға абай болайық» тақырыбында жазылған үшінші тарау авторы – Д. Ысқақұлы. Тарауда Абайдың шығармашылығы, даналық ойлары мен қағидаларын түсіну мен бағалау бағытындағы кереғар пікірлер қарастырылған. Автор газет-журналдарда, фейсбук сынды әлеуметтік желілерде Абайды «орысшыл» деген атаққа іліндіріп, ақынның бүкіл шығармашылық көзқарасын бұрмалаған арандатушылар туралы ой қозғайды. Сондай-ақ, автор назарынан «Stan.kz» газетінде жарық көрген З. Батаеваның сұхбаты да қалыс қалмаған. «Абай деген ақын өмірде болмаған, Абай деп жүргеніміз – Әлихан Бөкейханов» деген қисынсыз пікірге автор өз ойын білдіріп, тойтарыс беріп, дәлелді дәйектемелерін ұсынып, мақалаға қарсы жазылған еңбектер туралы айтады. Тарауда Абайды қаралаушылардың алдын қалай алу қажеттігі, Абайдың өмірбаянын, шығармашылығын насихаттайтын зерттеулерді жоспарлау, жандандыру, орталық ашу, сонымен қатар, ақынның таңдамалы шығармаларын, ақын туралы ғылыми еңбектерді БҰҰ-ның тілдеріне аудару қажеттігін алға тартады.

Монографиялық еңбектің төртінші тарауы «Абайды білу мен түсінудің дерекнамалық негізі» тақырыбында, тарау авторы – Қ. Мәдібаева. Бұл тарау абайтану ғылымы тарихындағы дерекнамалық негіз, оны зерттеудің өзекті ұстанымдары жайында жазылған. Автор Абайдың өмірбаянының, әдеби мұрасының жиналу, таралу, сақталу, баспа жүзін көру деректерінің бірнеше жылдық еңбектің нәтижесі туралы баяндайды. Абайтану тарихының дерекнамалық негізі алдында Абайдың жеке бас өміріне, шығармаларының жазулы мерзімі, туу себебі, сақталу жолдары, жиналу реті, баспада жарық көруі, жеке жинақ болып шығу фактілері, Абай мұрасының текстологиялық түп себебі турасында, т.б. міндеттері бар екендігі айтылған. Оған қоса, тарауда абайтану тарихына еңбегі сіңген зерттеушілер, М. Әуезов, Мүрсейіт Бікеұлы, Қайым Мұқаметқанов, Кудашев В.А.-ның Абай еңбектерін жинақтап, көшірмелерін баспаға жібергендігі туралы сөз қозғалған. Автор Абайтану тарихында ескерілуі тиіс бір сала құнды жәдігер – М. Әуезовтың «Абайтану» арнаулы курсынан оқыған дәрістері екендігін баяндайды. «Абайтану дәрістері», «Абай қазақ музыкасы жайында» тақырыбындағы арнайы абайтану курсына арналып жазылған еңбектер, сонымен қатар, Косталецкий Н.Ф., Садуақас М.Ш. сынды Абай шығармаларының баспада жарық көруіне атсалысқан, баспаға шығарушылардың еңбегі туралы айтылған. Тарау соңында автор ақынға қатысты ғылыми басылымдардың сақталуы, соған қарайлау мәдениетінде ойласатын, ықтияттайтын мәселелердің баршылық екендігін алға тартады.

«Абай шығармашылығын оқу мен оқытудың, білу мен түсінудің дидактикалық тетіктер» тақырыбындағы бесінші тарау авторы – С. Жусанбаева. Тарауда «Абай ілімі» пәнінің мазмұны мен мақсатын анықтаудың, пәнді оқу мен оқытудың, түсіну мен түсіндірудің дидактикалық құралдары мен тетіктері қарастырылған. Автор бүгінгі білім беру саласындағы білім беру, оқу мен оқыту әдістерін А. Байтұрсынұлының көрсеткен әдістерімен ұштастырады. Абайтану, Абай ілімі пәндерінің оқыту методикасы, әдіснамалық

қағидалары, сапалылығы мен нәтижелілігіне назар аударылады. Автор абайтану пәнінің гуманитарлық пән ретінде қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндерімен байланысын айшықтап, әртүрлі деңгейге (жалпы орта білім беретін, зерттеу институттары, т.б.) арнайы жасалған дидактикалық ұстанымдар, оқытудың инновациялық технологиясы қағидалары туралы сөз қозғайды. Тарау соңында «Абайдың қара сөздері» тақырыбында құрастырылған, 69 сұрақтан тұратын тест тапсырмалары қосымша ретінде берілген.

Кітаптың алтыншы тарауы Р. Әбдіқұлова жазған «Абай ілімі: герменевтикалық аспектілері» тақырыбында. Автор Абай шығармаларындағы оқырман мәселесі, «тыңдаушы», «айтушы» ұғымдары, рефлексия, шығармалардың автор-шығарма-оқырман тұрғысынан қарастырылуы туралы пайымдайды. Тарауда герменевтика терминіне анықтама беріліп, оның басты ұғымдары сипатталады. Автор Ж. Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» еңбегінің құндылығы мен жаңашылдығын көрсетіп, философиялық тұрғыда қозғалған кең пайымдауларға тоқталады. «Абай ілімінің антропологиялық қырларын терең танытып, алғаш рет ғылыми категория деңгейіне көтеріп, тарихи-функционалды және пәнаралық зерттеулерінің маңыздылығымен танылады» – деп пайымдайды. Сондай-ақ, тарауда Қ. Мұхамедхановтың Абай өлеңдерінің текстологиясы жайында бірнеше талдауларына, Р. Сыздықованың «Абай өлеңдерінің синтаксистің құрылымы» еңбектеріне сілтеме жасалады.

Жетінші тарау тақырыбы: «Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы бернелеу мен бейнелеу: қабылдау, түсіну, зерделеу мәселелері». Тарау авторы – Л. Мұсалы. Бұнда автор Абай шығармаларының поэтикалық қырларына, бейнелеу (метафора), бернелеу (символ), ақынның тұтас көркемдік әлеміне тоқталады. Метафора мен символдың өзара байланысы, ұқсастығы, оларды қабылдау мен пайымдау кезеңдері, түсіну деңгейлері, зерделеу (интерпретация) сатысы туралы баяндалған. Автор «жүрек» символ-бернесін мысалға келтіріп, ақын шығармаларынан үзінді мысалдар ұсынады.

«Абай өлеңдеріндегі хронотоптың қызметі мен поэтикасы» атты соңғы тараудың авторы – Б. Даутова. Тарауда Абай шығармашылығындағы нақты уақыт, абстрактілі уақыт, тарихи және мифтік уақыт, сондай-ақ, нақты және абстрактілі кеңістік, олардың байланысы туралы сөз қозғалады. Ақын өлеңдері мен қара сөздеріндегі уақыт пен кеңістіктің көрініс табу жолдары, олардың прагматикалық сипаты, «хронотоп» терминінің анықтамасы туралы пайымдалған.

Кітап соңында «Абай ілімін білу, түсіну, қолдану» атты ұжымдық монографиясы бойынша Абай ілімі жүйесіндегі концепциялар, мағыналық-құрылымдық модель, ғылыми-әдістемелік тетіктерінің жүйесі, ғылыми-ақпараттық базасының әдістемелік негізі және т.б. мәселелер бойынша зерттеу нәтижелері туралы мәліметтер келтірілген.

Еңбектің «Қосымша» деп аталатын тарауында «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» (XXXVI-L томдар) тақырыбымен берілген сериялық басылымының қысқаша сипаттамасы, мазмұны қамтылған библиографиялық анықтамалық берілген. Әр том туралы жалпы мәліметтер, түсініктер және том мазмұны көрсетілген. Сонымен қатар, қосымшада «Абайтану антологиясы» сериялық он томдық басылымның қысқаша сипаттамасы мен мазмұны берілген.

Абай ілімін білу, түсіну, қолдану туралы құнды ақпарат беретін бұл ұжымдық монография әдебиеттану, тіл білімі салаларындағы зерттеу жұмыстарына, ақын-жазушылар, жоғары оқу орындарында білім алушыларға, жас ғалымдарға, ғылыми қызметкерлер мен жоғары мектеп оқытушыларына пайдалы, әлеуметтік маңызы зор еңбек.



Алма КЕНЖЕҚОЖАЕВА,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ҒЗИ оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі

ПРОФЕССОР Ж. ДӘДЕБАЕВТЫҢ ЕКІ КІТАБЫ ТУРАЛЫ БІР АУЫЗ СӨЗ

1. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ БАҒАЛЫ ЕҢБЕК

Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі: монография / Жанғара Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 438 б.



«Жазушы еңбегі» – профессор Жанғара Дәдебаевтың әдебиеттану саласына қосқан іргелі еңбегі. Себебі жазушы еңбегі, ондағы түрлі үдерістер мен жазушы психологиясы, өнер туындысын жасаудағы ойлау шеберлігі, сан алуан өмір құбылыстарын қисынына келтіре, еліктіре оқырманына ұсына білу жолындағы ізденістер психологиясы әдебиеттану ғылымындағы терең зерттеуді қажет ететін, теориялық және қолданбалы маңызы жоғары, тың пәнаралық мәселелер биігінде тұрғаны бәрімізге аян. Әсіресе монографиядағы автордың өзіне ғана тән талдау және түсіндіру шеберлігімен берілген тоғыз тараудың (кіріспе, ұсыныстар, қорытындыны қосқанда) қамтыған ақпараты пәнаралық талдау жүргізетін, оқу құралдары мен оқулық дайындайтын зерттеушілер мен әдістемешілерге, әдебиетшілерге, қаламгерлерге қасықтап тосқан құнарлы азық болуымен қатар, кез келген білім беру орындарындағы әдебиетке қатысты пәндердің құнды көмекші құралы.

Әдебиеттану туралы сөз қозғасак, оның барлығында өнер туындысы, яғни көркем шығарма негізгі рөл атқаратынын естен шығармағанымыз жөн. Оның өзегі де – осы. Өнер туындыларының, құбылыстарының дүниеге келу жолы, жазушы психологиясы, ондағы алуан үдерістердің бәріне жауап алу үшін тағы да жазушы еңбегіне үңілеміз. Автордың аталмыш монографиясының эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарында таңдау пәні ретінде жүргізілген «Жазушының шығармашылық лабораториясында» студенттерге таптырмас оқу құралы қызметін атқарғаны – зерттеу жұмысының тәжірибе жүзіндегі қолданбалы маңызын айқындап, тікелей сұранысқа ие екендігін дәлелдеді.

Жазушы шығарманы қалай, қашан, қандай ортада, қанша уақытта, қандай негізге сүйеніп жазады? Неліктен шығармаларда оқиғалар тосыннан қиылып, тұтқиылдан шап беріп баурай жөнеледі? Қаламгер өнер туындысын жасағанда қалай ойланады және не сезінеді? Жазушының шығармашылық еңбегі қалай жүзеге асады? Мұндай бірінен соң бірі ағылып ойға орала беретін сұрақтар кез келген шығарманы оқып отырған оқырманның санасында сайрап тұрады. Орыс және әлемдік әдебиеттануда зерттеушілер бұл сұрақтарға жауапты жазушының шығармашылық лабораториясына үңілу арқылы іздесе, отандық әдебиеттануымызда да біршама ізденістер жүргізілген. Әйтсе де осы бір термин нақты қабылданып, жүйеленбеген болатын.



Профессор Жанғара Дәдебаев лаборатория, яғни қазақша «ұстахана», «шеберхана» деп, мазмұны шектеле түсетін терминді кеңейтіп, «жазушы еңбегі» деп атайды. Бұл ұғым өзі қамтитын мәселелер аясына сай аса күрделі де қызықты. Жазушы еңбегі жазушы психологиясы, оның шығармашылық шеберлігі мен жасаған өнер туындысына қатысты ақпараттар ауқымын толықтай қамтып, кең құлаш жаяды. Сондықтан атап өткен сұрақтарымыздың жауабын толықтай осы зерттеу жұмысынан таба аламыз.

Өнер туындысын жасаудағы жазушының шығармашылық шеберлігі ең алдымен өмір құбылыстарына өзге бұрыштан көз тастап, өмір шындығының өзіне әсер еткен тұсын ерекше психологиялық ахуал негізінде көркем шындық бейнесіне айналдыруынан байқалады. Жазушыға көркем туынды жазуға түрткі болатын факторларды автор санамалап көрсетеді. Көркем туындының өзінен бұрын қаламгер санасында тұтанған өмір шындығының өнер шындығына алмасуы шығарма мазмұнын құнарландырады. Демек кез келген өнер туындысы бастауын өмір құбылыстарынан алып, жазушының жан дүниесінде пісіп, түрлі сүзгіден өтеді, сол өнер иесінің шығармашылық дарынына сай құрылады. Біз оқып, тыңдап, көріп жүрген көркем туындылардың сан алуан болуының басты себебі осы. Қанша жазушы болса, сонша түрлі тың, көркемдік сипаты дара, стилі айрықша жазылған, құрылған туынды бар. Ал оны оқырманға жеткізу шеберлігі жазушы еңбегінің сапасына байланысты өзгеріп отырады.

Өнер туындысын жасауда қаламгер түрлі тарихи, этнографиялық аңыздарға, деректерге, әлеуметтік және мәдени құбылыстарға, өмір шындығына сүйенеді дедік. Сондай-ақ шығарма тудырудағы тағы бір маңызды өзек жазушы еңбегі мен аударма әдебиет екенін монографияның екінші тарауынан байқаймыз. Кез келген шығармаға өмір шындығы арқау болады, сол өмір шындығы көркем аудармада көрініс табады. Автор монографияда көркем шығарма мен көркем аударма жасаушының шындық құбылысты бейнелеу жолындағы ерекшеліктерін ескере отырып, аудармашының түпнұсқа туындыдағы құбылыстардың көркем бейнесін қайта жасап шығатындығына назар аударады. Демек көркем аударма тудыру қажырлы еңбекті талап ететін шығармашылық үдеріс. Ол аударма тудырушының шығармашылық ойлау деңгейі мен қиялындағы көркемдік шеңберінің ауқымына сай үздіксіз дамып отырады. Еңбекте аударманың қалай жүзеге асатынын ғана емес, сол шығармашылық еңбекті жасайтын тұлғаның бойында болуы керек шеберлік, көркемдік және ғылыми ойлау деңгейлері туралы баяндайды. Әлемдік және отандық әдебиеттанушылар мен ғалымдардың, зерттеушілердің көркем аударма және аудармашы турасындағы ойларын мысалға ала отырып, оқырманға нақты әрі дәлелді тұжырымдар ұсынады. Көркем шығарманың өмір сүру формаларының бірі деп танылған көркем аударманы жасау шындығында тұлғаның эстетикалық талғамы мен талантына негізделетінін де ескереді. Талант жоқ болса, аудармашы да, көркем аударма да болмайды. «Жазушы еңбегінің» бұл тарауымен танысып шыққан оқырман көркем аударманы бір тілден екінші тілге аударылған туынды немесе аударма нұсқасы деп қана бағаламай, нағыз өнер туындысы екендігіне көз жеткізе алады.

Монографияның «Жазушы еңбегі және көркемдік қиял» деп аталатын үшінші тарауында өмір шындығын байқау мен бағалауда, жинау мен жинақтауда ойып орын алатын көркемдік қиял мәселесі талданған. Көркемдік қиялдың қаншалықты ұшқыр болары туындыгердің таланты мен таным көкжиегіне байланысты екені даусыз. Талант пен танымның көркемдік қиял қызметімен ұштасуын автор Тоныкөктің «Күлтегінінен», Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» туындыларынан мысал келтіре отырып, анық аңғартады. Оқырман жаңа туынды жасауда көркемдік қиялдың артқан жүгінің салмағын осыдан-ақ ұғына алады. Көркемдік қиял жазушы еңбегінің негізгі іргетасы іспетті, өмір шындығын көркем шындыққа айналдырудағы ойдан қосу мен ойдан шығару – көркемдік қиялға жатпайды. Автор көркемдік қиялдың – қаламгердің әдеби-эстетикалық даралығын көрсететін, шындық құбылыстың болмысын қиял қызметімен әрлейтін жазушы еңбегінің басты әрі айрықша қызметі екенін дәлелдейді.

«Жазушы еңбегі және шығармашылық ой өзегі» атты төртінші тарауда ақын-жазушылардың еңбектерін мысалға ала отырып, туындыдағы шығармашылық ой өзегінің өмірдің шындық құбылыстарынан, адамдар тағдырынан, халық тарихында ерекше орын алған оқиғалардың тоғысуынан, шығарма жасаушының ойында жүзеге асатын шығармашылық ойлау нәтижесінен туындайтын құбылыс екенін айтады. Жазушының жан дүниесінен ұшқындаған ойлау отының мықтылығына сай болашақ шығарманың ой өзегі жалынды болмақ. Бұл – жазушы еңбегінің аса маңызды тұсы. Шығармашылық ой өзегінсіз оқырман жанына жететін шығарма тудыру мүмкін емес.

Автор жазушы еңбегін ақыл-ой қызметінің ерекше саласы деп бағалайды. Жазу үдерісі, шығармашылық ой өзегі, оның азабы мен қызығы секілді үдерістер жазушының шығармашылық лабораториясында жүзеге асатын күрделі еңбек. Жазушы еңбегінің құрамы мұнымен шектелмесі анық. Себебі көркем шығарма тудыру үшін автор тақырып пен идеяны анықтап, ой өзегін іске қосу керек. Ал тақырып пен идеяның өмірдің шындық құбылыстарынан туатынын білеміз. Демек, жазушы еңбегінің тағы бір үлкен бөлімі – болашақ шығармаға арқау болатын өмір құбылыстарының тобы. Монографияда автор бұл үдерістің нақты бір көркем шығарма жасаудағы бастапқы кезең екенін ескереді. Өмірде болған оқиғалар, шығарма негізін құрайтын кейіпкерлер прототипі туындыгер шығармасының арқауы болатын құнды қор, басты материалдар екені сөзсіз. Жазушы оқиға мен кейіпкерлер әлемін жасауда талмай еңбек етеді.

«Жазушы еңбегі және тарих шындығы» атты тарауда автор әдеби шығармадағы тарихи шындықтың рөлі туралы баяндайды. Жазушы өз шығармасын нақты өмір шындығы мен деректер, тарихи дәуір шындығын бейнелейтін құжаттар негізінде жазуға міндетті емес. Әйтсе де біз кез келген туындыны оқығанда оның мазмұнынан, кейіпкерлер іс-әрекетінің әсерінен, жазушының сөз қолданысы мен қоғам сипатын суреттеуінен қай заман туралы айтылғанын түсіне аламыз. Демек, өткен дәуір тарихын белгілі оқиғалар тізбегіне негіздеп бермесе, туындыда өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру қиын. Сондықтан тарихи шындықтың көркем шығармада атқаратын рөлі зор. Оны оқырманға әсерлі етіп, сан алуан бояумен көмкеріп, көркем сюжетпен бере білу жазушы шығармашылығының шеберлігі еншісінде. Тарихи шындықты қолдану әсіресе тарихи романдарды жазу кезінде жүзеге асады. Тарихи романның көркемдігін жоймай, шынайы құбылысты шебер жеткізу үшін жазушы нақты айтатын оқиғасын саралап, қозғаушы күштерін анықтап, логикалық және психологиялық дәлелі мен жүйесін көркемдік заңдылықтарға орай анықтайтынын автор осы тарауда назарға алады. Әр заман тарихында жүзеге асатын жеке-дара, қоғамдық, әлеуметтік, саяси құбылыстардың ортақ шешімін тауып, бір әдеби шығармаға сыйдырып, көркем ақиқатқа айналдыру жазушы еңбегінің нағыз көрініс беретін тұсы саналады. Әдеби шығарманың басты шарты – тарихи шындық пен жазушы еңбегінің көркем келісімге ұласуы туындыгердің шығармашылық парасатының жемісі екені айтылған.

Әдеби шығарманың көркемдік құрылымында адамдардың іс-әрекеттері мен сан алуан қарым-қатынастарының құбылуында халықтың дәстүрлі мәдениетінің атқаратын рөлі орасан. Оған дәлел ретінде қазақ романдарындағы халықтың салт-дәстүрінің, қайғысы мен қуанышының, сөйлеу ерекшелігінің, ас дайындауынан бастап, киім кию мәдениетінің, жалпы тұрмыс-тіршілігінің детальді көріністерін айтсақ болады. Демек халық мәдениеті шығарма жасауда кезең шындығын анықтауға әсер ететін басты факторлар құрамына кіреді. Автор монографияның бұл тарауында халық мәдениетінің әдеби шығармада көрініс табуының екі түрлі негізіне тоқталады. Біріншісі – тарихи құжаттарда сақталған оқиғалар болса, екіншісі – халықтың дәстүрлі мәдениеті материалдарының көркемдік игерілуі. Біріншісінде жазушы деректерге сай оқиғалар тізбегінің мекендік, мезгілдік өзегін сақтай отырып, шығармасының сюжеттік желісін суреткерлік нысанына сай қолданса, халықтың дәстүрлі мәдениеті материалдарын белгілі өлшем аясында шектемейді. Жазушы өзінің көркем суреттеу шеберлігі негізінде өзгертіп, толықтырып суреттеуге мүмкіндік алады. Десе де халықтың дәстүрлі мәдениеті материалдары көркем шығарманың оқиғалық өзегін

түзе алмайтынын, бірақ кейіпкерлер дүниетанымы мен олардың рухани әлемін, мәдениетін танытуда қызмет ететінін атап өтеді.

«Жазушы еңбегі және халық әдебиеті» тарауында бұған дейінгі тараулардың жалғасы болып табылатын әдеби шығармадағы халық әдебиеті үлгілерінің атқаратын қызметі туралы айтылған. Халық әдебиеті үлгілері әдеби шығармадағы образ сомдауда, тақырып және идея жасауда, тіл мен стиль құруда қолданылады. Себебі халық өмірінің шындығын тануда басты дерек көзінің бірі ретінде – халық әдебиеті саналатынын да автор атап өткен. Автор аталмыш тарауда да халық романдары мен өзге де шығармалардан нақты әрі дәлелді мысалдар келтіріп отырады. Халық әдебиетіндегі тарихи аңыздар мен жырлар көркем шығармада өмір шындығын суреттеудің амалы болса, кейбірінде шығарма идеясы мен жазушының ой-өзегіне айналады. Әсіресе ертедегі ауыз әдебиеті үлгілері бүгінгі тарихи романдарымыздың поэтикалық құндылығын арттырып отырған негізгі фактор екені даусыз. Халық әдебиетінің үлгілері қазіргі көркем шығармалардың мағыналық-құрылымдық жүйесінде түрлі формада өмір сүріп, жазушының көркемдік қиялының өмір шындығымен әсем үйлесімде жалғасуына әсер етіп келе жатқанын да байқаймыз.

Монографиядағы соңғы «Жазушы еңбегі және әдеби мұра» атты тоғызыншы тарауда автор бүгінгі әдеби шығармалардың мағыналық құрылымын түзіп, оқиғалар желісін құрап отырған тағы бір негіз – әдеби шығарма үлгілері туралы сөз қозғайды. Әдеби мұраны көркем шығармада қолдануда жазушы деректерді топтастырып, өзара алмастырып, оның терең сырлы өзегін ашуға тырысады. Әдеби мұра үлгілері нақты сол өткен дәуір оқиғаларын немесе қайраткерлерді сипаттап, шығарма тудыруда ғана емес, талатты жазушының жаңа сюжет пен кейіпкер тудыруында да орасан зор қызмет атқарады. Көркем шығармашылықта жазушының көркемдік қиялының мәні жоғары десек те, тарихи шығарма жасауда құрғақ қиял мен өмір шындығынан оқырманын баурайтын шедевр жасау мүмкін емес. Жазушы еңбегінің нәтижелі, ал шығарманың көркемдік деңгейінің жоғары, эстетикалық нәрі мол болуы үшін монографияның әр тарауында автор жеке-дара талдап, нақты мысалдармен негізге алған өнер туындысы, аударма әдебиет, көркемдік қиял, шығармашылық ой өзегі, өмір құбылыстарының тобы, тарих шындығы және халық мәдениеті, халық әдебиеті мен әдеби мұрасы шығармашылық еңбек үдерісінде өзек болатын негізгі факторлар екенін есте сақтаған жөн.

Өмір шындығынан көркем шындық жасауды күрделі үдеріс деп танысақ, сол шындық пен көркемдіктің мәнін жоғалтпай әдеби шығарма тудыру үшін теориялық әрі тәжірибелік білім алуға профессор Жанғара Дәдебаевтың осы «Жазушы еңбегі» монографиясын негізге алуға болады. Себебі көркем шығарма жасау тек қалам мен қиял негізінде жүзеге асатын құбылыс емес, жазушының ой өзегінің, шығармашылық дайындығының, білімінің де еншісіне тән күрделі еңбек.

Жазушы еңбегі туралы толық әрі құнды ақпаратты қамтыған бұл монография әдебиеттану саласындағы зерттеу жұмыстары мен оқулықтарды дайындауда, сондай-ақ шығармашылық еңбек үдерісінде талмай еңбек етіп жүрген қаламгерлер үшін пайдалы болмақ. Монография әдебиет сүйер қауымға, әдебиеттану саласындағы ғалымдар мен зерттеушілерге, оқытушыларға, ақын-жазушыларға, осы саладағы жоғары оқу орнының студенттеріне және жалпы шығармашыл қауымға арналған.

2. ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ ЖҮЙЕЛЕНГЕН ҚҰНДЫ ЕҢБЕК

Түрік дүниесінің дүлдүл тұлғалары / Жанғара Дәдебаев.

– Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 408 б.

«Түрік дүниесінің дүлдүл тұлғалары» – Түрік дүниесінің ілкі замандардан ХІХ ғасырға дейінгі көрнекті қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, шығармашылығы туралы профессор Жанғара Дәдебаевтың іргелі еңбегі. Түрік дүниесінің байырғы мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілдерінің өмірі мен шығармашылық мұрасы – бүгінгі таңда әлеуметтік мәні зор зерттеу нысандарының бірі.

Әдебиет пен әдеби шығармашылық еңбек, әдеби жанр жүйесі туралы сөз қозғағанда, осы салада зерттеу жүргізгенде, бүгінгі әдебиет үлгілері мен оған қойылатын талаптарды, қағидаларды, теориялық ұстанымдарды алға тарту арқылы айтарлықтай нәтижеге жете алмасымыз анық. Сондықтан әдебиетіміз бен әдеби жанрларымыздың қалыптасуы, әдеби жанрлық үлгілердің тууы, оның даму үдерісі туралы тарихи таным-түсінігімізді, білімімізді



қалыптастыруымыз маңызды. Бұл тұрғыда бізге профессор Жанғара Дәдебаевтың аталмыш ғылыми зерттеу еңбегі тұсбағдар болмақ. Автор көне түрік әдеби ескерткіштері негізінде жанр тұзуші факторлардың тұтастай жүйесін анықтаудың өзекті ғылыми мәселе екенін ескере отырып, әдеби шығарма пішінін, ондағы баяндау жүйесін құрайтын құбылыстарды, сондай-ақ мазмұнын түзетін факторларды негізге алу қажеттігін алға тартады.

Ғылыми еңбек үш бөлімді қамтиды. Бірінші бөлімде Түрік дүниесінің дүлдүлдері – мемлекет қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, шығармашылығы туралы тарихи ақпаратты қамти отырып, олардың әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына қосқан зор үлесі туралы баяндалады. Автор көне түрік жазба әдебиетінің алғашқы үлгілері Күлтегін мен Тоныкөк әдеби ескерткіштерінен байқалатын шығармашылық еңбек процесі, өмір шындығынан өнер туындысын жасаған жазушы еңбегінің сатылары туралы айтады. Түрік халқының арман-мұраты мен еркіндігін сипаттайтын бағалы ескерткіштің пайда болуы мен оның авторларының тарих тәріндегі орны көрсетілген. Иоллығ тегін мен Білге Тоныкөктің мемлекет қайраткерлері ретіндегі кемелгерлігі мен даналығы ескеріледі. Бұған дейін Күлтегін мен Тоныкөк ескерткіші мен ондағы жазуды тарихи ескерткіш немесе жазба әдебиеттің қалыптасуының бір көрінісі деп танысақ, ғылыми еңбектің бұл бөлімінен ескерткіштерде берілген ел тағдырының сипаты мен ғибратты шындықты, халықтық танымды байқаймыз. Бұл ескерткіштердің авторларының шығармашылық қиялы мен ойына, шындық құбылыстарды көмескілемей берудегі шығармашылық шеберлігіне тәнті боламыз. Әдебиетіміздегі берік тарихи ой мен ұстанымдардың негізі саналатын көне түрік жазба ескерткіштерін зерттеу кезінде оларды тудырушы авторлардың да әдеби еңбегін қарастырудың маңызы аса зор екеніне көз жеткіземіз.

Бұған дейінгі зерттеулерде есімі жиі атала бермейтін Ыстымы қағанның тарихи бейнесіне де осы еңбектің бірінші бөлімінде тап боламыз. Аттары қатар аталатын Бұмын мен Ыстымы қағандардың түрік халқының мемлекеттігі мен тарихи қалыптасуында атқарған еңбегі, хандық қызметтері туралы мәліметтер негізінде мысалдар, тарихи ақпараттар берілген. Ыстымы қағанның ел билеу ісіндегі даналығы және өзге халықтармен саяси қарым-қатынасы, соғыс жорықтары турасындағы деректі ақпараттар оның түрік дүниесіндегі қайраткерлік қызметін нық дәлелдеп берді. Зерттеуде «Күлтегін (Үлкен жазу)» ескерткішінде Бұмын мен Ыстымы қағанның әміршілік қызметтері мен туған халқының алдындағы беделі, сенімі, олар қаза болғаннан кейінгі дүйім түрік халқының қайғыдан қан жұтқаны айтылады. Ел билеген ханның әрі білге, әлі адал, сенімді болуы және халықтың оған деген нық сенімі мен ынтымағы ескерткіш авторының өз дәуірінің дүниетанымы негізінде сипатталады. Ыстымы қағанның өмірі мен қайраткерлігі еліміздің тарихындағы өлшеусіз ғабратты мұра екені даусыз.

Түрік дүниесінің қазыналы мекені, Сырдария өзенінің орта ағысындағы саяси орталық болған, мешіт пен медресе, сауда базарлары мен қонақүйлер, т.б. секілді қала құрылыстарымен ерекшеленген Отырар қаласының опат болуы тұсындағы оның әкімі әрі қорғаушысы Қайырханның көрсеткен теңдессіз ерлігі, Отан үшін жанын қиған қаһармандығы, Шыңғысхан әскеріне қарсы алты ай көз ілмей күрескен қайсарлығы оның

түрік дүниесінің дүлдүл қайраткері екенін сөзсіз растайды. Профессор Жанғара Дәдебаев бұл тақырыпқа нақты тарихи деректерді негіз етіп, жүйелі мәлімет берген.

XV ғасырда өмір сүрген II Мехмет сұлтанның белсенді әскери және мемлекеттік қайраткерлігі де өзге түрік дүлдүлдері қатарында аталып өтеді. Оның өз жерін қорғап, оны кеңейту мәселесіндегі, астанасын белгілеу, өзге елдермен саяси және шаруашылық-экономикалық қарым-қатынас орнатуындағы билеушілік рөлі сипатталады. II Мехмед сұлтан есімінің түрік халқының азаматтық және мемлекеттік тарихында саяси, әлеуметтік мәні зор екені даусыз.

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген қанатты сөз бәрімізге таныс болғанымен, Майқы бидің өмірі мен заманы, оған қатысты маңызды ақпараттарды, тарихи келбетін, өмірбаяны мен ел билігіндегі атқарған қызметтерін білмейтіміз рас. Аталмыш деректермен профессор Жанғара Дәдебаевтың осы зерттеу еңбегінен жүйелі таныса аламыз. Автор «Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір» атты әдеби ескерткіштің Майқы би туралы басты дереккөз екенін айта келіп, әр тарихи ақпаратқа нақты сілтеме береді, зерттеушілер мен тарихшылар еңбегінен мысалдар келтіреді. Бидің заманын нақты сипаттайтын тарихи аңыздар мен жырлар, шежірелер екенін де атап өтеді. Майқы бидің тарихи тұлғасының түрік дүниесі үшін маңыздылығын оның сөзі мен ісіндегі мағына мен мән жүйесі, ерекшеліктері арқылы сипаттайды. Сөзі бейнелі, байламы негізді, терең ойлы бидің адамшылық болмысы берік болғаны байқалады. Майқы би тұлғасының тарихи маңызы және оның ұрпақтарының қазақ хандығын құру, нығайту жолында жұмсаған орасан күші – тарих өзегіндегі аса құнды мәліметтер. Профессор бірінші бөлімнің келесі дүлдүлі Толыбай сыншы туралы мәліметтерді де тарихи деректерге сілтеме жасай отырып тұжырымдаған. Жәнібек хан тұсында ұлыс көсемі, хандықта құзыретті әмір қызметін атқарған Толыбай сыншы жазба деректерде Алтын Орда хандары Өзбек, Жәнібек, Бердібек тұсында ірі мемлекеттік лауазымдар атқарған тарихи тұлға ретінде сипатталады. Сондай-ақ Толыбай сыншының бірлігі мен сыншылығы туралы деректер халық әдебиетінде, халық жырлары мен аңыздарда сақталғаны дәйектеледі. Автор Толыбай сыншыны халық әдебиетіндегі аты аталмаған және алуан атпен аталып жүрген сыншылардың архетипі деп бағалайды. Қазақ халқының байырғы мәдениетінің қайраткері Толыбай сыншының әдебиет пен тарих сахнасында, түрлі дереккөздерде жиі аталуы – соның дәлелі.

Тарихи жырларда көрініс тапқан Едігенің қайраткерлік рөлі оның Тоқтамыс және Әмір Темірмен арасындағы қарым-қатынас туралы деректерден көрінеді. Автор Ш. Уәлихановтың зерттеулеріндегі Едіге жайлы жазылған деректерді мысалға алады. Бүгінге дейін Едіге туралы жыр молынан зерттеліп келсе, бұл еңбекте оның ғылыми өмірбаянын жүйелеуге басымдық берілген. Едігенің өмірі туралы деректер болғанымен, олардың жүйеленбеуі және арнайы пайымдалмауы оның тарихи тұлғасы туралы ақпаратты көлегейлеп тұрғаны анық. Автор бұл зерттеу жұмысында Едігенің өміріне қатысты ғылыми айналымдағы еңбектерді түгел дерлік қамтып, оның дүниеге келуі, өмірінің басы, ортасы және соңы туралы біртұтас, жүйелі мәлімет берген. Өз зерттеуінде тарихи құжаттар мен тарихи-әдеби шежірелерді, жылнамалар мен тарихи жырларды, тарихи аңыздар мен пайымдауларды пайдаланған. Едігенің ел билеу, әскери іс саласындағы жаңа қағидалары туралы, әділ билік пен шешім қабылдау шеберлігі, соғыс өнеріндегі білігі сипаттала келіп, оның өз өмір жолына берген өз монологу мысалға алынады. Алтын Орта тұсындағы халықтың тарихи-саяси ахуалы, билеушілер арасындағы өзара ынтымақ пен соғыс мәселесі сипатталады. Бұл зерттеу бізді Едігенің саяси тұлғасымен жақынырақ таныстырады.

Адамзат өмірінің мәні туралы ілімді зерттеп, терең игерген, адамгершілігі биік кемел тұлға Мұхамед Хайдар Дулати туралы зерттеуінде оның туындыларындағы шығармашылық мақсат пен шындық құбылыстардың берілу сипаты, тарих туралы еңбек жазудағы ұстанымдары мен идеялары, «Тарихи-и-Рашиди» еңбегінің мәні мен тарихи сипаты, әдеби-эстетикалық мәні баяндалады. Оның ғалым-зерттеуші, тарихшы, жазушы ретінде басшылыққа алған әдіснамалық қағидалары мен ерекшеліктері шығармашылық және өмірлік ұстанымдары тұрғысынан көрініс табады.

Көшім ханның уәзірі әрі бас кеңесшісі болған, Сібір хандығын жанқиярлықпен қорғаған ірі мемлекет қайраткері – Қадырғали бек туралы зерттеуінде профессор жылнамаларда сақталған тарихи деректерді негізге алып, мұндай тарихи деректер шындықтың көзі болып саналатынын айтады. Қадырғали бектің шығу тегінен бастап, өмірі мен атқарған қайраткерлік қызметтері, ел қорғау ісіндегі шеберлігі, Сібірді қорғау үшін қан мен тер төккен қолбасы болғандығы сипатталады. Профессор бүгінге дейін жеткен тарихи деректерді негізге алу тарихи шындыққа қол жеткізеді деп санайды. Осындай тарихи тұлғаларымыз туралы сақталған деректерге иланбаудың немесе оларды негізсіз бұрмалаудың, негізсіз болжам мен жорамалға жол берудің тарихи таным мен шындыққа қиянат екенін де айтып өткен. Мұндай мемлекет қайраткерлерінің өмірімен, шығармашылығымен танысып, шындық ақпаратты алу бүгінгі ұрпақ үшін мол қазына екені даусыз.

Айдынды Орақ туралы зерттеуінде профессор Ресей дереккөздеріндегі ақпаратқа сүйеніп, оның өмірі және ірі әскербасы ретінде атқарған қызметін баяндайды. Оның атасы ұлысбегі Орыс мырзаның билігі жайлы да деректі ақпарат береді. Орақ пен Оразмұхамед арасындағы байланыс, Ресей жеріндегі орын алған қақтығыстар мен соғыстар, Орақ батыр мен Оразмұхамедтің Ресей халқын аласапыран, ауыр кезең қыспағынан аман алып шыққаны айтылады. Кейінірек Ноғай ордасының бөлінуі, ноғайлы дәуірінде орын алған ұрыс-шабыстар, қырымдықтардың көрсеткен қыспағы мен жан сауғалаған ноғайлықтар, сол дәуірдің ауыр тарихи шындығы сипатталады.

Кітаптың екінші бөлімі түрік дүниесінің ғылым мен білім қайраткерлеріне арналған. Бұл бөлімнің алғашқы тұлғасы – екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби. Ғалымның ғылыми-шығармашылық өмірбаянын жасаудың аса маңызды, қиын іс екенін ескере отырып, бүгінге дейін сақталып келген, әртүрлі дереккөздердегі мәліметтерге мысал келтіреді. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің өмір жолында баға жетпес құнды зерттеулер мен шығармашылық ізденістерге барған. Сондықтан оның өмірін тарихи тұрғыда сипаттау – мәдени-әлеуметтік маңызы бар іс саналады. Профессор екінші ұстаздың өмір жолы және отбасы туралы жүйелі дерек беріп, оның алған тәлім-тәрбиесі, білімі, жазған ғылыми еңбектері мен туындылары туралы мол ақпаратты пайымдайды. Әл-Фарабидің ғалымдығынан бөлек күйшілік, сазгерлік өнері туралы айтылады. Бар өмірін білім мен ғылымға арнаған екінші ұстаз өзіне дейінгі философ, зерттеушілердің аттарының тарих сахнасында сақталуына да зор үлес қосқан.

Әл-Фарабиді ұлы ұстаз тұтқан Әбу Әли Ибн Сина түрлі ғылым салаларынан терең білім алған және дәрігер болған. Өзінің ғылыми ізденістері нәтижесінде зерттеу еңбектерін жазған. Әбу Әли Ибн Синаға арналған зерттеуінде профессор Жанғара Дәдебаев оның ғылыми еңбектері мен атқарған ірі ғылыми қызметімен қатар өмір жолын, ол өмір сүрген кезеңдегі тұлғалық қалыптасуына әсер еткен елдің әлеуметтік-тарихи жағдайын да сипаттайды. Дәрігерлік емшілік қасиеті дара Ибн Сина өзі өмірден өтерде білгенін шәкірттеріне үйреткен. Оның дәрігерлік жайында жазған ғылыми еңбегі әлі күнге дейін маңызын жоймаған. Тіпті Шығыс және Батыс халықтарының медицина саласындағы міндетті оқу құралына айналған болатын. Профессор Ибн Синаның араб, парсы тілдерін меңгергендігін және өлеңдері мен ғазал, дастандарының, қара сөзбен жазылған прозалық туындыларының болғандығын да назарға алады. Ғылыми шығармашылық қызметі мен өмір жолы тек түрік халықтары емес, күллі әлем халықтарында зор құрметке ие болған ғалым – адамзаттың философиялық ойының дамуына әсер еткен тарихи тұлға.

Көркем сөз өнерінің теориясын жасаған Шейх Ахмет Таразидің тарихи әрі ғылыми мұрамызға қосқан үлесі зор. Профессор Шейх Ахмет Тарази туралы тарихи деректерді беруде қазіргі заманның ғұлама ғалымы Шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің мұрасына жүгінеді. Шейх Ахмет Тарази күллі түрік халқының поэзиясында өлең құрылысының теориялық негізі болатын «Көркем сөз өнері» зерттеуі арқылы әдебиеттің дамуына ықпал еткен ғұлама. Өзіне дейінгі ғалымдардан ешкім тәуекел ете алмаған өлең өнерінің зерттелуін қолға алған ойшыл сөз өнері жолындағылардың нені білуге міндетті екенін және

неге мүдделі екенін анықтаған. Профессор Шейх Ахмет Таразидің шығармашылық мұрасын негізге ала отырып, оның сөз өнері жайлы еңбегінен нақты мысалдар береді.

Жұлдызы ерте сөнгенімен тарих сахнасында есімі жарқырап жанып тұрған Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмір жолы, жазып қалдырған еңбектері, ғылыми мұрасы – бүгінгі күннің ұрпағы үшін құнды мұра. Адами тұлғасы дара, табиғи дарыны ерекше Шоқан Уәлиханов халық ауыз әдебиеті мен әдет-ғұрпын, салт-санасын, дүниетанымын қағазға түсіріп, зерделей келе баға жетпес мұра жасап қалдырды. Түрік халықтары туралы жазбаларында ғалымның әр ұлттың дәстүрі мен әдетіне, өмір сүру сипатына баса назар аударып, олардың өткен тарихы мен рухани ескерткіштеріне ерекше құрметпен қарағанын байқаймыз. Профессор Жанғара Дәдебаев Шоқан Уәлихановтың туған халқының өзіне тән мінезін, әдет-ғұрпын ерекше бағалағанын айтады. Оның білімі халықты ағартуға жұмсалғанын деректі негізде баяндап, жеке тұлғалық қасиеттеріне, өз халқының әлеуметтік, саяси жағдайы үшін қам жегенін, ғалымдығымен қатар ұлтын сүйген шын жанашырлығын тарихи деректерге сүйеніп сипаттайды. Шоқанды халқымыздың мақтанышы һәм сүйікті перзенті деп бағалайды.

Кітаптың үшінші бөлімі «Даналық дарыған даналар» деп аталады. Автор бұл бөлімді скиф Анахарсистің шешендік толғамдары мен қанатты сөздеріне қатысты тарихи деректерден бастайды. Оның шыққан ортасы мен өмірін, ілкі заман авторларының Анахарсис даналығына баға беруін, бүгінгі Анахарсистану саласының жетістіктерін негізге алады. Анахарсистің скиф және эллин халықтары өмірі, салт-санасы мен әдет-ғұрпы, кәсібі туралы қалдырған шешендік сөздері мен толғаулары оның рухани мұрамызға сіңірген мол еңбегі деп бағаланады. Автор қазақ шешендік өнерінің қайнар бастауының арғы заманнан, яғни Анахарсистен нәр алатынын айтады. Бұл қазақ шешендік өнер тарихы үшін де ескерілуі керек дерек екеніне назар аударады. Анахарсис те бергі қазақ би-шешендеріндей сөз қадірін ой-пікірдің қадір-қасиетімен өлшегенін айтады. Профессор Анахарсистің шығармашылығы мен мұрасын деректі сипаттай отыра, ол туралы зерттеген ғалымдар еңбегіне, олардың сөздеріне сілтеме беріп отырады. Сол арқылы қазақ әдебиетінде, шешендік өнер саласын зерттеуде көп ескеріле бермейтін Анахарсис есімі мен оның мұрасын тереңдей зерттеу қажеттілігі туып отырғанын түсіндіреді.

Профессор Лұқман хакім туралы зерттеуінде оның даналығы мен өмірін, бүгінге дейін жеткен даналық сөздері мен білім іздеген жандар үшін игілікті болатын өсиеттерін, олардың дидактикалық мақсатын сипаттап жазған. Лұқман хакімнің өмірінің, айтқан даналық сөздерінің қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде бірнеше арна болып сақталғанын жүйелеп көрсетеді. Оның даналық сөздерімен қатар емшілік кітабы барын, оның тарихи әрі танымдық мәні зор мәліметтерден құралғанын да ескереді. Лұқман хакімнің өмірінде орын алған оқиғалар мен оның іс-әрекеті, айтқан сөздері туралы аңыздардан деректі мысалдар береді.

Профессор Жанғара Дәдебаев Дана Хикар туралы зерттеуінде ілкі замандарда Шығыста дүниеге келген «Дана Хикар сөзі» ескерткішін негізге алады. Дана Хикардың бай әрі мемлекеттік лауазым иесі болғандығы, өзінің жиені Натанды даналыққа, мемлекет ісіне баулуынан алғашқы даналық сөздері туғандығы айтылады. Дана Хикардың адам баласының асық болуы керек деп көрсеткен төрт нәрсесі: қайырымдылық пен шыншылдық, ар-ұят пен көркем сөз туралы айтылады. Дана Хикар туралы оқиғалардың тарихи деректерде кездесуі, Асан қайғы мен Хикардың даналығының тектес келуі, өмір шындығы негізінде туған даналық ойларының мәні, мағыналық реңкі талданып, сараланады.

Ерте заманда өмір сүрген, көп қырлы шығармашылық тұлға – Кетбұқаның өз елін жақсылыққа, ізгілік жолына үгіттеуі, халық даналығын насихаттауы әдебиетіміз бен тарихымызда оның қайраткерлік рөлін анықтап берді. Әкесіне Жошының өлімін күймен («Ақсақ құлан») жеткізуші, аты аңызға айналған Кетбұқа туралы деректерді аңыздар мен шежірелерден, ғылыми топшылаулардан алғанымызбен, оның сөз өнері мен саз өнерін, жыр-аңыз бен күй сазын үйлесімде беріп, өнер туындысын жасауы қазақ мәдениеті мен

өнеріндегі синкретті шығармашылық құбылысқа жататыны айтылады. Кетбұқаның тұлғалық сипаты оның осы өнер жолындағы даналығы мен даралығынан көрінеді.

Ақылға бай, сөзі өткір Жиренше шешен туралы зерттеуінде профессор бұған дейін шешен туралы зерттеген ғалымдардың дереккөздерін сараптап, оның өмірде болған тарихи тұлға екенін дәлелдейді. Жиренше шешен туралы айтылған ой-пікірлер мен ел аузынан жиналған деректердің баспасөз бетінде жариялануы, Жиреншенің қазақ шешендік өнерінің тарихындағы алатын аса елеулі орны, оның өз кезеңіндегі шешендік істері мен қазақ ауыз әдебиеті үлгілері сараланады. Жиреншенің шешендік сөздерінің пайда болу тарихы мен оның данышпандығы туралы баяндалады.

XI ғасырдағы түрік дүниесінің теңдесі жоқ ойшылы Жүсіп Баласағұнның ойшылдығы мен даналығы оның қалдырған мұраларынан көрініс табады. Профессор ғұламаның «Құтты білік» дастанының мәні мен мазмұнын өзекті ғылыми мәселе деп бағалайды. Әл-Фараби ілімінің негізін дамытқан бұл кітап – бүгінге дейін түрік дүниесі үшін теңдесі жоқ қазына. Кітапта дүние данышпандарының сөздері ғұламаның ақындық танымымен даналық ой жүйесін түзген. Профессор Жанғара Дәдебаев Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» құтты түсіне білудің және оны әр сала өкілдерінің қолдана білуінің өмірлік мәні зор екенін айтады. Себебі бұл даналық тілімен жазылған асыл сөздің мәні мен мағынасы деп баға береді автор.

Ұлы ғұлама Махмұт Қашқари туралы зерттеу мақаласында профессор оның «Диуани лұғат ат-түрк» атты ғылыми еңбегіне ғылыми жаңалығы тұрғысынан тең келер өзге зерттеу жоқ деп бағалайды. Оның шығу тегі мен өмір жолынан деректер береді, ғылым мен білім іздеудегі жүріп өткен жолын, ғылыми еңбегін жазудағы шығармашылық даралығын сипаттайды. Ғұламаның сөздігіндегі халық даналығынан туған қанатты сөздер мен нақыл сөздердің, мақал-мәтелдердің, жырлардың танымдық мәнін арнайы зерттеудің қазіргі әдебиет пен әдеби тіліміз үшін маңызы зор екенін пайымдайды. Махмұт Қашқари – адамшылық қасиеті биік, даналық болмысы дара ұлы қайраткер екені дәлелденеді.

Есімі әулиелер туралы аңыздарда кездесетін Хакім ата Сүлеймен Бақырғанидің шығармашылық мұрасы әділет пен әділдікті қорғау, қолдау мәнін артқан. Бұл зерттеуде Хакім атаның өмірі мен шығармашылығы туралы баяндалады, әрі Хакім ата атауының пайда болуы туралы деректер айтылады. Хакім атаның өміріндегі оқиғалар туралы аңыздан мәліметтер келтіріледі, оның шығармашылық мұрасының тақырыптық ерекшеліктері сараланып, тарамдығы анықталады. Профессор мақала соңында Хакім атаның өмірі мен шығармашылығы, тарихи мұрасы жөніндегі ақпараттардың жүйелі жинақталып, жарық көрмеуі – қазақ әдебиеті тарихының үлкен кемшілігі екенін ескертеді.

Тараз өлкесінің атақты тарихшысы – Жамал Қарши туралы зерттеу мақаласында оның өмірі мен еңбектері, шығармашылығы жайлы деректер қамтылған. Тарихшының еңбектеріндегі өзіндік тілдік және мәдени ерекшеліктері бірден аңғарылады. Мақалада Жамал Қарши туралы зерттеген ғалымдардың пікірлері мен пайымдары назарға алынады. Жамал Қаршидың сөз өнеріне және оның маңызды теориялық ұғымдарына берген сипаттамалары талданады. Профессор Жамал Қаршидың тарихи-географиялық сипаттағы еңбектері мен мәліметтерінің маңыздылығы мен теориялық пайымдауларының мәнділігін ескере отырып, тарихи сипатын баяндайды. Әлкей Марғұланның сөзімен Жамал Қаршидың ұлы ғалымдар мен тарихшылар қатарында аты шыққан ұлы саңлақ екеніне дәлел келтіреді.

